

ҰЛТСЫЗДАНУ ҰРАНЫ

Зарлы толғау

2004

ӘУЕЛГІ СӨЗ

“Қалың елім, қазағым, қайран жұртым!..” – деп күңіренген еді Абай бұдан бір ғасырдан астам бұрын. Кері кеткен Шығыстың өткенін, ілгері басқан Батыстың бүгінін таныған, өктем империялардың отаршылдық саясатының түп тамыры мен болашақ бағдарын анық андаған кемеңгер ойшыл заманның сұрынан шошынып, әрі жаңа низам әкелген жолсыз сұмдық, жұрттың азып-тозу үрдісін көре отырып, туған ұлтының келешек тағдырына күмәнмен қарайды, еркіндіктен айрылдың, басқаның ырқына көштің, енді қайтадан оңалуың неғайбыл дейді. Жаңа дәуірдің ғылым-білімін игермесе де, халқының мың жылдық даналығын бойына сіңірген Дулат пен Мұрат жүрекпен сезіп, көзбен көргенінен біржола түніліп, болашақтан күдер үзеді. Ал Шортанбай: “Су түбіне кеттің, жұрт, – Тал табылмас қармарға!” – деген катал үкім айтады. Бұдан бұрын Махамбет: “Бұл қонысқа қондырған, – Ата-бабам оңбасын, – Таңда, сират басында!..” – деген болатын. Замана кейпі осындай ауыр ахуалға жеткізіпті.

Бірақ ұлы Шоқаннан басталған тағы бір үрдіс бар еді. Ыбырай Алтынсарин кең өріске шығаруға тырысқан, Абайдың өзі де қадарынша ат салысқан, одан бұрын және кейін, әрқилы есеппен болса да, ұлттың бетке шығар тұлғалары – іргелі бір ұлысты ұстаған Жәңгір хан, аздықөпті билігі бар ежелгі хан, сұлтандар әулеті, қарадан шыққан Құнанбай қатарлы жуандар бет бұрған жаңа серпін – орыстың оқуын, білімін игеру, мансап, шенге жету арқылы отаршыл жұртпен теңдік дағуасына ұмтылу, тұтас ұлттың болмаса да, жеке бір топтардың, жеке бір әулеттің тіршіліктің кеңейту талабы. Баймағамбет сұлтан сияқты бірлі-жарым қарабет сатқындар, төменгі таптан, кездейсоқ шыққан, жеке басын күйттеген ұсақ тілмаш, жәреуке жандайшаптар болды, бірақ орысша оқыған қазақтардың алғашқы тобы – тіпті, ел ішіндегі отаршылдыққа қарсы бүлік атаулыны тоқтатуға тырысқан, бұл жолда қан төгуге дейін барған, ақыры осы қиғаш жүрісі басын жойған Ахмет Жантөрин сияқты тұлғалардың өзі ұлтын жаңа заман, жаңа жағдайға бейімдеп, зорлық, зомбылықтан қорғаштап, қаншама пайдалы қызымет атқарғанын көреміз. Жәңгір хан тағдыры тіпті өзгеше тартылды. Оң ниеті теріске бұрылып, ақыр түбі отаршылдық жүйе қыспағы мен туған жұрты – әлі кеудесі басылмаған, ашынған халық арасында, шарасыз жағдайда қалған бейбақ хан елінің қажетіне жараған қаншама ағартушылық, шаруашылық,

әкімшілік игі істердің ұйтқысы болды. Патша қызыметінде жүрген Мұхамед-Салық Бабажанов, Сұлтан-Ғазы Абылайханов, кейінгі Ғұбайдолла Шыңғысхан және аты белгілі, белгісіз ондаған алаш азаматтары мансап, шен ғана қуған жоқ, қадарынша туған халқына қызымет етуге, елінің мұқтажын өтеуге тырысты. Әлбетте, бұл қатардағы қазақтан шыққан ең ұлы тұлға – Шоқан. Отарлық өкіметке, орыс халқының ұлы перзенттеріне туған халқын танытып қана қойған жоқ, өзгеше жағдай, замана қалпынан туындаған ұлттық идея – кіріптарлық шеңгеліндегі жұртының қайта жаңғыру бағдарын да нұсқады. Бір жағы Қоқан иелігіне көшкен, бір жағы Қытай үлесіне кесілген қазақ халқының тұтастығы үшін күресті, керек десеніз, күш кеткен, шарасыз жағдайда Орталық Азияны мекендеген барлық түрік қауымының іргесі ажырамай, бір қолға қарауы қажет деп білді. Өз қаны, өз нәсілі үшін. Заманның бір қалыпта тұрмасын, еуропалық ғылым-білімге жетілген халық ертең өз жолын табарын Шоқан жақсы білген.

Жәңгір хан мен Ыбырайды туыстырған, Шоқан мен Абайды табыстырған, Махамбет пен Шортанбайды зар тұңғиығына батырған – жалғыз-ақ мұрат – ұлттық мүдде, болашақ ұрпақ қамы болатын. Алаш ортасынан бой көтеріп шыққан әрбір азамат өзін ұлт тағдыры үшін жауапкер сезінді. Ал басынан билігі кеткен, отаршылдық құрдымына қарай тартылып бара жатқан ел мүлде дәрменсіз емес еді. Ең бастысы – халық ата жұртта, өз орнында отырған. Дәстүр-салтынан, иманынан, тілінен айрылмаған. Санасы тұнық, зердесі ашық. Бар дарыны басында. “Жаратушы бойына осыншама қабылет дарытқан халық цивилизациядан қақас қалмақ емес; көшпенді тірлік кешкен номад қазір өзіне қомсына қарайтын халықтар арасындағы құрметті орнын иеленер күн де туар...” – деп жазған еді Адам Мицкевичтің досы, айдаудағы поляк зиялысы Адольф Янушкевич. Иә. Ерте ме, кеш пе. Алдыңғы қатарлы саналатын Еуропа халықтарымен терезесі тең жағдайға, азат күн, тәуелсіз ұлысқа қол жеткізері күмәнсіз. Бар мәселе батыс жиһанкездері мен білімдар оқымыстылары таңырқаған зерде мен зейін, қабылетте ғана тұрмаған. Қарасыны көп еді бұл жұрттың. “Қазақтардың есебіне жету үшін даладағы құмды санау керек”, – дейді мажар саяхатшысы, атақты Вамбери. Осыншама ұлан-байтақ қонысты иеленіп отырған қазақ қисапсыз көп көрінген. Қисапсыз емес еді, бірақ жалпы саны жағынан алғанда, Орталық Азияны мекендеп отырған туыстас халықтардың қай-қайсысынан да әлдеқайда артық және сол замандағы әлемдік деңгей тұрғысынан қарасақ, жер бетіндегі саны ең көп деген отыз-қырық халықтың қатарына жатар еді. Жетіспей тұрған – бір-ақ нәрсе – еуропалық алдыңғы қатарлы ғылым-білім болатын. Қолға түспес сиқыр емес, уақыт оза келе игілікке айналар қажетті кілтипан ғана.

“Орыстың тілін біл! Сол арқылы дүниені таны! Теңдікке жет! Жаңа жол тап! Оқы! Оқы!” – XIX ғасырдың соңына қарай жалпақ жұрттың буынына түскен негізгі ұран, басты бағдарлама – осындай еді.

Жаңа ықылым келді. Тілек күшті, үміт зор еді.

XX ғасырдың басына, әлемдік әуелгі қырғын басталған алмағайып жылдарға қазақ жұрты біршама жақсы дайындықпен жеткенін көреміз. Қай тұрғыдан алғанда да, туыстас, тағдырлас өзбек, қырғыз, түркімен, тәжіктен көш ілгері. Ұлттық сана, саяси белсенділік, – ұйқыда, құлдықта жатқан қара құрылықты айтпағанда, отарлық түнегіндегі Азия халықтарының қай-қайсынан да өлшеусіз жоғары болды. Әлихан Бөкейханов бастаған, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатовтар тұғырын ұстаған ұлттық ояну бағдары – қазақ қоғамында жетекші орынға шықты. Келесі кезекте – ұлттық дербестік мәселесі күн тәртібіне қойылды. Ұлттың үдере өркендеу бағдарламасы жасалды. Алаш қайраткерлері, егер қолайлы тарихи жағдай туса, қазақ халқы, сонау Шығыстағы жапон жұрты сияқты, қоғамның жаңғыруы, оқу, ғылым-білімге жетігу арқылы айналасы отыз-қырық жыл орайында мүлде жаңарып, Батыс елдерімен теңдей жағдайға жетеді деп білді, құрғақ қиял емес, жүзеге асар нақты болмыс ретінде алға тартты. Туған халқымыз еркін елде, азат қоныста өз тарихының жаңа бір кезеңін бастайды деп сенді.

Шынында да. Отарлық тәртіп тұрғанда отыз жылда оңалып кетпес, бірақ асса, арада қырық-елу жыл өтпей, әлемнің әр тарабы – Африка мен Азиядағы ағылшын, француз, неміс, голланд, португал отарлары сияқты, қазақ елі де тәуелсіздік алуға тиіс еді. Қыркыншы жылдардың соңы болмаса да, елуінші жылдардың ішінде. Ұлан-байтақ жерімен, кемі жиырма бес миллион таза қазақ халқымен!..

Бірақ тағдыр басқаша шешті. Әлемдік соғыс, қым-қуыт төңкеріс нәтижесінде ыдырап тозған Ресей империясы большевиктер жүзеге асырған қарымта жорықтар нәтижесінде біз тарапта әуелгі қалыбын тапты. Балшабектік реформалар басталды. Шынында да, айналасы отыз-қырық жыл ішінде халықтың жаппай сауаттылыққа жетуі, ғылым-білімді игеруі, ұлттың біржола жаңғыруы мүмкін екен. Жеттік, игердік. Және жаңғырдық. Тек... мүлде басқа тұрғыда. Еселеп өсуге тиіс халық жаппай қырылды, балшабектік қатал геноцид нәтижесінде өзінің ғасырдың басындағы – жиырмасыншы жылғы межесіне арада алпыс жыл өткен соң әрең ілінді. Ешқашан орны толмас қазаға ұшыраппыз. Отаршылдық топаны қалай төгілсе де, өз жерінде жалпы жұрттың басым көпшілігін құрап, лықа толып отыратын байырғы жұрт дәрменсіз азшылыққа айналды, “тың көтеру” аталатын, отарлаудың кезекті қуатты толқыны тұсында республика халқының үштен біріне де жетпей қалды.

Тек бұл ғана емес. Совет өкіметінің алғашқы күндерінен бастап-ақ алаштың ұлттық санасы жүйелі, қатал әрі тынымсыз қудалауға ұшырады. Ұлт мүддесіне қатысты ой-пікір атаулы шектелді, ұлттың ұлағатты ұлдары әуелде жаппай қуғынға ұшырап, көп ұзамай, түгелдей айдауға кесілді, түрмеде шіріді, атылды. Және бұл жағдай жалпылық сыпат алып, қазақ халқының сүт бетіндегі қаймағы – зерделі, саналы, оқыған, иманды, ұлтшыл бөлігі, ең жоғарғы деңгейдегі көсемдерінен бастап, қатардағы ауыл мұғаліміне дейінгі аралықта түп-тамырымен жер бетінен аласталды. Оқымаса да көкірегі ашық, намысы бар, ақылды, қажыр-қайратты

қарапайым жұрт – дәулетті байынан қатардағы қара шаруасына дейін – олар тағы қуғын-сүргінге ұшырады, қорлыққа жегілді, өлімге кесілді. Нәтижесінде, онсыз да тозған, тең жартысынан астамы, бәлкім, үштен екісі қырылған, барынан түгел айрылған, ұлттық есімінен басқа ештеңесі қалмаған қазақ халқының сонау ғұн, сақ, ежелгі түрік, Алтын Орда, Қазақ Ордасы заманынан бері, екі мың, үш мың жыл бойы қалыптасқан болат жетесі – ұлттық генофонды бұрынғы-соңғы тарихта ешбір жұрттың басына түспеген ғаламат апатқа ұшырады. Ұлттың өзіндік мені ұмытылған, ар-өжданы тапалып, өткен тарихы өзіне жау деп жарияланған, жалпақ жұрт қана емес, басшы топ, зиялы қауымның өзі тек физиологиялық тіршілік қамымен ғана күн кешкен түнек заман туды. Толық үш мүшел – Алаш ардагерлері: Әлекең, Ахаң, Жақаң, Мағжандар, біз әлі бағасын танымай жатқан басқа да ондаған саясаткерлер, атылғаны атылып, қалғаны түрмеге жабылып, айдауға кесілген, қапастан аман шыққандарының өзінің аяғы тұсалып, аузы байланған 29-жылдан – қазақтың жаңа бір, жас буыны өсіп жетіп, сөзге, іске араласа бастаған 60-жылдардың орта шеніне дейін созылса керек.

Шамасы 1965 жылдан бастап, қазақ руханиятында тура ширек ғасырға созылған соны серпіліс басталды. Орта ғасырлардағы әдеби мұра қайтадан ашылып, зерттеліп, тиісінше бағаланып, ұлттық танымға, рухани өмірге кең тыныс әкелді. Өткендегі мәдениет тарихы басқаша байыпталып, ежелгі саз аспаптары қайта жаңғырды, дәстүрлі қолданбалы өнер өз орнын тапты. Халқымыздың азаматтық тарихы жаңаша байыпталып, ежелгі дәуірден күні бүгінге дейінгі кезең ұлттық мұрат тұрғысынан бағаланған, зерделі, көркем, кең құлашты тарихи романдар дүниеге келді. Тек әдебиет, мәдениет қана емес, таным-білімнің, қоғамдық өмірдің барлық саласында қазақ әуені, ұлттық болмыс көрініс берді, ұлттық ғылым, ұлттық интеллигенция қалыптасты. Болашақ маман, білімдар, қайраткер ұрпақтың ұстаханасы – жетекші жоғарғы оқу орындары қазақтардың қолына көшті. Қырық жылдық қиындықтан соң тұрмыс-жағдайы да оңала бастаған жалпақ жұртымыздың ұлттық, отаншылдық санасы да айқындала түсті. Иә, төбеден тажал басып отыр, жердегі өріс тағы шектеулі, бұғау тарылып, тұсау қысқара түскен, бірақ халқымыздың көкірегі ашық еді, келешек күндерден үміті мол еді. Санасы ғана емес, саны да үрдіс өсу кезеңіне көшкен. Қайран қазақ халқы өзінің басындағы барынан айрылған, қырылған, жойылған, тапалған, қорланған, шегін шұбатып қайта тұрған, жарасын жазып, жоғының орнын толтыруға қадам басқан XX ғасырдың 90-жылы екен.

Мың жыл, бес-алты жүз жыл болмаса да, жүз, жүз елу жыл тұруға тиісті қандықол, жыртқыш, қуатты империя... іштегі бар кеселі сыртқа тебіндеп, шылпара ыдырады. Әуелі Балтық бойы, содан соң Украина, ең ақырында өзбек, қырғызға дейін өздерінің ұлттық, дәрбес мемлекетін жариялады. Ақыры кешегі империя егесі, халықтар түрмесі Россия да өзін тәуелсіз деп таныды. Сірә, бауыр-балағына жармасып, айрылмай қойған Қазақстаннан. Бұл кезде басқаның бәрі кетіп қалған. Яғни, Ресей бізден бөлініп шықты. Енді амал жоқ, артқы түйенің жүгі бірден жеңілейіп,

егемен ел болып шыға бердік! Міне, алақай! Аруақ! Ақсарбас! Қазақ Ордасы құлағаннан соң жүз қырық төрт жыл дегенде ұлысымыздың туы қайта көтеріліпті. Адасып емес, таңдап тауып, бақ қонған деген осы емес пе!

Содан бері он үш жыл. Жеткен жетістігіміз ұлан-ғайыр деседі. Ықтимал. Қарыштаған даму жолына түсіппіз. Мүмкін. Өкімет пен партияға, яғни басшыларға да, қосшыларға да күмән жоқ. Біз арғы жақта, тым жоғарыда не болып жатқанын біле бермейміз. Сірә, тауықсоқырмыз. Көргенімізді ғана мойындаймыз. Ал осы, көріп отырғанымыз... ешқандай қуанышқа жол қалдырмайды. Керісінше. Міне, қараңыз.

Қазақтың қара жұрты – ұлттық болмыстың терең тамыры, күшпен колхоздастыру кезінде қирап барып, қаншама қиындықтан соң әрен оңалған, жаңа тұрпат, жаңа сыпатқа ие болған қазақ ауылы біржола талқандалып, ыдырап, күйзеліп, мүлде тозып бітті. Ауылдағы қазақ жұрты баяғы, аңыз-тарихтағы ақтабан-шұбырындыдан екі жүз жетпіс жылдан кейін, советтік геноцид – ғаламат ашаршылықтан алпыс жылдан соң, жау қумай, мал-басы талауға түспей-ақ жаппай жұмыссыздық, төтенше таршылық жағдайда тақау маңдағы қалаларға шұбырды. Бұл көктабан-шұбырынды уақытша жан сақтағанымен, баянды тіршілікке негіз бола алмай тұр...

Ұлттың ұйтқысы, ақыл-ойы мен намыс-парасатының нақты айғағы болып есептелетін, өзінің жекелеген көріністері арқылы әлемдік деңгейге жеткен ғылыми және шығармашылық қауым – ең бірінші кезекте құрбанға шалынды. Ұлтының қамын жеуге, халқының арман-мұратын әйгілеуге, бүкіл іргелі елдің мүддесін қорғап, қаптай төнген қатер қаупіне қарсы күресуге тиіс зиялы қауым әуелде күнкөріс қамымен мәңгіріп кетсе, уақыт оза келе мүлде дәрменсіз кепке жетті. Ғылым тоқырады, әдебиет дағдарысқа түсті. Тек атақ-дәрежелі элита ғана емес, ауыл мұғалімінен қала дәрігеріне дейінгі аралықтағы бүкіл интеллигенция тұрмыс таршылығына ұшырады.

Қазақтың ұлан-байтақ қонысы – неше мың жыл бойы ата-бабаларымыз жаннан кешіп, қисапсыз қан төгіп қорғаған, ұрпағына мирас қалдырған қасиетті жеріміз, міне, шын еркіндікке жеттік деп отырған бейбіт күнде, сырттан жау шаппай, алапат майданда қолдан кетпей, ел-аман, жұрт тынышта, көз алдымызда талапайға түсті. Жалмауыз болса да, жебір болса да қазақ алса жөн, бұрыннан орныққан келімсек пе, әлейім-тәлейімде барымызды тонап байлыққа жеткен жаңа отаршыл ма, тіпті, қолжаулық тұлғалар арқылы керегін түгел ойып алған шет елдік алпауыт па – кім болса да, бүгінгі біз ғана емес, мың жылдық болашақ әулетіміз игілігін көруге тиіс ежелгі құтты жұртымыз осындай ақырзаман тажалдарының көмейіне кетіп бара жатыр.

Жердің үсті бөліске түспес бұрын астындағы қазына таланған. Қандай есеппен, қандай себеппен екенін біліп болмайды, алтыныңыз бен мұнайыңыз да, мысыңыз бен көміріңіз де – қазаққа ғана тиесілі қисапсыз қазынаңыз түгел, ең аяғы ішіп отырған суыңыз бен жағып отырған жарығыңызға дейін – бәр-бәрі шет елдіктердің үлесіне бөлінген.

Тізе берсеңіз, санап біте алмайсыз.

Бүгінгі қазақтың басындағы ахуал осындай болғанда, келер ұрпағымыздың, келер ұрпағыңыз не, бауырымыздан жаңа ғана шыққан, еркін ел, өз жерінде үлкен өмірге аяқ басуға тиіс бүгінгі балаларымыздың өмірі не болмақ? Көк тұман емес – қара түтін, азап емес – тозақ. Өткен үш мың жылдық тарихымызда ұрынбаған осындай сұмдыққа жетіппіз.

Аяқ астынан тәуелсіздік алған жалғыз біз емес. Бұрынғы бүкіл советтік кеңістікте, тіпті, социалистік тәртіп шеңберінде барлық ел қиындыққа ұшырады. Күйзелді, тарықты. Әлі күнге тығырықтан шыға алмай отырғандары бар. Тұрмысы ауыр, жағдайы күрделі. Мәселен, өзімізбен көршілес Өзбекстан. Әрірек болғанымен, ол да көрші, ол да қандас туыс Түркменстан. Іргедегі Қырғызстан. Ал біздің тұрмысымыз түзеліп келе жатыр деседі. Ауылдағы жұрт та есін жия бастаған. Ғылым төңірегіндегі ағайындар басқа кәсіпке көшіп, жазарман қауым әрқилы деңгейдегі әкімдерді мадақтап, күнкөрістің жаңа бір көздерін тапқан. Ұлдарымыз Сейфуллин көшесінен, қыздарымыз Саин көшесінен нәпақа іздеп жүр. Әрқилы сыпаттағы сауданың да ебін үйреніп қалдық. Әркім өзінің қолында бар тауарын кәдеге жаратады. Ешкімге кінә қоя алмайсың. Бәрі жөн. Қайткенде де Өзбек пен Түркменнен озықпыз. Бірақ... біз “әлі күнге шын нарыққа көше алмай жатыр” деп менсінбейтін Өзбекстанда, “жеке адамға табынады” деп күлетін Түркменстанда... жердің үсті – талапайға, асты – талауға түскен жоқ. Яғни, уақыт озады, жара жазылады, кемтік толады, бар байлығы өз халқының кәдесіне жаратылады. Қалай десеңіз де, уақытша қиындық. Ал біз... тілеуіміз түгесіліп, болашағымыз біржола кесілді ме деп қорқам. Іләйім, олай болмай-ақ қойсын. Болмайды. Арыда ақтабан-шұбырындыдан өткен, беріде ақсүйек ашаршылықтан өткен, еңкейсе де ешқашан жығылмаған, иіліп барып қайтадан бой жазған қажырлы халқымыз, қаһарман халқымыз ерте ме, кеш пе, өз жеріне өзі ие болып, өз елінде өзі билік құрып, бар мұратына жетер-ақ. Тілеп қана қоймайық, нық сенейік.

Бірақ... бүгінгі ахуалды байыптамасақ, осы қалпымыздан озбаймыз, қайта, күн озған сайын кері кете бермекпіз.

Бүгінгі ахуал... Неге осындай болдық? Кім кінәлі?

Әдетте, халық демей-ақ қояйық, әлсіз кісі бар кінәні басқадан іздейді. Және оп-оңай табады. Әрине, отаршылдық зардабы. Әуелде патшалық, кейін советтік аталған Ресей империясы зорлықпен өз тәртібін орнатты, бар сөлімізді сығып алды, бойымызды өсірмеді, санамызды улады. Ол рас. Рас болса, отаршыл жүйе тек өзіне лайық кісілерді ғана мансапқа жеткізді. Аңдаусызда көтеріліп кеткен саналыларды шетке шығарып, адал қызмет жасағандарды көтермелеп отырды. Бір адам емес, жүздеген, мыңдаған кісіні. Бұл да жөн екен дейік. Ендеше, дүлей әрі топас империя аяқ астынан шылпара ыдырағанда, өкімет басына кімдер жетуі керек еді? Әрине, дәл сол сәтте ат үстінде отырғандар!

Тәуелсіздік түсіне де кірмеген, ұлттық санасы мүлде жоқ, немесе бұлдыр, үйіндегі баласымен жат тілде сөйлесетін, жоғарыдан түскен партиялық нұсқаумен ғана күн кешкен, көбіне-көп қандастарын кеміту,

халқын сатумен мансапқа жеткен, жетекші тәртіптің жандайшабы болған, ішіп-жемнен басқаны ойламаған партиялық номенклатура адамзат тарихындағы ешбір төңкерісте, жаулау соғыстарында болып көрмеген ұтысқа шығып, бар билікті, бар байлықты басып қалды. Міне, кеселдің үлкені қайдан өрбіді десеңіз!

Жоқ! Бұл – жартылай ғана шындық. Украинада да, ішінара Балтық бойында да әуелгі билікке партноменклатура жеткен. Балтық та советтер езгісін көрген, ал Украина... біз айтып жүрген жүз елу, жұрт айтып жүрген екі жүз алпыс емес, тура үш жүз елу жыл бойы Ресей құрамында болған. Қайткенде де бізбен тағдыры ұқсас. Ал жеке бір тұлғаға келсек, біздің Кісі солардың бәрінен ақылды, солардың бәрінен де саясаткер деседі. Аналар келесі сайлаудан озбай, ұшып түсті, біз әлі бұрынғы орнымызда отырмыз. Және одан бері қанша заман, әуелгі партноменклатурадан кім қалыпты. Біреу, екеу, бесеу... Қазір түгелге жуық жаңа. Тек халқыңыз ғана бұрынғы орнында. Ендеше... ең үлкен кінәні өзімізден іздейік. Әділі осы.

Енді өткенді еске алып көріңіз. Тәуелсіздік күніне, дәлірек айтсақ, Орыс-совет империясының тоқырау, ыдырау кезеңіне біз қандай кепте, басқалар, Украинаны, Литваны айтпай-ақ қояйық, халқының қырық-ақ пайызын байырғы ұлт құрайтын Латвия қалай жетті? Азаттықты аңсап жетті. Не өлеміз, не кетеміз десті. Саяси партия, ұлттық қозғалысты айтпағанда, елдегі халықтың қырық-ақ пайызын құрап отырған латыш жұрты келешек тәуелсіздік жолына басын байлады. Азат, еркін ел – ұлттың ұранына айналды. Нәтижесінде, тәуелсіздік күні бұрынғы партноменклатура аласталып, сол тәуелсіздік үшін күрескен қайраткерлердің жаңа бір тобы билік алды. Қашанда солай болған. 40-50-жылдарда азаттық алған Азия мен Африка елдерінде туған халқының бостандығы үшін ұзақ жылдар бойы күрескен, сол жолға басын тіккен партиялар мен қайраткерлер өкімге жеткені белгілі. Бұл ретте Сукарно мен Неру сияқты ұлы тұлғаларды еске түсірудің өзі бір ғанибет.

Әлбетте, ғасырдың бас кезінде бізде де дәл осыған ұқсас жағдай болған. Алаш қозғалысын, оның Әлихан Бөкейхан бастаған көсемдерін айтып отырмыз. Бұдан соңғы кезеңде советтік қызыл фашизм ешқандай ашық іс-әрекетке жол қалдырмаған. Дүние біршама кеңіген 60-80-жылдардың өзінде отаршыл империяның ерекше аймағы Қазақстанда басқа тараппен салыстырғанда мүлде өзгеше, айрықша қатаң жағдай қалыптасып еді. Соның өзінде елдік мүдде ұмытылған жоқ. Анығын айтсақ, ең ауыр жылдарда өзінің басын бәйгеге тігіп, туған жұртының тұтастығын сақтап қалған Жұмабек Тәшенев сияқты біртуар қайраткер Қапқаздан, немесе Украина, Балтықтан емес, тек қазақ ортасынан ғана шықты. Одан бұрынғы Жұмабай Шаяхметовтың ұлтының қайта көтерілуі жолындағы қызыметі айрықша болды. Соңғы дәуірдегі Дінмұхамед Қонаевтың ұлағатты істері де көпке мәлім. Бірақ тоталитарлық система өз өкімін жүргізіп, өз жолынан аудармай отырған. Яғни, қандай да болса жеке бір қайраткер – кілтипан, тетік қана. Кейінгі, тәуелсіздік кезеңі туралы да осыны айтуға болады. Тек бұл жолғы жағдай өзгешерек.

Шешуші күш – халықтың өзі. Халқы қандай болса, өкіметі де сондай дейтін нақыл бар. Дәлірек айтсақ, “Әрбір халық өзінің өкіметіне лайық!” Лайық емес өкіметті халық тәубасына түсіріп, тіпті, тақтан тайдырып отырған. Арғы тарихта да, бергі тарихта да. Өткендегі мысал – Еуропа жұртының Ағылшын, Француз, Орыс революциялары, қазақтағы Тайыр ханның тағдыры. Бүгінгі ең соңғы сабақ – Ирактағы басқыншылық соғысқа қарсы ниеттегі испан жұртының демократиялық, әділ сайлау арқылы бір-ақ күнде өз өкіметін өзгертуі. Әрине, біздегі жағдай басқаша. Бірақ тым таршылықта да отырғамыз жоқ. “Албасты қабаққа қарап басады” деген қазақ. Алдағы уақытта қандай болмағы сол қазақтың өзіне ғана байланысты. Бүгінгі ахуал да осы өзіміз тудырған, өзіміз қалыптастырған жағдайдың нәтижесі. Тәуелсіздік келген күннен бастап, өз мүддесін, ұлт мүддесін қорғай алмаған әлжуаз қазақы рухтың кінәсі. Бар жаланы басқаға жаба бермей, ең алдымен өз төңірегімізді түгендеп алайық. Яғни, біздің бұл жолғы кеңесіміз – өкімет туралы, экономика мен саясат туралы емес. Сыртқы жағдай, империялар өктемдігі, отаршылдықтың жаңа кезең, жаңа тәсілдері туралы да емес. Ұлттық рух, нақтылап айтсақ, бүгінгі қазақ қоғамының ұлтсыздық мүсәпір кейпі туралы ғана.

ҰЛТТЫҚ РУХТЫҢ ҰСТЫН-ТІРЕГІ ҺӘМ ЖАРШЫЛАРЫ

Ұлттық рухтың ұстын-тірегі, қайнар көзі және күш-қуаты – сол халықтың өзі. Ал сыртқы көрінісі – жоғарғы билік. Арғы, көне тарихты айтпағанда, бергі қазақтағы Қасым хан, Тәуекел хан, Есім хан, Салқам Жәңгір, Абылай хандар – дара туған ұлы тұлғалар ғана емес, өз тұсындағы қазақ халқының ұлттық рухының айқын көріністері болатын. Яғни, халқы қандай болса, хандары да сондай еді. Және керісінше. Елін сүйген, жерін сүйген, ақылға кеніш, ерлікке кемел тұлғалар өз жұртын да жаңа биікке көтерді. Ұлысының іргесін нығайтты, сыртқы жаулардың бетін қайырып, ұрпағының өрісін кеңейтті. Бар ісі ұлтының игілігіне жұмсалды. Және өшпес үлгі тастады. Ең жоғарғы билік. Әлбетте, өз билігі өзінде тұрған тәуелсіз елде ғана мүмкін болған жағдай. Бір қазақта емес, бүкіл әлем халықтарының тарихында.

Қазақ Ордасы ыдырады. Кейбір ұлыста хан, барлық руда би қалды. Бірақ елдің ұлттық тұтастығы, рухани бірлігі жойылмады. Ел ішінде, белгілі бір аймақта бар өкім өзіне көшкен жаңа әміршілердің барлығы дерлік ата жолын ұстанды, қарауындағы халқына қадарынша жақсылық жасауға, ұлысын, руын қатерлі өткелден аман алып шығуға, басындағы барын сақтауға тырысты, жаңа жағдайда жаңа саясатқа жетікті. Басқа бір заманда туса, ұлтының ұлы тұлғасы болуға лайық Арынғазы хан, өкімге жетер-жетпес жағдайда артына жақсы атын қалдырған Ғұбайдолла хан, тіпті, Ресей патшалығы тарапынан сайланып, бекітілген Жәңгір ханның өзі замана орайымен, қадарынша, туған жұртына қызымет етті. Олардан арғы, бергі кезеңде жасаған, тумысымен емес, болмысымен ортасынан

озып, жекелеген ру-тайпалардың билігін ұстап қалған Байғара, Торайғыр, Шоң, Кеңгірбай, Жобалай билер, ақыр соңы аға сұлтан Құнанбай – ең алдымен қарауындағы жұртының, келешек ұрпағының қамын ойлаған болатын.

Міне, осы ордалы жұрт мүддесі, ұрпақ болашағы Кенесары ханды көтерді. Кіріптар халге түсе бастаған ұлтымыздың азаттық жолындағы ең соңғы болмаса да, ең зор бұлқынысы ерлік пен елдіктің өзгеше үлгісі ретінде тарихта қалды. Бүгінгі тоғышар көзқарас тұрғысынан қарасақ, Кенесарыға не жетпейтін еді? Жаны да тыныш, малы да түгел, патша өкіметі алдында да үлкен құрметке жетіп, қартайғанша дәурен сүрер еді. Бірақ тыныш жата алмады. Ажалына қарсы шапты. Жалғыз Кенесары емес, намыстан жаралған қаншама батыр, қаншама сұлтан, мың сан бұқара жұрт. Ақыры, түгелге жуық, бәрінің де басы жойылды. Орталық Азиядағы көшпенді ең соңғы мемлекет – Қазақ Ордасы біржола құлады.

Бірақ ақыр соңы бұл емес еді. Қара ормандай қалың қазақ өз орнында отырған. Билігінен айрылса да, білігінен айрылмаған. Ұлысы құласа да, ұлттық санасынан арылмаған. Бұдан былай, елдің рухани тізгіні көркем сөз билігіне көшеді. Ежелгі мұра – елдің елдігін ұмыттырмайды. Жаңа әдебиет – халықтың бүгінгі ахуалын айғақтайды. Түптеп келгенде, Бұқар жырау, Махамбеттен басталған, отаршылдыққа қарсылық ұраны, азаттық жыры, Дулат, Шортанбай, Мұрат, Әбубәкір әйгілеген бодандық ахуал, Абай айғақтаған жаңару, жаңғыру идеясы – ұлттың тұтастығын сақтаған, оның рухына нәр беріп, көкірек-көзін ашқан өміршең, әрі айрықша қуатты құбылыс болды. Ел есін жиып, отарлық кептегі қысылтаян ахуалына орай, жарыққа жол табудың жаңа бір тәсілдерін ойластыра бастады. Ақыры, қазақтың ежелгі даналығы үстіне, Еуропаның озық білімін ғана емес, өзгеше саясатын да игерген жаңа бір топ – Алаш қайраткерлері қалыптасты. Кенесары ханның өлімінен соң арада алпыс жыл өтпей, ұлттық тәуелсіздік мәселесі тағы да бірінші орынға қойылды. Бірақ осы, ағартушылық ұраны, саяси күреске толы төңкеріс жылдарының өзінде ұлттық рухтың ең ауыр әрі абыройлы жүгін көтерген – көркем әдебиет екен. Ахаң, Жақаң, Сұлтанмахмұт, Мағжан, Жүсіпбек...

Көп ұзамай Алаштың тамырына балта шабылды. Ұлтшыл, күрескер әдебиеті өзімен бірге кетті. Ағартушылық әдебиет қана қалды...

Ағартушы ғана емес, қарайтушы. Коммунист-большевиктік идеяның насихатшысы, отарлық тәртіптің жаршысы. Бірақ тұсау, тізгін дейсіз, тыпыр еткізбес бұғауға түскен сол әдебиеттің өзі сәулесіз емес-ті. Мұхтар Әуезовтің жазушылық және ұстаздық қызыметі, Ғабит Мүсреповтың жекелеген шығармалары, Қалижан Бекхожиннің тарихи поэмалары мен толғаулары, Қасым Аманжоловтың азаматтық лирикасы... Тарих ғылымында Әлкей Марғұлан, Ермұхан Бекмаханов, Салық Зиманов еңбектері, әдебиеттану саласында Қажым Жұмалиевтің ежелгі эпос, Дулат, Махамбет туралы зерттеулері, Бейсенбай Кенжебаевтың Сұлтанмахмұт мұрасы және “Айқап” арқылы XX ғасыр басындағы руханият арналарын қайта көтеруі, қазақ әдебиетінің түп-тамыры туралы дәйекті бағдарламасы... Мұның бәрі – кездейсоқ жағдай емес. Отарлық

қысым, ресми идеология өктемдігіне қарамастан, халық өзінің қасиетін тануға ұмтылған. Тіпті, социалистік құрылысқа, орыстардың Отан соғысына арналған шығармалардың біразы қазақтың қайратын, қазақтың ерлігін дәріптеп, турасын айтқанда, елдің еңсесін көтеруге қызымет етіпті. Кейде ойлаймын, шығармашылыққа толық ерік берілсе, Мұхаң бұдан да зор биікке көтерілер еді, Ғабен мұлде басқаша жазып, бар арманын тауысар еді, ал Қасым, Қалижан ағаларымыз қазақ поэзиясын қандай асқарға шығарар еді деп. Еркіндік берілсе...

60-жылдардың орта шенінде әдебиетке оқыған, тоқыған, дарыны мол, кеудесі биік жаңа ұрпақ келді. Жоғарыдан кеңшілік күтпей-ақ, өткен дәуірді, бүгінгі болмысты әйгілейтін, астары мол, шеберлігі де кемел шығармалар жаза бастады, бұл – соңғы қырық жылда өлмесе де мүлгіп жатқан, қуат-күшінен айрылған ұлттық рухтың қайта тірілуі болатын. Жаңа толқынның ықпал-әсерімен, осыған дейін бұйығып, бұғып келген алдыңғы ағалардың кейбірі қайтадан қайратқа мінді. Өздерінің өмірлік тәжірибесін, атақ-мансабын осы жолға бағыштады. Өткен тарих пен замани тақырыптар, жинақтап келгенде, ұлттық мұрат тың арнаға түсіп, ғасырдың 70–80-жылдарында қазақ әдебиеті сан жағынан да, сапа жағынан да бұрын болмаған дәрежеде өсіп-өркендеді. Бұл дәуірде дүниеге келген таңдаулы шығармалардың ең озық сыйпаты – әрқилы тәсілмен көрініс тапқан ұлтшылдық ұран болатын.

Заман ептеп алға жылжи берді. Қазақ әдебиеті үшін айрықша жемісті болған 80-жылдар аяқталды. Енді, бүгінгі, жаңа заман өрінен қайырыла қарап, ойға салсақ, шынында да, сол ширек ғасырлық өнімді кезеңде рухани өмірге тың тыныс әкелген қаламгерлердің кейбірі бақилық болыпты, басым көпшілігі қажымаса да, өзінің қайратты жасынан өтіп кеткен. Кейбір ірі тұлғалар бар жазарын түгеспесе де, ала қағаздан алыстаған, қаламнан қол үзбегендерінің өзі – өткен заман перзенті, жазуы да, ой-толғамы да көшкен күнде қалған. Бұрынғы орта буын, бүгінгі алпыстың үстіне шыққан абыройлы ақсақалдар қарасыны азаймағанмен, жазармандар қауымының негізгі құрамы жаңармағанымен, онжылдықтың соңында әдеби-рухани орта мұлде басқаша кейіпке түскен екен. Алдыңғы ағалардың өкшесін басып келе жатқан кейінгі толқын дарынсыз емес, алайда дүниеге көзқарасы – басқаша. Теріс демейік, бірақ әсіреден, романтикадан алыс, қатқыл, әрі нақты. Тіршілікке өте пайдалы, ал өнерде үнемі ұтысқа бастай бермейтін мінез. Бұларға да тәуба. Кейінгілер... тіпті көп еді. Молшылыққа жетпесе де, таршылықты көрмеген, еркіндікте өспесе де, қытымырға түспеген, өмірдегі ғана емес, өнердегі жолы да алдыңғы толқыннан әлдеқайда жеңіл болған, біздің байыбымызша, әдебиеттің көсегесін көгертер, қазақ сөзіне тың тыныс әкелер серпімді күш болуға тиіс-ті. Шынында да, жекелеген серектері бар, бірақ тұтастай алғанда, бәрі керісінше шықты.

Өнерде қашанда бар түйінді жеке тұлғалар шешеді. Көп ит емес, көк ит жеңеді. Яғни, шығарманың саны емес, сапасы. Жазарманның жалпақ есебі емес, жеке тұлғасы. Ежелден белгілі, әдепкі ақиқат.

Бірақ отарлық кептегі елдің рухани өмірінің өзіндік ерекшелігі мол. Пайдалы, пайдасыз емес, қажетті, қажетсіз деп айту да қиын, тіршілік ауқымынан туындаған, ұзақ жылдар бойы қалыптасқан жағдай. Соның бізге қатысты бір тармағы – қаламгер қауымның бірлескен ұжымы. Советтік идеология белгілі бір ниетпен құрған және белгілі бір мақсатта кәдесіне жаратып отырған. Әйткенмен, тұтастай алғанда, зиянды емес, игілікті ұйым болатын. Бұл Жазушылар одағы біздің қазақ жағдайында ұлттың рухани ұйтқысы, ұлттық бейресми саяси партия қызыметін атқарды дер едім. Қазақ сөз өнері үшін құтты, берекелі ұя болды. Алайда, бұл ұйым соңғы, дағдарыс жылдарында көлденеңнен қаншама жадағай жазарман қосылып, қампиып өсіп, өзінің шығармашылық тұтастығынан айрыла бастаған. Сөз, пікір еркіндігі емес, пәтуасыз дауға бейім, ешкімді ешкім тындамайтын, ешкімді ешкім мойындамайтын өзгеше құрылымға айналған. Көптің аты – көп. Қайда бұрам десе де, қолынан келеді. Сөйтіп, ұлт мүддесі емес, өнер мұраты емес, тіршілік қамы мен жеке бастың мерейі бірінші орынға шықты.

Міне, осындай, іштен іріген сұрықсыз жағдайда, біздің таза көңіл, адал ниет жұртымыз, бұрынғы бір дақпыртымен, халықтың рухани ұйтқысы, ар-намысының жоқшысы деп білетін Жазушылар қауымы қазақ тарихындағы, Ресей, бүкіл әлем тарихындағы бетбұрыс кезең – алмағайып 90-жылға жетті. Совет мемлекеті де, коммунистік партия да өз орнында. Бірақ дүние асты үстіне түсуге тақап, құбылып тұрған заман. Үлкен дауыл лебі бар. Тыныштық жоқ. Бар тарапта. Тек бізде ғана... берекелі, бейбіт жағдай. Жазармандар қауымы да мамыражай қалыпта. Тамақ тоқ, көйлек көк. Піскен көкірек, қуыс кеуде. Тоқ, көк, піскен әрі қуыс болатыны – бұл кезде, бұған дейін ерекше құрметте болды. Сөз иелері өздерінен де үлкен ие – асыраушы, бағыттаушы, бағдарлаушы, жинақтап келгенде, құлданушы совет өкіметі мен коммунистік партияға керек еді. Олардың ең негізгі міндеті – бүгінгі социалистік құрылысты мадақтау, ертеңгі коммунистік қоғамды насихаттау, жаманды жасырып, жақсыны асырып, жоқты бар деп, қисайғанды түзік, қалықты озық етіп көрсету, қайыршы тұрмысты байлық ретінде бейнелеп, қапас өмірді азаттық кейпінде әйгілеу, марксизм-ленинизм іліміне табындыру, өкімет пен партияны тынымсыз мадақтап, кезекті көсемдерге қысқа күнде қырық мәрте тағзым ету болатын.

Рухани қызымет саласындағы сан мың қауымға осыншама парыз жүктеген, және бұл міндетті мүлтіксіз жүзеге асырып отырған совет өкіметі мен коммунистік партия 1991 жылы, Мәскеудегі Август бүлігінен соң бір-ақ күнде жоқ болып шықты. Баяғы қазақ колхозындағы, мойны бекір-бекіместен мұрны тесіліп, соқаға жегіліп үйренген, басқа тірлікті білмейтін өгіз жануар түрен тартылмаған жерде өз бетімен түзу жүре алмайды екен. Көз ашқаннан партиялық бағдарға үйренген біздің қаламгерлер қауымы да сол сияқты, ағаш емес, темір мойынтұрықтан босаған сәтте қайда барарын білмей, мәңгіріп тұрды да қалды. Жүйкесі беріктері ғана аз-аздап ес жия бастады, жан-жағына қаранды. Сөйтсе... Балтық бойы баяғыда кетіп қалған, басқа жұрт та, ең аяғы таудағы қырғыз

бен құмдағы түрікпенге дейін тәуелсіздік жариялап үлгерген, жұрт иесі Ресейдің өзі жекеленеміз деп жатыр, ал Қазақстан басшылары арам қатқан совет өкіметін қайта тірілту жолында ақ тер, көк тер болып жүр, құлап қалған СССР енді Қазақстан шегінде жаңадан құрылмақ сыңайы бар. Дәл осы кезде Жазушылар одағының құрылтайы бола қалсын. Үш күн бойы айғай-ұйғай, ырың-жырың, талас-тартыс, қызу сөздер. Ел тағдыры туралы дерсіз. Жоқ. Жұрт болашағы туралы дерсіз. Жоқ. Басқа халықтар алып жатқан тәуелсіздік, қазаққа да қажет ұлттық мүдде дегендер түске кірмейді. Әдебиет тағдыры тұрыпты ғой, бұл кезде кітап шығару ісі тоқтауға жақын, қаламгер қауымның тұрмыс жағдайы тарыла бастаған, тым құрса таңғы тамақ, ертеңгі күнкөріс төңірегінде сөз болса ғой. Мұның бәрі ұмытылды. Сонда үш күнгі қызылшеке дау қайдан шықты? Жазушылар одағының бұрынғы, кеудесі көтеріңкі басшысын кетіріп, жалпы жұртқа жағымды жаңа басшы сайлау керек екен. Мұхит айдынында дауылға түскен жалғыз кеме бар желкенінен айрылған, түбі тесілген, жартылай суға толған, енді бірер сәтте құрдымға батады, міне, дәл осы кезде кеме командасы жаңа капитан сайлау турасында қырқысып жатады. Мұндай қауымның қандай да қатал жазаға лайық екені әркімге аян болса керек. Халық тағдыры үшін шешуші кезеңде өздерінің ұлт алдындағы міндет-парызын ұмытқан, елге жөн-жоба нұсқау, ұрпаққа үлгі көрсету қайда, жеке басының ертеңгі тірлігін ойламаған, қырық күншілік шөлге шыққалы тұрып, жолға жарым торсық су ала кетуге түйсігі жетпеген кісіні кім аяйды, кім құрметтейді.

1991 жылы күзде өткен Қазақстан жазушыларының құрылтайы қаламгерлер қауымының қадірін түсірген тарихи оқиға болды. Сенген қойының қалай күйсейтінін бүкіл ел көрді, қорқып жүрген құбыжығының бос кеуек екенін үкіметі көрді. Бірақ уақыт ауқымын аңдамаған біздің жазармандар ештеңе де көрген жоқ, өтіп кеткен замандағы бұлдыр сағым ішінде жүре берді. Бұл екі ортада совет өкіметі құлаған, компартия тараған, енді кімге жағыну керек, кімді мадақтау керек. Бар назар ел басшысына ауды. Әлбетте, елбасы – мемлекеттегі басты тұлға. Алмағайып кезеңде жұрт тұтқасын ұстап отыр. Қолдау керек. Қостау керек. Бірақ біздің жазармандар қауымы салқын қанмен бағалап, сабырмен сөйлеуге үйренбеген. Бір заманда “Сталинге тең таппай қиналған” қауымның бар ықыласы енді Назарбаевқа ауды. Көреген дедік, білгір дедік, дана дедік. Алаша ханға теңедік, Абылай ханға жеткіздік. Өзіміз ғана айтқамыз жоқ, бүкіл қазақ жұртын хорға жетеледік. Республикалық баспасөз бетінде ауылдағы ақкөңіл ағайындар атынан: ел болып отыруымыз да осы кісінің арқасы, ту көтеруіміз де осы кісінің арқасы, ол болмаса кім болар едік деген сарындағы хат-хабарлар жариялана бастады. Көп ұзамай кешегі мадақтың өзі жайына қалды. Қазақтардың бүкіл әлемдік құрылтайы кезінде, мерекелік ойын-той үстінде, шар тараптан жиналған мың сан адамның алдында мемлекеттік үлкен қызыметтегі бір әдебиетші: “Абылайға теңеп жүрсіндер, менің Нұрекемнің қасында Абылай хан деген кім еді!” – деп салды. Сөйтсек, Абылай ханды Америка жұртшылығы танымапты, Абылай хан самолетке

мініп, алыстағы елдерге бара алмапты... Масқара болды, ұят болды, ақылы жоқ екен десті біздің жазармандар жерге түкіріп. Елге ұят келтірген, ел басшысының атақ-абыройына көлеңке түсірген басқа емес, өздері екенін ешкім ойламады. Республика президентін өздері белгілеп қойған, ақылға сыйымды санаған деңгейде одан ары мадақтай берді.

Бұл екі ортада, күн озған сайын, осы бір, дирижерсіз хор капелласының тұрмыс-ахуалы ауырлай түскен. Кітап шығару ісі біржола тоқталды, қаламақы атымен жоқ. Бұл кезде жалпы жағдай қиындай бастаған, соның ішінде еңбекақысы құнсызданған қала халқы алдымен тарықты, қала халқының ішінде бұрын молшылыққа үйренген, енді мүлде тақырға отырған жазармандар мүлде қайыршылық жағдайда қалды. Көп ұзамай-ақ барлық тарапта бүкіл Қазақстан жұртын үлкен қиындықтар күтіп тұрғаны айқындалған. 1992, тәуелсіздіктің алғашқы жылы. Күз еді.

Жазушылар одағындағы дабыр-дұбыр көбейе түсті. Обалы не керек, елдің болашағына алаңдау, тәуелсіздікті бекемдеу, халықтың тұрмыс-тіршілігі төңірегінде. Әлбетте, әдеби ахуал турасында да әңгіме көп. Одақта бас көтерер үлкендер жиналысып, толғақты мәселелер бойынша кеңесуге республика президентінің алдына сұранды. Елбасы мақұл көріпті. Соған орай, ақсакалы, қарасакалы бар, жиырма кісіден тұратын бейресми делегация жасақталды. Елдегі жағдай, рухани өмір және болашақ бағдар төңірегінде жиыны он баптан тұратын мәлімдеме даярланды. Кеңесіміз құрғақ болмас үшін, бар аманатты осы қағаз негізінде ауызша жеткізіп айту – тілге шебер, сөзге жетік батагөй ақсақал – құрметті академик-жазушыға жүктелді. Қалған әңгімені Жазушылар одағының басшысы толықтыруға тиіс болды. Жамырамай, сөз тосып, әуелі осы екі кісіні алға салуға пәтуаластық.

Республика президенті, шынын айту керек, ықыласпен қабылдады, арнайы сөз сөйледі, еркін әңгімеге жол ашты. Бірақ Жазушылар одағындағы біздің әуелгі бәтуа жайына қалды, Ақ Ордада алға түскен, төрге шыққан (бүгінде бәрі де бақилық) ақсақалдар ел тағдыры, әдебиет ахуалы туралы әңгімені ұмытты, – кезекпе-кезек, ұзақ-ұзақ сөйлеп, кейбірі екі-үш қайтара кеңеске кірісіп, президенттің бар ықыласын басқа тарапқа аударып әкетті; ұлт тағдыры, өнер болашағы туралы айтудың орнына төр иесін көтере мадақтап, өздерінің анау-мынау естеліктері мен жеке мұқтаждарын тықпалап, тежеусіз гәпірген үлкендерге тоқтау салу мүмкін болмады, қаламгерлер қауымының бар аманатын арқалаған Жазушылар одағының басшысы мен құрметті теоретик академикіміз тартыншақтай берді, арада сыналап сөйлеген жігіттердің үзік-үзік ойлары мәртебелі сұхбат әуенімен үйлеспеді, ақыры, үш сағатқа жуық ұзақ кеңесте көкейкесті мәселелер көтерілмей, бәріміз де жақсы болып, аман-есен тарадық. Әлбетте, мұндай жаппай жағынған жиналыстан соң президентіміздің жазарман қауымға деген құрмет-көзқарасы бұрынғыдан да төмендегені сөзсіз.

Ақсақалдардың мамыражай әңгімесін бұза алмаған, ең бастысы, президенттің пысы басқан қарасақалдар қайтадан бұлқынып, ел басшысының алдына екінші мәрте сұранды. Арада көп ұзамай, бұл азғана

қауымды вице-премьер қабылдады. Тағы да әлдеқайдан пайда бола кеткен, төрге шыққан үлкендер алға түсіп, майпандай бастап еді, қаны қарайған қарасақалдың бірі дауыс көтеріп тежеу салды, содан соң жеке адамға емес, бүкіл ұлт мәдениетінің тағдырына қатысты ауыр әңгіме өтті. Қатты-қатты сөздер айтылды, тіпті тете-премьердің жеке басына қаншама айып тағылды. Тете-премьер – оқыған, әдебиетке, ғылымға қатысы бар адам еді, бәрін де (өзі атап айтқандай, мына біздің: “Елді есінен айыру, санасыз жетелеу, ойға алған күмәнді істерінді тоқтаусыз жүзеге асыру үшін, ең алдымен ұлттың зиялыларын шетке қағып, әдейі осындай тұрмыс таршылығы мен рухани қыспақта қалдырып отырыңдар!” – деген сөзімізден басқасын) көтерді, осы уақытқа дейін білмей келіппіз деді, ойланамыз, ақылдасамыз, шешеміз деді, ең бастысы – осында болған әңгімені сол қалпында ел басшысының құлағына жеткіземін, бәрін жазып алдық деді. Жазып алғандары рас, жетті-жетпеді – кім білсін, биік мәртебелі екі кездесуді әділдік үшін еске алып отырмыз.

Сірә, басқасы болмаса да, жазарман қауымның тұрмыс таршылығы туралы лепес жеріне жетті. Тағы да әділдік үшін айтайық, президент көп ұзамай қаламгерлердің үлкен бір тобына, оған жалғас, өнер қайраткерлеріне де, арнайы стипендиялар тағайындады. Әлде он, әлде он екі жыл, күні бүгінге дейін үзілмей беріліп келеді. Сұрағаныңыз сол, бұдан артық не істеуі керек еді? Елдің экономикалық жағдайы түзеле бастағаннан бері кітап шығару ісі де жолға қойылды. Анығын айтсақ, совет заманындағыдан жеңілірек. Әрі тексеру, тежеусіз. Тек қаламақы мәселесі ғана көңілден шықпай жатыр. Уақыт оза келе ол да оңалар. Оңалмайтын, астапыралда, оңалуы қиын бір ғана мәселе бар. Ол – сол әдебиеттің, яғни бүкіл халықтың ұлттық рухы. Иә, өзара дау-дамай, айқай астында дүрілдесіп, асса, күнделікті күнкөріс төңірегінде ғана даурығып жүріп, біздің жазармандар қауымы ұлттық рух мәселесін мүлде естен шығарып алыпты. Немесе, әуел бастан-ақ кіресілі-шығасылы есте болған. Енді мүлде қажетсіз санаған. Өйткені...

Өйткені, дәл осы ретте, баяғыдай, үкімет пен партиядан, яғни, жоғарыдан “Ұлтыңның рухын көтер!” деген пәрменді әрі нақты жарлық түспеген.

Әлбетте, ұлттық рухтың негізгі ұстын-тірегі – билік дедік. Бұл билік халыққа тәуелді (болуға керек). Ал халықтың қандай ауан, ниет-пейілде болмағы – жаршыларына байланысты. Бұл жаршының жазарман болуы шарт емес. Өнер атаулының барлығы да ұлттық рухтың көрінісі. Жалынды сөзден гөрі сырлы ән мен күйдің әсері артығырақ шығуы мүмкін. Расында да, ұлттық сана, ұлттық танымның нәр алатын бұлағы – сол халықтың ғасырлар бойы туғызған барлық қазына байлығы: өнер, әдет-ғұрып, тұрмыс-салт, дін... Бірақ соның бәрін насихаттайтын, халықтың, әсіресе, жас ұрпақтың көкейіне сіңіретін... – тағы да әрқилы сыпаттағы жаршылар: әдебиет, мәдениет қайраткерлері, кітап және дамыған елдерде “төртінші билік” аталатын бұқаралық ақпарат құралдары – БАҚ. Яғни, қайткенде де, жазушы болар, журналист болар, жазармандар қауымының мойнына ең үлкен салмақ артылады.

Жауапкершіліктің үлкені де соларда. Біздің ұлттық рухқа қатысты әңгімеміздің осы төңіректе өрбуі де заңды болса керек. Бір ескертпе – қазіргі қазақ жағдайында, анау – ақын, жазушы, мынау – журналист деп жіктеп ажыратудың өзі қиын. Таза қаламгерлік қызыметпен ғана отырған жазушылар бар. Жазушылар одағының мүшесі бола тұра, таза журналистикада жүрген жігіттер де аз емес. Бір салада басым, екінші жақта кемшін, бірақ қайткенде де аралас жағдайдағы жастар тіпті көп. Егер адалын айтсақ, тәуелсіздіктің алғашқы кезеңі, экономикалық дағдарыс, тұрмыс таршылығы жылдарында ұлттық идеяны насихаттауда, заманның шынайы суретін жасауда, уақыттың көкейкесті мәселелерін көтеруде жазушылар қауымы марғаулық танытты да, барлық жүкті журналист ағайындар атқарды. Бірақ уақыт оза келе олар да билік ыңғайындағы күнкөріс қамына көбірек ойысты. Әрине, бәрі бірдей емес. Көбі. Ал ақын, жазушылар қауымы түгелге жуық... ұлттық мұрат жолындағы игілік атаулыдан айныды дер едім.

Енді, қазақ еліндегі жаппай бойкүйездік нәтижесінде қалыптасқан ұлтсыздық мәселесінің кейбір жекелеген сыпаттары туралы әңгімеге көшелік.

“ЕЛ ИЕСІ”

Орыс-совет империясы ыдырамақ қарсаңда Қазақстандағы жағдай өте күрделі еді. Саяси емес, этникалық. Барлық ұлт республикаларында жергілікті жұрт халықтың басым көпшілігін құрайтын. Тек Латвияда ғана бізге ұқсас жағдай. Бірақ елдің аумағы азғана, жұрты шағын, әрі батыс әлемінің пәрменді қолдауы бар, оның үстіне, ұлттық құрамы да біздегідей ала-құла емес. Ал біз... Қазақ – алты миллион алты жүз мың шамасында, ауыз толтырып айтарлық көп халық, бірақ республика жұртының, асса 42-43 пайызы ғана. Ал қожайын халық орыс – алты миллионның үстінде, туыстас славян нәсілі – украин, белорус, және қайткенде де соларға бейім “орыс тілді” қауымды қосып есептегенде – сегіз миллионға жетеді. Бір миллион неміс бар. Тілі туыс, діні ортақ өзбек, татар, ұйғырдан қайыр жоқ. Кешегі Желтоқсан дүрбелеңі көрсеткен, қазақтың заманы тарылса, тегі асыл немістер мен парасаты мол корейлер ғана бейтарап қалуы мүмкін, қалған қауым, өздері де айдалып келген гректер, ешқандай алашағы жоқ таулықтар, тіпті ағайындас ұйғырға дейін қазақты талап жеуге әзір. Біздің сол тұстағы өкіметіміздің тартыншақтай беруі, құрамы ала-құла парламенттің тәуелсіздікке құлшынбауы кездейсоқ емес-ті. Егер Ресей Одақтас республикалардың бәрі кетсін, бірақ Қазақстанды жібермейміз десе, біз тыпыр ете алмас едік. Солженицын бейбақтың сонау мұхиттың арғы жағында жатып, Қазақстаннан айрылмандар, ол да орыс елі деп зарлауы қисынды болатын. Бірақ тарих, тағдыр басқаша шешті. Ерлігі кемел Екінші Барыс патша бұралқы Мыйсыз Мекайылды біржола аластау үшін, өзінің берік, толық билігі үшін Ресей Федерациясын да дербес ел деп

жариялады. Көп ұзамай, жетекші славян жұртының үш басшысы СССР таратылды деп мәлімдеді. Біз жайлауға көшкен елдің қоңырсыған қыстауында қалдық. Енді амал жоқ, жат жұрттық мүшелері дағдарған Қазақстан парламенті көпшілік дауыспен республиканың егемендігін қабылдауға мәжбүр болды. Қалай айтсаңыз да тәуелсіздік алдық!

Тәуелсіздік алған – қазақ еді. Орыстың өз елі бар. Неміс те, украин мен белорус та, өзбек пен татар да солай. Бірақ қазіргі заманда әлемде бүкіл халқы жалғыз-ақ ұлттан тұратын мемлекет жоқ. Сонымен қатар, жер иесі, ел иесі байырғы қауым өз ұлысында азшылықта қалған мемлекет тағы жоқ. Иә, талассыз, біздің жағдайымыз тым күрделі, керек десеңіз, өте ауыр еді.

Алайда, өзінің ата-мекен жұртында дербестік туын көтерген – басқа емес, қазақ қой. Оның үстіне, өте қолайлы кезең – империя ыдырады, отаршыл, өктем ұлт психологиялық тұрғыдан алғанда, ауыр дағдарысқа түсті, қалған қауым да ел иесі – атаулы ұлттың райын бағып отыр. Біздің, яғни, қазақтың ұтымды тарихи жағдайының күші сондай, жат жұрт өкілдері өздерінің әуелгі отанына үдере көшіп, жаппай қоныс аудара бастады. Ақылы барлары, есі түзулері демейік, қайткенде де қазақ халқының өз жұртына ие болмақ еркін үрдісін ұғынған, ұрпағының болашағын қамдаған және көшіп-қонуға мүмкіндігі бар қаншама халық. Күн аманда іргелі еліне жетіп алуды ойлаған орыс, ежелгі ата мекен, берекелі мемлекетін аңсаған неміс, мың жылдық тарихи отанына бөгеліссіз жол ашылған жойыт, бас бүтінде аңыздағы қонысына асыққан грек... “Біреу қыз алып қашса, біреу босқа қашады” дегендей, біршама орнығып қалған мекенінен безіп, басқа бір аймақтан несібе іздеген үлкенді, кішілі тағы қаншама ұлт өкілдері... Осыған керісінше, сырт елдердегі қазақтар өздерінің тәуелсіздік туы көтерілген құтты жұртына қарай ұмтылды...

Енді қазақ халқы өзін шын мәнісінде ел иесі, жұрт иесі сезінуге тиіс еді. Әлбетте, ешкімді қуған қазақ жоқ, өздері кетіп жатыр, қалғандарға тағы қысым жоқ, тең құқықты азамат, бірақ Қазақстан дегеніміз – Қазақ елі екендігіне ешқандай күмән болмаса керек еді, сөз жүзінде, әрі іс жүзінде – де юре және де факто!

Содан бері бір мүшелден асты – он үш жыл – не болып шықты? Күн озған сайын айқындалып келеді, Қазақстан деген – ұлттық мемлекет атауы емес, географиялық атау ғана! Өйткені ел иесі – қазақ емес!

Неге бұлай болды десеңіз, алғашқы күннен бастап бәрі керісінше жасалды. Енді оңға бұрамыз десек те, түзелуіміз қиын.

“Құлды бәрекелде өлтіреді” демекші, бізді “көне бер, бере бер” тұралатқан сияқты. Тәуелсіздікті алар-алмастан-ақ, сырттай қарағанда, қазақтың қамын жеген, елдің тыныштығын ойлаған, шын мәнісінде тек сүйекке сіңген қорқыныш пен құлдық психологияның ғана көрінісі болып есептелетін, ақыр түбі еселі сыбаға, тиесілі несібеден ғана емес, ар-намыс, кісілік кейіптен айырған сұрықсыз тіршілікке жеттік. Бұрынғы құлдықтан өткен қорлық!

Өкімет нұсқау берді, БАҚ ұран тастады, бас көтерер азаматтар үнсіз қалды, ақыры, еркін ғана емес, елің де қолдан шығып барады. Немесе, баяғыда шығып кеткен. Сенікі – түстен кейін маңыраған ақсақ қойдың шоқандай ұмсынған әрекетінен де дәрменсіз құр сөз.

Бұл, түпке жеткен қағида бойынша, біз “ел иесі” екенбіз. Онысы рас еді. Ендеше... бар жауапкершілік сенің мойнында. Басқаларға да бірдеңе – азғана міндет қалдыру керек еді. Түгел өзіміз алдық. Керісінше, қалғанын түгел бердік. Оның мәнісі: ел иесі болған соң, сен бәріне көнуің керек. Мұрныңды бұза ма – шыда, алақаныңмен баса тұр; келесі кезекте бір көзіңді шығарса, уақа емес, екінші көзің бар. Сен ел иесісің. Ұлт аралық жанжал туып кетпесін. Үстіндегі жалғыз жейденді сұрай ма, дамбаңды қоса шешіп бер – сен ел иесісің, ешкімді өкпелетпеу керек, пәле болып жабысады, бере сал. Немесе, сен нанның кезегінде тұрсың, ертерек жеттің, алдымен алуға тиіс едің, сол кезде орыс па, орман ба, татар ма, күрд пе, көлденеңнен біреу келе қалды, өңмендеп ілгері ұмтылды – сен ел иесісің, кезегінді бер, әйтпесе көңілі қалуы мүмкін... Жалпақтап айтсақ, осындай жағдай.

“Ел иесі” болғандықтан, барлық жерде қазақты шетке шығардық. Қарапайым ғана мысал. Ел бастаған көсемдеріміздің бірі журналистерге пресс-конференция беріп, немесе сайлаушылармен, бұқара халықпен кездесу өткізіп жатыр екен дейік. Кенет, әлдебір сорлы қазақ бейкүнә ғана бір сұрақ қояды. Сол кезде... сенген көсеміміз бейбіт сұраққа байсалды жауап беру орнына екі көзі ақиып, зіркілдеп ала жөнеледі. Жалпақ жұрт, тіпті, мың сан телекөрермен алдында жер-жебіріне жетеді. Хош. Келер сәтте “орыс тілді” әлдебір сабаз қисық-қыңыр сұрақ қойсын. Енді жаңағы көсеміміз жайдары жүз, жарқын көңілмен, иіліп төсек, жайылып жастық болып, іс мәнісін тәптіштеп, бар сөзін мипаздап, сыпайы, әрі мәдениетті жауап айтады. Дұрыс. Ешбір жаңсағы жоқ. Ендеше... жаңағы сорлы қазаққа қараптан-қарап тұрып неге зіркілдеді? Өз жұртын менсінбеу, өз халқын қорлау деген осы. Басқалар көріп отыр, аңдап, біліп отыр. Бір, екі емес, жүз рет ұшырасқан жағдай. Осыдан соң қазақта қандай қадір қалмақ? Ежелден қожайын болып қалыптасқан қауым енді өз көсемдері қорлап отырған жұртқа қалай қарауы керек? Бұл – жоғарыдан төменге дейінгі барлық деңгейдегі басшылардың қанына сіңген әдет. Алдына барған қазақпен менсінбей сөйлесу, басқа ұлт өкілдеріне құрақ ұшып тұру – бүгінде үйреншікті жұмыс тәсілі. Жеке бір кісілерге емес, бүкіл ұлтқа көзқарас. Айта кетейік, бұл өктемдік қазір қазақтың өз ішінен өтіп, елдегі басқа ұлт өкілдеріне ғана емес, шет елдік фирмалар, тіпті, елшіліктерге көшті. Әлемдік демократия мен теңдіктің тірегі саналатын Құрама Штаттардан бастап, Еуропаның, біздің бірер ауданның шегіндей ғана жері бар кез келген мемлекетінің елшілігі қазақтармен бір тілде, яғни тым биіктен, орыс болар, орман болар, қалған кез келген ұлт өкілімен басқа тілде, яғни адамша сөйлеседі. Тіпті, бізге қатынайтын шет елдік ұшақтардың өзінде төменгі нәсіл, құнсыз сорлы екендігіңді айқын аңдап отырарсың. Қолы жеткен, қалтасында бес-он тиыны бар кісілеріңнің бәсі осындай болғанда, бүкіл елімізді торлап жатқан шет елдік өндіріс пен

кәсіпорындар, фирмалар кіріптар етіп отырған мың сан қандастарымыздың халі қандай? Рас, бір кезде біз тәуір деп білген капитализм, шынында да жұртқыш екен дейік. Бірақ әлемнің қай елінде, қай жерде дәл осы біздегідей, еңбек адамының қақысын соншама жеген, жеке басын соншама қорлаған жағдай бар екен? Бізге келіп, байырғы жұртқа тиесілі бар байлықты тегін иеленген шет елдік кәсіпкерлер үшін қазақ – арзан жұмыс күші ғана емес, дәрменсіз, құнсыз, сорлы халық. Және қазақты дәл осындай қорлық, құлдық жағдайға жеткізген – әуелі өзіміздің егемен өкіметіміз, содан соң біз қазақ – өзіміз. Осының бәріне қарап тұрып, шынында да құнсыз шығармыз деп ойлайсың. Бәрін басқа шығарған – өзіміз ғой.

Жарайды, шет елдік алпауытқа шама келмейді. Алып қойған, беріп қойған. Сол себепті де өкіметімнің ерекше қамқорлығында. Айтарға сөз жоқ екен. Онда, өз қолымызда тұрған нәрселер бар ғой. Мәселен, әлдебір аудан орталығындағы мектеп. Қалашықтың бір жақ қиырында. Мың балалық ғимаратқа екі мың бала барады. Екі емес, үш кезекте. Соның өзінде әр сыныпта отыз бес-қырық оқушыдан. Ендеше, жаңа мектеп салуға болады ғой. Болмайды, ақша жоқ. Бұл да жөн. Ендеше... Қак орталықта қатарынан екі мектеп тұр. Әрқайсысы мың балалық екі мектептің бірінде – үш жүз оқушы, бірінде – үш жүз елу. Оқу – таңертен ғана, әр сыныпта жиырма баладан, соның өзінде қаңырап тұр. Сонда қалай? Солай. Әуелгі мектеп – сорлы қазаққа тиесілі. Сорлы қазақтың бейшара балаларына. Кейінгі екі мектеп – орыс-орман, билеуші нәсіл балаларына тиесілі. Дұрыс екен дейік. Сонда, осы екі мектепті қосып... Болмайды! Онда билеуші нәсіл бунт шығарады. Ана мектепке барса, көшенің арғы бетіне өтуі керек. Сондықтан жаптырмайды да, қостырмайды да. Барсын ана қазақтар. Қысқы суықта, жазғы ыстықта. Қалашықтың екінші шетіне, он, жиырма көше өтіп. Отырсын, бірінің басына бірі шығып, соңғы үшінші кезектегі балалар түн қараңғысына дейін. Ал мына екі мектепті қосса – орыс тілділерге қысым көрсету болып табылады! Ұлт аралық татулық керек! Қазақ ел иесі, бәріне шыдауға тиіс... (деседі аудандық оқу бөлімі және әкімшілік, облыстық оқу бөлімі және тағы біреулер). Ойдан шығарылған емес, баспасөзде талай рет жазылған, бір ауылда емес, талай жерде күні бүгінге дейін шешімін таппаған қорлық. Көпе-көрнеу зорлық. Зорлық емес, қорлық емес, бейшара сорлылық. Міне, осыны көріп отырған ел қайтеді, осындай жағдайда өсіп-жеткен бала кім болады!

Әлбетте, кез келген елде, қандай жағдайда болмасын, сол ұлысты мекендеп отырған жұрттар арасында татулық болуы керек. Бірақ бұл татулық жергілікті, байырғы жұрттың жалпыға ортақ құл болуы арқылы жүзеге асуы – ақылға сыймайтын жағдай. Біз сол ақылға сыймас сорақыны қалыпты заңға айналдырдық. Әрине, шоқпар ала жүгірмеңіз. Бірақ біреу, тіпті, шоқпар емес, дауыс көтереді екен деп бұға берсеңіз, басыңыз таяқтан арылмайды. Шынын айтқанда, батырға да жан керек демекші, қайткенде де жанжал іздеп отырған ешкім жоқ. Іздесе де, аяқ астынан көтерілмейді. Керісінше, бұға берсеңіз сұға береді. Әсіресе,

сыйластық, адамгершілік ұғымдарын қара күшпен ғана өлшейтін, жаңа тарих заманында өктемдікке үйренген еуропалық ақ жүзділер. Міне қараңыз. Білімдар Балтық бойын, тентек Қапқазды айтпай-ақ қояйық. Көршілес өзбек. Ешкімді сабаған жоқ. Жаппай қудалаған жоқ. Бірақ күні бүгінге дейін келгінші қауыммен татулық бұзылмапты. Азды-көпті жанжал өз арасында ғана. Көп қой дерсіз. Біз көп болсақ та өзімізді сыйлата алмас едік. Оған дәлел – іргедегі қырғыз. Өз елі, өз жерінде қырғызды қорлап отырған кім бар? Керек десеңіз, сол қырғыз мынау қазақты менсінбейді. Ал біз жалбаң-жалбаң. Қырғызды айтасыз, өзбек емес, сол өзбектегі, мейманхана, ресторан есігін күзетіп тұрған, ары-бері өткен жұрттың бәріне мархаба деп, үш бүктеле иіліп тұрған кіріптар орыстың өзі қонаққа барған қазаққа – мына бізге мұрынын шүйіріп, кердең мінез көрсеткеніне куә болдық, оның ұғымында қазақтан өткен қор халық жоқ, өзбекке құл болып тұрып, қазаққа қыр көрсетуді міндет санайды. Қазір қазақта сөзге тоқтамайтын жаңа бір дерт пайда болды. Ол – өзбек қой, ол – қырғыз ғой, өз жерінде отыр ғой, және сіз олай-былай шығарсыз дейді. Мына біз олай-бұлай болсақ, сіз қайда барып оңасыз? Жаңа айттық, өз жеріңізде қалай жетісіп жатқаныңызды. Өзбек пен қырғыз (Қапқазияны, Балтияны айтпағанда) өз елінде өктемдікке ұмтылып отыр. Бұл – қалыпты жағдай. Адам құқығы ақиқат сақталатын батыс елдерінің өзінде мемлекет атымен аталатын жергілікті халық – ел иесі саналады. Дәл қазір сол елде жалғыз өзі отырмаса да. Мәселен, Германияда, байырғы жұрт немістермен қатар үш (ресми емес деректерде төрт-бес) миллион түрік, бір миллионға жуық славян тектілер, алты жүз мыңдай итальян, үш жүз мың грек, екі жүз мыңға жуық испан, жүз елу мың голланд, жүз мың араб, жүз мың португал, елу мың мен жүз мың аралығында дат, ағылшын, француз, сыған, азды-көпті тағы қаншама жұрт, ең аяғы бірнеше мың қазақ тұрады. Франция бұдан да шұбар: елдің шын иесі француздармен бірге бір жарым миллионнан астам араб, әрқайсысы миллионның төңірегінде – итальяндар, португалдар, эльзастар, бретондар, жарты миллионнан жүз мыңға дейінгі аралықтағы жойыттар, испандар, корсикандар, поляктар, каталондар, фламандтар, немістер... он мыңдап саналатын тағы отыз-қырық халық... және бес-алты жүз қазақ. Германияда, Францияда (басқа да кез келген дамыған елде) тұрып жатқан осыншама ұлт пен ұлыс өкілі өздерін сол мемлекеттің тең құқықты азаматы санайды, ел иесі немістен, немесе француздан артықпыз деп ойламайды, бар тағдырын осы жұртпен байланыстырған. Және, қанша айтылса да біздің жұрттың, қарапайым халық түгілі, өкіметіміз бен саясат серкелерінің көкейіне қонбай қойған ерекше жағдай – Франция да, Германия да, басқалары да көп ұлтты мемлекет деп саналмайды. Франция – француздар елі, Германия – алмандар елі... яғни, Қазақстан да қазақтар еді. Бұл елдің иесі – қазақ (болуға тиіс).

Қайталап айтайық, біз – жаңа көтерілген, дәлірек айтсақ, жүз елу жылғы бодандық, отарлық ұзақ дәуірден соң қайтадан ту тіккен жас республикамыз. Саяси жағдайымыз әлі де күрделі. Ес жиып, іргесін біржола бекітіп, күш-қуатымыз нығайғанша (одан кейін де) ел ішінде

тыныштық болуы керек. Бірақ қазақ – әртүрлі тарихи жағдайлар нәтижесінде осы елдің шегіне келіп қоныстанған үлкенді-кішілі, азды-көпті ұлт өкілдерінің бәріне бірдей құл емес. Сол қаншама жұрт ішіндегі ең қоры емес. Ешкімнен артық болмасын, неге тең тұрмайды? Қазақтың қорлық атаулының бәріне көне беруі қашанға дейін елдегі тыныштық, ұлт аралық келісімнің негізі болып қалмақ? Әлде бұл тыныштық басқаларға керек емес пе? Елдің тең дәрежелі азаматы ретінде қазақпен де есептесу соншама қиын ба?

Қиын. Керек емес. Өйткені, сондай ұғымды қалыптастырған, жалпы жұртты жаман үйреткен – біздің өзіміз. Қазақты әуелі өкіметіңіз сыйласын. Жағынса, қазаққа жағынып, санасса, қазақпен санассын. Басқаны былай қойғанда, тек жағырапиялық қана атау болып қалған Қазақстан деген мемлекетті мекендеп отырған халықтың тең жарымынан артығы – осы қазақ деген ұлттан. Қанша азып-тозса да, сегіз жарым миллион кісі. Ертең – он, арғы күні он екі, он бес миллион болады. Шын тілегенің тыныштық болса, ең бастысы – осы орнында аман-есен отырғың келсе, отырмасаң да, күреп жинаған мол байлығыңның қызығын ақырына дейін өзің көргің келсе, айналайын, әуелі қазақтың көңілін тап.

Мұның бәрі дәрменсіздің сөзі. Жалынғанмен жан қалмайды. Шын мәнісіндегі ел иесі болу үшін қазақ ең алдымен өзін өзі сыйлауы керек. Біз мүлде ұмытып кеткен “ұлттық мақтаныш”, “ұлттық намыс” дейтін ұғымдар туралы айтып отырмыз. Солай, бауырым!..

“ҚАЗАҚТЫҢ ЖАУЫ...” КІМ?

Қазақтың жауы, арыға бармайық, бергі бір замандарда, қалмақ болған. Одан бұрын және кейін – өзбек. Соңы – қырғыз. Шүршіт. Ақыры, ең мықтысы орыс болып шықты. Советтік әдебиет тілімен мипаздасақ, халықтардың өзі емес, билеуші табы, басқыншы мемлекеттік құрылымы, т.т. Бірақ ешбір билеуші басқа жақтан әскер әкелмеген, сол, өкіміндегі халқынан жасақтаған. Қырылса, сол халқы қырылып, жеңіске жетсе, сол халқы игілігін көрген. Бар тарихта, барлық уақытта солай. Ағылшындар мен француздар өзінің ұзақ ғұмырының белгілі бір кезеңінде ғана жүз жылдан астам соғысты. Арабтар мен ромейлер – бес жүз, әлде жеті жүз жыл... Соңғы, XX ғасырда – жаппай қырқысқан дүние жүзілік соғыстар. Ең үлкен жау – неміс болыпты-мыс. Ойлап тұрсаңыз, осының бәрі, тіпті, жаулық жүз жылға созылса да, өткінші құбылыс екен. Ағылшынның ілкідегі бір ұлы қайраткері айтты деген лепес: “Ұлы Британияның мәңгілік жауы да жоқ, мәңгілік досы да жоқ, мәңгілік мүддесі ғана бар!” Бұл – дербес ту көтеріп бекіген барлық елге, қандай жағдайда отырса да, үлкенді-кішілі барлық ұлтқа қатысты сөз. Өне, Еуропа жұртшылығы күні кеше ғана екіге бөлініп жауласып, от пен түтінге оранып, бірінің қанын бірі дария қылып ағызды, ал бүгін біртұтас экономикалық қана емес, ешқандай шекарасыз, туыстас, ықпалдас, тілектес татулықта күн кешіп жатыр. Сырттан тон пішіп қалай айтсаңыз да, өткендегі алалық та, бүгінгі

бірлік те айнымас ұлттық мүддеден туындаған. Осы тұрғыдан алғанда, бүгінгі бізге орыс жау ма, өзбек жат па? Жау емес, жат емес. Ұлттық мұраттан туындаған айырым мақсаттар болуы мүмкін. Мүмкін ғана емес, анық бар. Қайткенде де, пәлен жұрт – жау деп ұран көтере алмайсыз. Бірақ Ресейдегі, қызылдан қоңырға айналған империялық шовинизм туын көтерушілер кеше ғана советтік болған қапқаз тұрпатты кісілерді, сырттан оқуға, жұмысқа келген қара өнділерді, жалпы, азиат, қоңыр халықты түгел жау деп жариялады. Аяқ астынан пайда болған құбылыс емес, бұрын жасырын ғана жүргізілген, енді сыртқа жарып шыққан баяғы советтік фашизмнің әдепкі көрінісі ғана. Заң да, заман да өзімдікі, күш те менде деген сенім. Ал сорлы қазақта қандай сенім, қандай күш бар? Советтен қалған, қай бір істен де әлдекімнің астыртын жаулығын іздейтін соқыр сана ғана. Сонда ендігі жауың кім болмақ? Ресейдегі мықтылар сияқты, біздегі бар пәле – анау жұрттың, мынау жұрттың кесірі деп белсеніп шығуға шама жоқ. Ал әлдененің қиыспай, әлдененің бүлініп жатқаны рас. Ендеше... бәріне жазықты – қазақтың өзі. Жай ғана жазықты емес, жау! Сөйтіп, көктен түскен тәуелсіздікке бір жыл толмай жатып, жалынды ұран көтерілді: “Қазақтың жауы – қазақ!”

Мен ұлттың тамырына балта шабатын, ұрпақты аздыратын бұл жәдігәй ұранды сырттағы біреу қалыптады, мұның астарында анау бар, мынау бар деп бас ауыртпаймын. Ешқайдан келген жоқ, өз ішімізден, қазақтан шықты және ешқандай мақсатты зұлымдығы жоқ. Парықсыз есалаңдақ қана бар. Мыйсыз, іріген ауыздан әлдекалай шыққан шіріген, сасық сөз. Ұлтсыздық көрінісі ғана. Осыған орай, аз-маз ұлттық санасы бар қазақ түгел жиренсе керек еді. Олай болмады. Пәрменді, жаппай ұранға айналды.

Бұл тарапта ұлттың тілін ғана емес, рухани қазынасын да қорғауға тиіс, елдік сана үшін күреспек “Ана тілі” газеті (бас редакторы Жарылқап Бейсенбаев, орынбасар редакторы Бақыт Сарбалаев, кейінірек Марат Қабанбаев) айрықша белсенділік танытты. Жаңа ұрпақты жаңаша қалыптауға тиіс “Жас алаш” (бас редакторлары Уәлихан Қалижан, Нұртөре Жүсіп) он мыңдаған таралымымен бүкіл даланы дабылдатты. Сахнаға шыққан әртіс жаттанды рөлінен тыс сөз арасында “Қазақтың жауы – қазақ!” деп ұрандайтын болды. Ең аяғы, мектеп мұғалімдеріне арналған тәрбие-әдістемелік “Қазақ тілі мен әдебиеті” журналы (бас редакторы Зернебек Шілдебаев деген) “Қазақтың жауы – қазақ!” деген арнайы тақырыпта сабақ өткізуге бағдар берді. Ақыры, “Қазақтың жауы – қазақ!” деген кеселді ұран күнделікті газет, айлық журнал бетінен, апталық театр сахнасынан озып, халық арасына кеңінен тарады. Талассыз аксиома ретінде қабылданып, ауызекі мәтелге, әдепкі қағидаға айналды. Әлденеге кейіген қазақ атаулы “Қазақтың жауы – қазақ!” деп сөйлейтін болды. Ұлтымызды біржола азып-тозуға бастайтын бұл жұқпалы лепес әсіресе, 90-жылдардың орта шенінде айрықша пәрменді естілді. Қазір бұрынғымен салыстырғанда сәл-пәл бәсең. Бірақ бұл – алдамшы ғана көрініс. Сүйекке сіңіп, талассыз шындық ретінде қабылданған нақыл,

сондықтан, қалай және қанша айтылса да, құлаққа бұрынғыдай тосаң естілмейді. Міне, жеткен жеріміз!

Баяғыда, заманның тар кезінде, өмірден қажыған, дүниеден түңілген колхозшы қазақ әйелі арбаға жеккен өгізі жүрмесе де, бұзауы аштан өлген жалғыз сиырынан сүт шықпаса да, ең аяғы, ошақтағы оты бықсыса да құдайды қарғайтын: сенім ғана емес, қарсылықтан туған шарасыз бейпілдік. Қазір, дәл осы кінәлі деп білетіндей, ешкім де құдайға сенбейді. Сондықтан әр қазақтың, бақытсыз демейік, сәтсіз демейік, өрге баспай жатқан (мен неге кешегі әне бір арам партократ сияқты әкім емеспін, немесе таныс, бейтаныс әлдебір жебір, алаяқ сияқты миллионер болмай қалдым деген тәрізді) сырқат ой, күйкі ісіне бар қазақ кінәлі екен. Сол қазақтың өз тілімен сырлап айтсақ, өзінің сорын, өкіметтің зорын, көршінің байлығын, көшенің лайлығын, базардың нарқын, заманның қалпын – бір сөзбен қайырғанда, жалғанның бар тауқыметін қазақтан көреді. “Қазақтың жауы – қазақ!” – дейді құнсыз сорлы!..

“Қазақтың жауы – қазақ!” Жер-дүние жаратылып, ру, тайпа, ұлыс аталатын, әркім сыпаттағы дербес қауымдар қалыптасқаннан бері ешбір халықтың ойына кіріп, түсінен шықпаған ғаламат жаңалық. Рас, Батыста “Адам – адамға қасқыр” деген кеп бар екен, “буржуазиялық моральдың көрінісі” деп ұғындырған бізге советтер заманында. Мүмкін, Батыста ғана емес, барлық жерде әлі күнге айтылып жатуы. Адам – адамға қасқыр... “Ағылшын – ағылшынға қасқыр”, Француз – французға қасқыр”, “Испан – испанға қасқыр...” деп айтылмаса керек. Бұл жерде сөз – ұлттық сыпат емес, жалпы адамзат бойындағы өзімшіл, жарамсыз мінез туралы. Біздің әлгі, “шынайы әрі нақты” мысалымызға келсек, “Ағылшынның жауы – ағылшын!” деп кім өңмендепті? “Француздың жауы – француз!” – деп кім аттандапты? Күні кеше ғана неміс екі бөлініп отырды, сол заман тілімен айтсақ, капиталистік Федералды Германия және социалистік Демократиялық Германия. Бірі НАТО құрамында, бірі Варшава пактісі жағында. Темір торлы шекара, бір Берлиннің өзі екіге бөлініп, екі тараптағы әскердің сансыз танктері зеңбіректерін түйістіріп, карама-қарсы арбасқан кездері болған. Соғыс өрті тұтана қалса, екі жақтың да оттығының ұшында тұрған екі неміс бірін-бірі өлтіретін еді. Міне, сол кезде қай неміс: “Немістің жауы – неміс!” деген ұран көтеріпті! Вьетнам жұрты екіге бөлінді: Солтүстік – социалистік, Оңтүстік – капиталистік (немесе сол бағдардағы). Неше жыл бойы қырғын болды. Екі жақтың есебінде ту сыртындағы американдар мен қытайлар ғана соғысқан жоқ, вьетнамға вьетнам оқ атты, бірін-бірі аяусыз төпеледі. Сонда “Вьетнамның жауы – вьетнам!” деген ұран көтерілді деп естіген бар ма? Енді Қиыр Шығыстағы корей халқын алсақ, олар да Оңтүстік, Солтүстік; 50-жылдардың бас кезінде қалай қырқысты, күні бүгінге дейін іргесі аулақ, бірақ “Корейдің жауы – корей!” деген ұранды тауып беріндер маған. Жоқ! Қоғамдық құрылыс десті, өкімет десті, билеуші партия десті, бірақ өзара соғысып жатқан кездің өзінде халық атын былғамады. Өйткені, қандай жағдайда тұрса да, олардың ұлттық санасы жоғары еді, қандай қиын кепке түссе де, болашағынан үміті зор еді.

Ал біз... сана да, болашақ та жоқ болғаны ма?

Ел аман, жұрт тынышта “Қазақтың жауы – қазақ!” деген былғаныш лепесті ұлттық ұранға айналдырдық.

Мен әуел бастан-ақ тіксініп, әрі таңырқап, осы бір кеселді сөздің түп төркінін, қайдан шыққанын аңдауға тырыстым. Парықсыз құлдық санадан басқа ешбір себеп таппап едім. Ақыры... әлдебір мақаладан нақты сілтеме ұшырасты. Абай айтыпты! Қазір Абай да, Мұхтар да көп, білгірі де, бұралқысы да бар, соның біреуі шығар дейін десең, атап көрсеткен: Абай, кәдімгі, ақын Абай, баяғы Құнанбайдың, кейінгі Мұханның Абайы. Астапыралда! Абайды тәп-тәуір білетін сияқты едік, мұндай лепес түсімізге кірмеген. Жаңсақ айтты деп ойладық. Бір күні тағы бір білгірдің тағы бір мақаласынан тағы да сопаң етіп шыға келгені, “Абай біліп айтқан ғой, “Қазақтың жауы – қазақ!” – деп. Шынында да, қазақтың жауы – қазақ!” Бұл құдай атқан да Абайға, ұлы Абайға сілтеме жасапты. Апыр-ай, ә, атам алжасты ма, мен адастым ба, әйткенмен, екі томды әрі төңкеріп, бері төңкеріп, мұндай сұрықсыз сөз ұшырата алмадық. Енді бір күні, осы тақауда ғана, тағы да, осымен жүз мыңыншы мәрте: “Қазақтың жауы – қазақ! Қазақтың жауы – қазақ!! Қазақтың жауы – қазақ!!! Абай біліп айтқан ғой, шынында да, “Қазақтың жауы – қазақ!!!!” Уа, құдай атсын! Кім айтса да, осы сөзді қайталаған сілімтікті! Бірақ амал жоқ, қанша көп білсек те, жұрттан сұрау салмасқа болмады. Қай Абай? Қай жерде, қашан айтыпты? Шынында да, көптің білімі – көл екен. Газет оқығыш әлдебір ақсақал туысқаным айтты: “Бір мақаладан көрдім, “Екінші сөз” депті, бірақ онда мұндай лепес жоқ” – деді. Суға кеткен тал қармайды, үйге келе сала, қолыма алдым: Абай, Екінші том, Ғақылиялар, Екінші сөз...” Таптым! Бар екен. Бірақ басқа сөз(дер). Әрине, басқаша лепес. Қара сөзде ғана емес, өлең, толғауда да. Яғни, бірінші том. Бүтін Абай.

Кемеңгер атамыз қазақтың өткенін байыптап, бүгінін бағамдай келе, туған халқының “өкімет, зорлық” астында “жұрттықтан кетіп бара жатқанына” қамығады. “Бұрынғы ата-бабаларымыздың... бұл замандағыдан артық мінезі”, ұлыстық ұйтқысы – ағайын арасындағы бірлік, татулық, жұрттың өз ортасынан шыққан “ел басы, топ басы” кісілердің ақыл, билігімен жүру және ортақ іске жаппай “жан салысатын” “намысқорлық”, бүгінгі біздің тілге көшірсек, ұйымшылдық, ұлттық намыс сияқты қасиеттер болғандығын айта келе, замандастарының күйкі тірлігіне қынжылады. Көпшілік қауым жаманшылыққа үйір болып бара жатыр дейді. Мұның ең басты себебі – жұрттық, яғни ұлыстық санадан айрылу. Мал жинаудан басқа қам-қарекеттің жоқтығы, ғылымнан, өнерден кенделік, талапсыздық, өзімен-өзі ғана қалған тұйықтық. Осы жаман ғадет, мінездің барлығы қазақтың өз арасында көрініс тауып жатыр. Әрбір мал іздеген – малым бұдан да көп болса дейді, әрбір кедей – мен сияқты анау да кедей болса дейді, біріне-бірі достық ойламайды, бірінің тілеуін бірі тілемейді, ақыры, іштегі теріс пиғыл сыртқа шығып, біріне-бірі қастық ойлайтын болды, “бәрі де қазақ қарындастың ортасында” болғандықтан, қазақ қазақты жау санай бастады дейді

(Үшінші, Жиырма алтыншы, Отыз тоғызыншы, Қырық екінші, және басқа сөздер, өлеңдер). Сондықтан да, “Малыңды жауға, – Басыңды дауға, – Қор қылма, қорға, татулас”, – дейді. “Біріңді, қазақ, бірің дос – Көрмесен істің бәрі бос!” – дейді. “Таласып босқа, – Жау болып досқа, – Қор болып, құрып барасың... Өкінер уақытың болды ғой!” – деп насихат айтады. Теріс жолдан тыйыл. “Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп...” Өйткені: “Адам баласына адам баласының бәрі – дос. Не үшін десең, дүниеде жүргенде – туысың, өсуің, тоюың, ашығың, қайғың, қазан, дене бітімің, шыққан жерің, бармақ жерің – бәрі бірдей, ахиретке қарай – өлуің, көрге кіруің, шіруің, махшарда сұралуың – бәрі бірдей, екі дүниенің қайғысына, пәлесіне хауің, екі дүниенің жақсылығына рахатың – бәрі бірдей екен.” Тек қазақ қана емес, тек мұсылман қауымы ғана емес, жалпы Адам-Ата ұлына қатысты, ұлағатты сөз.

Абайдың: “Өзі шошқа өзгені ит деп ойлар” – дегені бар. Өзінің сырқат санадан шыққан кеселді пікірін кемеңгерге телімек болған мақұлықтарға басқа не айтарсың!

Жә, керек десеңіз, сөзін бұрмалау тұрыпты, өзін де сан саққа жүгіртіп, орынсыздан іліп-шалып, қисынсыздан кемісітуге тырысатын некестер де бар екен... Қазақ халқының ақыл-ойы, иман-парасаты, ұлттық бейнесінің ең жарқын әрі толымды көрінісі болып табылатын, әлемдік деңгейдегі кемеңгер Абай турасында жеңілтек лепес, жалалы өсек айтудың өзі және оның жалпы жұрт тарабынан ешқандай реніш, кейіс тудырмауы – қазіргі қазақтың ұлттық санасы, адамдық намысы қаншалық құлдырап кеткендігін көрсететін аса қауіпті сыпат.

Десе де, сөз басындағы сауалға қайтып оралайық. Қазақта жау бар ма, болса кім? Сұрақтың қойылысының өзі қате. Миғұла сорлылардың “Қазақтың жауы – қазақ!” деген кеселді қағидасынан шықты ғой. Қазақ емес екен. Ендеше... Қалмақтың да, қалғанының да дәуірі өткен. Қазір басқа заман дедік. Қазақтың жауы – өткенде зорлық жасаған, бүгін де иектеп отырған орыс емес. Қыржиып жүрген қырғыз, қожандап тұрған өзбек те емес. Іштегі жұрттар да, сырттағы көршілер де жаулықтан тыс. Әрине, ел болған соң қауіп, қатер болады. Ол – жалпыға ортақ құбылыс. Ол қауіптің де сыпаты әрқилы. Түптеп келгенде, ешбір халық ешбір халыққа жау емес. Дос болу, ынтымақтас болу – сол екі жұрттың, алыс-жақын басқа жұрттардың парасат, саясатына байланысты.

Өйткенмен, бүгінгі әлемде болып жатқан сан қилы оқиғаларды аңдап қарасаңыз, атаулы жауы (жаулары) жоқ мемлекет кемде-кем сияқты. Мәселен, Америка Құрама Штаттарының айтуынша – мұсылман терроризмі. Мұсылман жұрттарының айтуынша – сол Американың өзі бастаған мемлекеттік терроризм. Ресейдің, Ресейдің емес, Путиннің айтуынша, елдің жауы – чешен бандиттері, ал чешендердің, яғни Масхадов пен Басаевтің айтуынша, бүкіл Ичкерияның шын жауы – бүгінгі Ресей өкіметі. Өстіп кете береді. Әр елдің ашық айтатын немесе ойда тұрған бір, иә бірнеше жауы бар сияқты. Демек, қазақта да жау бар.

Қазақта жау бар. Қуатты, қатерлі жау. Күн озған сайын күш алып, тамырын тереңге жайып барады. Ақыры түпке жетсе, сол ғана жетеді.

Ол қандай жау? Кім? Кім емес, не! Бүгінгі қазақтың жалғыз-ақ жауы бар. Ол – ұлттық сананың кемдігі. Өзін-өзі қор тұту, өзін-өзі кемісіту, өзіне тиесілі сыбағаға ұмтылмау. Бір сөзбен айтқанда – ұлтсыздық!

Айттық, ел болған соң, тіршілік болған соң, әрнеден қауіп бар, әрнеден қатер бар. Оның бәрі – әдепкі, табиғи жағдай. Мұндай кілтипан тәуелсіздік туын жаңа көтерген біздің ғана емес, кез келген орнықты, қуатты елдің басында болуы ықтимал. Ал біздегі жағдай – мүлде шетін құбылыс. Іргелі орыс пен ежелгі ағылшын түгілі, күні кешеге дейін тағдырлас болған көрші, қандас ағайын өзбек пен қырғыз, түркмен мен әзірбайжанның өзі ұлтсыздық дертінен аулақ. Әлі күнге кіріптар ахуалдан кете алмай отырған татардың кеудесі қандай! Тек біз ғана... өзімізге-өзіміз жау тауып отырмыз. Ұлтсыздық деген.

Қайталап айтайық, қазақтың жауы – ұлтсыздық! Бүгінде басымызда тұрған бар кесел, ертеңгі тұман мен күмән – түп-түгел осы ұлтсыздық дертінің зардабы.

ҚАЙДА БАРСАМ ҮШ ШАЛ

Қайда барсам алдымнан үш шал шығады. Түксиген, күпсиген, жауқабақ, ұзынмұрт, күрексақал, ақ сәлде, қарқара бөрік, айыр қалпақ. Сиам егіздері, жоқ, орыстың троицасы сияқты, бірінен-бірі айрылмайды. Қатар тұрған үш сурет. Қолдан салынып, көбейтілген. Ойдан шығарылып, символ, рәмізге айналған. Ненің тұспалы, ненің рәмізі? Бұл үш шал қайдан келген, кім? Алғашқысы – Төле би, Ұлы Жүз, екіншісі – Қазыбек би, Орта Жүз, соңғысы – Әйтеке би, Кіші Жүз, яғни, Үш Шал – Үш Жүздің, демек бүкіл қазақтың бірлігінің көрінісі екен. Жай ғана сурет емес, насихат. Керек десеңіз, бүгінгі ұлттық идеология.

Өте сорақы жағдай. Сорақы болатыны – қазақ үш бөлік емес, біртұтас халық. Яғни, халықтың бірлігінің, ұлттық, мемлекеттік сыпатының, өткен тарихының ең айқын, пәрменді көрінісі – үш би емес, бір хан болуы керек. Бүгінгі қазақта үш президент жоқ қой. Он бес әкім, отыз министр, қырық кеңесші болуы мүмкін. Бірақ Елбасы – біреу-ақ. Ресми мекемелердің төрінде сол кісінің ғана суреті тұр. Енді, манағы, бәлкім бәрі де даңғыл жетпіс қайраткердің ішінен тандап, бірі – Түстіктен шыққан, бірі – Орталық, бірі Батыстан шыққан үш министрдің суретін ілсек қалай болар еді? Мемлекет біреу болған соң, жоғарғы билік, – өткенді хан деңіз, бүгінгіні президент деңіз, – елбасы да біреу, әрине, уақыты келгенде ол да алмасып жатады, бірақ бір елбасы тұсында қаншама би (әкім, министр) бар, қайткенде де өткінші, екінші, үшінші кезекте тұратын тұлғалар. Яғни, өзіміздің арғы, бергі тарихымыз, елдік дәстүріміз туралы сөз қозғағанда, басқа жұртқа таныстырғанда, ұлттың бірлігі, ұлыстық символы ретінде жалғыз ханның, немесе, бірінен соң бірі өткен әлденеше ханның атын атауымыз (суретін ілуіміз) керек. Берідегі, тарихқа көбірек мағлұм Абылай ханның. Арыдағы, жаңа Қазақ Ордасының іргесін бекіткен Керей, Жәнібек хандардың. Қазақ жұртын

біржола орнықтырған, құт-береке әкеліп, күш-қуатқа жеткізген Қасқа жолды Қасым ханның. Бүкіл Оңтүстік өңірді елімізге қайтарып берген Тәуекел ханның. Қылышын айға білеген, қалмақтың төрт ұлысын тоздырған, өнмендеген Бұқарды талқандап, барлық тарапта бірдей елінің өрісін ұзартқан Еңсегей бойлы Ер Есім ханның. Ойрат-моңғолдың он екі ұлысы бірігіп ұйымдастырған жойқын жорықтың бетін қайырып, қайырып қана қоймай, қирата жеңіп, Қазақ Ордасын Орталық Азиядағы ең қуатты елге айналдырған, бүкіл өмірі ат үстінде өткен, ақыры ел-жұртының мерейі жолында шәйіт болған Салқам Жәңгір ханның. Алмағайып заманда ұлыстың тұтастығын сақтаған, Орданың ежелгі заң-жоралғыларын жаңартып, көзі тірісінде кемеңгер атанған Әз-Тәуке ханның... Жоқ. Бізге шын бірлік емес, күмәнді үштік керек екен. Суреті қолдан салынған, көп ісі ойдан шығарылған үш шалға жабыстық та қалдық. Ұлттық бірліктің емес, ұлағатсыз берекесіздіктің көрінісі болды.

Кім ойлап тапты? Кім қалыптап, заңдастырды? Сірә, жоғарғы билікке жақын дүмбілез тарихшы, шалағай жазармандар ісі. Қазақ халқының қалыптасу шежіресі, ғұмыр жолы, өзіндік сыйпаты, ұлттық болмысы туралы теріс түсінік нәтижесі. Өткенді танымаған, бүгінді байыптамаған, келешекке көз салмаған жаңсақ саясат жемісі.

Тым тереңге кетпесек те, арыдан бастайық. Батыс, Шығыс, – бүкіл адамзат тарихын байыптай келе, қазақ тарихын мүлде басқа бір көзбен, лақап емес, алыпқашпа сөз, ойдан шығарылған аңыз емес, нақты дерек көздері арқылы танысақ, ұлы империялар құрған ежелгі Ғұн, Сак, Көне түрік, Алтын Орда дәуірін айтпағанда, кейінгі, Қазақ Ордасының өзі біздің ұлы халық екендігіміздің айғағы. Басқаны былай қойғанда, біздің туған халқымыз үсті бейіш, асты кеніш осыншама байтақ жерді қалай алып, қалай ұстап тұрды деп ойлайықшы. Күш-қуаттың арқасында. Бұл, төңірегін тегіс тықсырған, елінің өрісін кеңейтіп, өресін көтерген, болашақ ұрпағын ата-мекен жұртына орнықтырған күш-қуат – үштік бөлшектің емес, тұтас бірліктің нәтижесі болатын. Барлық заман, барлық уақытта да, бірлік – жеңіске, сән-салтанатқа, баянды тұрмыс-тіршілікке жеткізді. Бірлік бұзылған кезде Орда әлсіреді, елін алдырып, жерінен айрылды, оналуы қиын қайғы-қасыретке ұшырады. Бұл келеңсіз жағдайдың арыдағы көрінісі – XVI ғасырдың екінші ширегі, Тайыр хан тұсында басқа түссе, кейінгі, қазақ тарихындағы “Ақтабан-шұбырынды” атанған апатқа жол ашқан, ұлтымыз біржола құрып кету қатеріне ұшыраған заман – XVIII ғасырдың 20–30-жылдары болғаны мәлім. Жеңіліс себебінде ешқандай жұмбақ жоқ еді. 1715 жылы Әз-Тәуке хан дүние салғаннан соң береке-бірлік жойылды. Осының алдында аз-көп емес, тура отыз бес жыл бойы жалпы саны екі есе, әлде үш есе кем, бірақ бірлігі күшті, ұжымы артық, әскери құрылымы озық Дүрбін-Ойраттан барлық соғыста, барлық майданда тек қана жеңіліс тауып отырған, аруағы қашып, берекесі кеткен, бірақ елін алдырмаған қазақ, енді, әкімшілік өзара билікке талас нәтижесінде дербес ұлыстарға ыдырай бастады. Бұрын Ордада жалғыз-ақ хан болса, енді бірнеше хан, оларға тетелес, тіпті, өкімі артық қаншама би шықты. Бірлігі тозған ел Дүрбін-Ойраттың

жаңа шабуылын тоқтата алмады, қырылғаннан қалғаны тоз-тоз болып, босқынға ұшырады. Азғана уақытқа қайтадан бас қосып, жаудың бетін біржола қайырмаса да, шамалы тыныс тапты. Бәрібір бұрынғы бірлікке жете алмады. Шын мәнісінде өзара тәуелсіз бірнеше ұлысқа бөлінді. Біздің тарихшылар долбарлап, жұрт санасына орнықтырғандай, жүз, туыстас рулық жөнімен емес, аймақтық негізде. Мәселен, бүгінде “Кіші жүздің ханы” деп жарияланған Әбілқайыр, шындығында Батыс аймақтың ханы – Арғын руының үлкен бір тобы, Ашамайлы Керей және Кіші жүздің басым көпшілігі қабыл көрген кіші хан болатын. Сәмекеден соңғы Әбілмәмбет ханның, оған рәсім бойынша бағынышты Абылай сұлтанның ықпал аймағына Арғынның көпшілігі, Абақ Керей мен Уақ, Тама және Ұлы жүзге есептелетін біраз жұрт қарады. Негізінен Найманға иек сүйеген Барақ пен Түстікте қалған Жолбарыстың ұлыстары да әрқилы рулардан құралған болатын. Өз-Тәуке заманынан бастап, көбіне әр руда би отырды, кейінгі, ыдырау, қожырау кезеңінде ханға сөз жүзінде ғана тәуелді саналған бұл билер үлкен күш тауып, жалпы қазаққа қажетті ортақ ұйтқы жолындағы бөгесінге айналды. Уақыт оза келе, билердің өкімі зорайып, беделі көтеріле берді. Мәселен, 30-жылдардағы тарихи деректерде Ұлы жүзде Қойайдар, Хангелді, Сатай, Төле билердің есімі теңдей аталса, 40-жылдарда артындағы халқы көп, жасы да үлкен Төле бидің мәртебесі асады. Орта жүзде бұрынғы Қанай, Ақшора, тағы басқа билердің аты көмескі тартып, ұзақ жасаған және көтерген жұртының карасыны мол Қазыбек бидің беделі өседі. Бұл екі бидің ешқайсысы да ешқашан тұтас бір жүзге өкім жүргізген емес. Төле би қалың Дулатты арқа тұтса, Қазыбек би жалпақ жатқан Қаракесектен күш алды. Әрине, алыс-жақын бар қазаққа танылды, сыйлы болды. Бірақ атақ пен бедел – нақты билік емес. Мәселен, Төленің Наурызбай бастаған Шапыраштыға, әуелде Хангелді, кейін Райымбек бастаған Албанға ғұзыры жүрмейтін еді. Сондай-ақ Қазыбек те Атығай мен Қарауылға, Керей мен Найманға әмір ете алмайтын. Тіпті, ел ішіндегі дара тұлғаға айналған соңғы кезеңдерінің өзінде. Ал ілгергі, 20-жылдарға келсек, бұл ақсақалдар, қанша ұлықтағанымызбен, бүкіл ұлыстың тағдырын шешерлік дәрежеге жете қоймаған. Іс тетігін атаулы үш би емес, қалың қазақтың жиын ортасынан шыққан, қазір көбінің есімі де ұмытылған отыз-қырық, жетпіс-сексен би және Өз-Жәнібек хан әулеті хан, сұлтандар, ең бастысы – қол бастаған батырлар шешті. Яғни, Ақтабан-Шұбырындыдан соң бар қазақты үш би сақтап қалды деген лақап – ешбір қисынға келмейді. Керісінше, дүние оңалып, қазақ қайта құрала бастағанда ең алдымен осы билердің көңілін табу қажет болғанын көреміз. Өзінің негізгі бақталасы Көкжал Барақ сұлтан қазаға ұшырағаннан соң өкімі арта түскен Абылай хан тек әрқайсысы тоқсаннан асқан Төле мен Қазыбек дүниеден көшкеннен кейін ғана Үш Алаштың басын қосып, Дүрбін-Ойратқа қарсы шешуші жорық ашуға мүмкіндік тапқан. Ақиқат сөз айтылғанда өре түрегеліп, жапырлай шулағанмен, тарихи шындық өзгермейді. Біз атаулы үш биіміз жаман кісілер болды деп отырғамыз жоқ. Қазақ тарихындағы айтулы тұлғалар. Бірақ мың жылдық тарихтың төбесіне шығарып,

қазақтың ақыл-ойы мен парасатының, елдігі мен бірлігінің ең озық үлгісі ретінде, түптеп келгенде, бөлшекті уағыздайтын, үштік ұғым алынбауы керек. Егер шынымен-ақ биге бауырымыз жабысып қалса, үшеуінің бірін таңдайық. Мәселен, Үйсін Төле биді. Бар қазақтың тағдырын осы атамыз шешкен болсын. Үш өтіріктің орнына жалғыз өтірік. Оның үстіне, “Қазыбектің атындағы аудан қайда кетті” деп екінші жаққа, Әйтеке неге кіші болуы керек деп үшінші жаққа тартпаймыз. Кімнің өкімін танысақ та, тұтастығымызды сақтаймыз.

Қайталап айтайық, “үш би” теориясы тарихи қателігі өз алдына, болашақ үшін де қатерлі. Бірлікке емес, бөлшекке бастайды.

Қате болатыны, бүгінгі қазақ – мың жылдан бері біртұтас халық. Беріден сызғанда жеті-сегіз ғасыр. Жошы ұлысы – Алтын Орданың рулық құрамына қараңыз. Түгел өзіміз. Қазақ Ордасы тұсында Алаш ұранымен біржола ұйысыппыз. Үш Жүз, немесе Үш Алаш – этникалық емес, әкімшілік, аймақтық бөлініс болатын. Жүздер, ішінара алғанның өзінде де, басқадан етене, жақынырақ туыстық жөнімен емес, жер ыңғайы бойынша жіктелді.

Тым арыдан басталған, бар қазаққа ортақ құбылыстың кейбір сыпатын айғақтай кетейік. Үлкенді-кішілі рулар қосылады, ыдырайды, қайта құрылады. Ұсақ рулар ірілерінің құрамына енеді. Үлкен рулардың белгілі бір бөлшегі заман, жағдай әсерінен басқа бір рудың ұрқына айналады. Тіпті, бір Жүзден екінші Жүзге көшеді. Қыз алысып, қыз берісу – шартты түрде жеті атадан, шын мәнісінде одан да әріден, әдетте басқа рудан. Көшпенді тіршілік нәтижесінде аралас-құралас мол, көршілер, яғни құда-жекжат рулардың орны да оқтын-оқтын алмасып отырады. Бір ұлыс құрамындағы, ғасырдан-ғасырға созылған, үздіксіз аралас және осыған орай, бар қазақ бір кісінің – Қазақ байдың ұрпағы деген ұлттық идеология біздің жұртымызды әлем халықтарының арасында аса сирек кездесетін тұтастыққа жеткізді. XVIII-XIX ғасырларда елімізді еркін аралаған, әрқилы мазмұндағы зерттеу, жазбалар қалдырған орыс және батыс оқымыстылары, саясаткер, жиһанкездері қазақтың жерінің кеңдігіне, санының көптігіне, ең бастысы – осы бір бұла халықтың тұтастық сыйпатына қайран қалған. Шынында да, Алтай тауынан Хазар теңізіне дейінгі, Сыр-Дария суынан Сібірдің орманына дейінгі неше мың шақырым байтақ мекенді жайлаған қазақтың тілі ортақ, дәстүр-салты, әдет-ғұрпы, тұрмыс кебі ортақ, дүние-таным, мінез-құлқы мен түр-тұлғасы да ортақ. Еуропаның, қазақпен салыстырғанда алақандай ғана жерде отырған, бірлігіне, тұтастығына ешкім де күмән келтіре алмайтын неміс, француз, испан, итальян халықтарының қай-қайсысын алсаңыз да, батысы мен шығысындағы, түстігі мен терістігіндегі жұрттың мінез, түр, тұрмыс, тіпті, тіліндегі айырым белгілері күні кешеге дейін сақталып келді, әлі де біржола жойылған жоқ. Біз біртұтас ұлт деп білетін гүржі (грузин) аралары әжептәуір алшақ жеті-сегіз бөлшектен тұрады. Іргедегі өзбек, одан арғы тәжік те неше құрау. Қасымыздағы қырғыз әуелі оң мен солға, одан ары жеке руларға бөлініп, тынымсыз жауласты, бұдан жүз елу жыл ғана ілкіде өткен, Бұғы, Саяқ пен Сарбағыштың қанды қырғыны

Қазақ-Қалмақ соғысынан кем түспеген. Түркменнің Теке, Жәуміт, Ерсары, Гөклен, және басқа руларының әрқайсысы бір халық сияқты, ешқашан араласа қонбаған, күні бүгінге дейін қыз алысып, қыз беріспейді, іргелері қосылмаған өзара қырқысы кеше ғана тыйылды. Бірақ дәл қазіргі кезеңде гүржі де, өзбек, қырғыз бен түркмен де біз бөлшекпіз, біз құрамамыз деп жарнамалап жатқан жоқ, керісінше, жамауын жасқап, жыртығын бүтіндеп, сыртқа сызын шығармайды, соған орай, білмегеннен емес, реніш тудырмас үшін, іріткі салуға шебер бүгінгі Ресей баспасөзінің өзі, гүржілерді ұнатпаса да, өзбек пен түркменге бүйрегі бұрмаса да, бұлар бөлшек екен, құрама екен деп қазбалаудан аулақ. Тек біз ғана. Шын тұтасты бөлгіштеп, өз ішімізде ұрандап, жат жұртқа жарлап жүрген. Қазақтың біріне-бірі бөтен үш бөлек екендігі туралы лақап бұтарлап жеп үйренген Ресейден өтіп, Еуропадан озып, мұхиттың арғы жағына жетті. Әншейін әңгіме емес, саясат құралы ретінде. Республика президентінен бастап, билікке жақын, бизнесте үлесі бар кез келген тұлғаның өмірбаян және қызымет деректерінде міндетті түрде қай жүз, қай ру екені аталады. Қасиеті де, карьерасы да, бүгіні ғана емес, ертеңгі болашағы да аталмыш руға тіреліп тұрғандай. Бұл – Батыста. Іргедегі, немесе өз ішіміздегі орыс ағайындар бұл үшеуі екіге жарылып, өзара соғысын қашан бастар екен деп күтіп отырғандай. Бұл – үш бидің сыртқа жеткен шарапаты ғана.

Өз ортамыз, яғни қазаққа келсек, бұл індет – атаға бөлу рәсімі, өткенді байыптау, ел тану, жөн сұрасу, дастарқан басындағы сыйластық емес, адамды алалау – қашан және қалай басталғанын тап басып айтуға болады. Сырттан бөлген – совет, сонау, жаңа орнаған 20-жылдардан бастап; іштен дем берген – өзіміздің басшылар, 70-жылдардан бері. Совет, яғни балшабектік отаршыл орыс өкіметі адам атаулыны әуелі “тапқа” бөлді, “еңбекшілерді” “қанаушыларға” қарсы қойды, содан соң бұрынғы “өзілуші”, ендігі “билеуші” тапты жынысына қарап бөлді, “қорлықтағы” әйел затын еркектерге қарсы қойды, осының бәрінің үстіне, ұлттық аймақтарда жершілдік, рушылдық факторын көтерді. Рас, халықты – халыққа, руды – руға айдап салу патша заманында басталған. Алмағайып кезеңдерде ғана іске қосылатын. Ал совет бейбіт күннің өзінде, күнделікті тұрмысқа енгізді. Сөйтіп, барлық майданда, яғни отарлаудың ұлы ісі, ұлтсыздандырудың ұлы бағдарламасында түбегейлі жеңіске жетті. Бұл сөз негізінен азамат соғысы және кәмпеске, колхоздасу кезеңіне тиесілі. Совет Одағы мен Германия өршелене тұтатқан дүниежүзілік соғыс қазақты қанша қырғанымен, бөлшектей алмап еді. Соғыстан соңғы буынның көңілі таза болды. Қазақстанда үлкен билікке жеткен, Орталықта да беделді Жұмабай Шаяхметов, заманның қиындық, қыспағына қарамастан, алаш баласын алаламай, қадарынша, ұлтының ғылымы мен мәдениеті, билігі мен білігі көтерілуіне, жігерлі, жас тұлғалардың бар тарапта қаулап өсуіне ықпал етті, бір сөзбен айтқанда, ісі қазаққа қызымет көрсетуге ұмтылды. Бірақ Шаяхметов өкімінің соңын ала Қазақстанды отарлаудың жаңа, пәрменді кезеңі басталды. “Тың көтерілді”, жат жұрттың дүлей топаны еселеп артты, 32–33-жылғы ашаршылықта жаппай қырылған, 41–45-жылғы соғыста бас көтерер

азаматының көбінен айрылған қазақ өзінің ата қонысында жалпы жұрттың үштен біріне де жетпей қалды. Кейбір аймақтарда жергілікті бір кісіге келімсек бес-алтаудан, тіпті, сегіз-тоғыздан айналды. Ұлттық мәдениетке қатысты басылымдар мен мекемелер таратылды, ұлт тіліндегі мектептер жабылды. Ұлтты қорлау, намысты тапау – майдандасқан қанды соғыс кезіндегіден де қатаң, ашық әрі дөрекі жүргізілді. Орыс басқан өңірлерде ғана емес, бүкіл республика шегінде қазақ болып тіршілік жасау – азапқа айналды. Билікке қатысты шенеунік атаулы қайткенде де отаршылға жағыну, қайткенде де жанын ғана емес, мансабын да сақтау амалына көшті. Бұрын жекелеп орын алған сатқындық енді жалпыға тән үйреншікті сыпатқа айналды. Міне, дәл осы кезде билікке жақын мемлекеттік қызметкер атаулының өз тұғырын нығайту үшін ойлап тапқан амалдарының бірі – төңірегіне топ жинау болды. Әлбетте, ойы келте, өрісі қысқа шенеунік пікірлес, тілектес іздемеді, жерлес, жемтіктес іздеді. Мүлде дерлік ұмытыла бастаған рулық ұжым аяқ астынан қайта тіріле бастады.

Әлбетте, топ құру, яғни, ұжымдаса өмір сүру – адам баласына тән сыпат, ал билік атаулының күш-қуаты, тіршілік тәсілі. Мұндай кез келген ұжым – мақсат, мүдде бірлігінен туындайды. Бұл тұрғыдан алғанда, барлық халықтардың басынан өткен ру, тайпа бірлестігі – ол да белгілі бір шектегі ұжым-топтың көрінісі – өз заманында жұртты сақтау жолындағы ұнасымды құрылым болған. Адамзат қоғамы дами келе, рулық, тайпалық бірлестіктер әрқилы сыпаттағы мемлекеттік құрылымға ұласты. Бұл орайда әуелгі рулық бөліс – кең көлемді ұжым ішіндегі қажетті тетік ретінде сақталғанын көреміз. Заман тағы да алға басқан, халық саны өсіп, ұлыс, мемлекет біржола ұйысып, оның ішкі бөліктері тығыз қатынас, аралас жағдайға көшкен кезде кешегі рулық бөлініс аймақтық, аудандық сыпатқа ие болмақ. Бұл – өткен құрылым жаман, бүгінгі құрылым озық деген сөз емес. Замана үрдісіне тән сыйпат. Бір заманның озық ғұрпы одан мүлде басқа, екінші бір заманға телінсе – шын жаман сол болар еді. Біз бұдан бұрынғы бір еңбегіміздің (“Менің аталарым”) жарияға шыққан кіріспе бөлігінде (“Жұлдыз”, 2003, N4) Ата-қазақтың өткендегі рулық бөлінісіне қатысты ойларымызды айтқан едік, жоғарыдағы жайларға үстеме ретінде соның түйінді сөзін қайталай кетейік.

“ ... Әлем тарихында дәл Қазақ тәрізді біртұтас, біртекті халық ұшыраса қоймайды. Әуел баста азды-көпті этникалық айырымы бар топтар мен тұлғалардың өзі кең көлемде әрі үздіксіз қан алмасуы нәтижесінде жалпы жұртпен ортақ сыпатқа ие болған. Қазақтың хандық дәуірдегі ұлттық идеологиясының негізгі тұрғысы: барлық Алаш – бір кісінің баласы, бәріміз де Қазақ байдан тарадық деген көзқарас – осы тұтастықтың айқын көрінісі болатын. Бажайлап айтсақ, былай екен.

Әуелде Қазақ деген кісі болды. Оның үш ұлы болды: Ақарыс, Жанарыс, Бекарыс. Ақарыстан: Сары-Үйсін, Қаңлы, Жалайыр, Албан, Суан, Дулат, Сіргелі, Шанышқылы, Ысты, Ошақты, Шапырашты туады. Жанарыстан: Арғын, Найман, Керей, Уақ, Қоңырат, Қыпшақ туады. Бекарыстан: Әлімұлы, Байұлы, Жетіру туады. Өз кезегінде бұлардың

әрқайсысынан тағы қаншама ата тарайды. Олардан тағы да еселеген жаңа ұрпақтар. Жинақтап келгенде Ақарыс әулеті – Ұлы Жүз, Жанарыс әулеті – Орта Жүз, Бекарыс әулеті – Кіші Жүз деп аталады. Ежелгі Қазақта рудан тыс кісі жоқ, кез келген адам Үш Жүздің біріне, одан беріде нақты бір руға, одан бері белгілі бір атаға жатады, бар қазақ өзінің түп негізін осы жора бойынша жіктейді. Әлбетте, рулық құрылым – тарихи жағдай, замана талабынан туындаған, өте күрделі құбылыс, ал Қазаққа келсек, рулық идеология – ұлттың ұйысуы, мемлекеттің іргеленуі, болашақ ұрпақ үшін күрес жолындағы аса мәнді құрал болды. Орданың ортақ шаңырағы, барлық тетікті біріктіріп тұрған болат ұстын дер едік. Расында да. Төменгі, бірінен бірі өндіген ұсақ тармақтар емес, жоғарғы берік ұштық тұрғысынан қараңыз. Үш қырлы, біртұтас пирамида. Қай рудың өкілі атасын қалай таратса да, үстіндегі Үш арыстың біріне, одан соң ең төбеде тұрған Қазаққа барып тіреледі екен. Яғни, бар қазақ бір кісінің баласы! Біздің бабаларымыз бөлшекке емес, бірлікке сенген, бөтендікке емес, туыстыққа бас ұрған. “Бәріміз Қазақ байдың баласымыз!” “Керегеміз ағаш, ұранымыз Алаш!” “Киіз туырлықты, Алаш ұранды Қазақпыз!” Міне, мәселе қайда”.

Біздің ағайындар бұл мәселенің байыбын ұқпады. Ұғу шарт та емес еді. Негізгі мақсат – өзінің билігін нығайтып, атақ-абыройын көтеретін, қолғабыс, құрал қызыметін атқаратын топ жасақтау болатын. Бұл да табиғи жағдай. Барлық заманға, барлық билікке, өктемдікке, белгілі бір мақсатқа ұмтылған тұлғаларға тән құбылыс. Мәселен, қазіргі кездің өзінде кез келген елдің басшысы өзіне тиесілі командасын сенімді кісілерден жасақтайды. Бұл ретте аймақ, жер мәселесін де назардан тыс қалдырмайды. Тіпті, өзі туған, немесе жемісті қызымет атқарған өлке адамдарын көтереді. Алысқа бармай, өзіміздің советтік және ресейлік әміршілерді алайық. Брежнев өз төңірегіндегі жетекші жұмыстарға Днепропетровск және Молдавиядан шыққан партиялық қызыметкерлерді келтірді. Нәсілдік белгісі бойынша емес, өзінің көз алдында сыннан өткен серіктері болғандықтан. Горбачев үлкен билікке Ставрополь аймағынан көтерді. Рулық, туыстық қажетімен емес. Таныған, білген, сенген кісілерін. Ельцин өзі өсіп шыққан Батыс Сібірден жасақтады. Бүгінгі Путин Санкт-Петербургта және КГБ-да қалыптасқан тұлғаларға күш беріп отыр, тағы да өзіне мекені, қызыметі жақын кісілерге. Орыста ру жоқ, жер ғана бар, оның өзі де шартты. Ал мына жағдай – рушылдық, иә жершілдік көрінісі емес, саяси қажетті сыйпат. Ресей ғана емес, бүкіл жер жүзі өстиді. Мәселен, Америкаңыздың өзінде. Джон Кеннедидің туған інісін министр жасап, басқа да жақындарын тартқаны сияқты. Бүгінгі Джордж Буштың өткендегі әкесінің командасынан қайта көтергені сияқты. Ал біз ауылдас екі кісінің басы қосылса, “ойбай, ру”, “аттан, жүз” деп айқайлап шыға келеміз. Орыс ағайындар ауызекі тілде “комплекс” дейді, “комплекс неполноценности” – сезік, құнсыздық көрінісі. Күнделікті тұрмыстан озып, саяси сыпатқа айналып барады. Бір ғана мысал айтайын. Осыдан бес-алты жыл бұрын, Жазушылар одағының кезекті пленумында бұрынғы төртеуге қоса, тағы бір жаңа хатшы өткізу

мәселесі күн тәртібіне қойылды. Ұсынылып отырған адам – басшылық тәжірибесі кем, жас жігіт еді. Онысы ештеңе емес, Одақтың басқарма мүшелігінде жоқ. Бұл – жарғыға қайшы келетін. Бірақ дәл осы баланы сайлау керек десті. Сөйтсек, ілкіде ғана өткен құрылтайда атаулы бір арыстың баласы ұмыт қалыпты, енді, үш таған түгел болуы қажет екен. Мен әуелде таңырқап, содан соң күліп, арнайы сөз алдым да, бұл – ұят жағдай, кісісі лайық келсе, Жазушылар одағының барлық хатшысын бір ғана Алматы облысынан сайлауға болар еді, мұны қойындар деп, әлгі үміткерді өткізбей тастадым, оны аз десейіз, менің нақты ұсынысым бойынша хатшылар қатарын толықтырған, Одақтың ішкі жұмысынан тәжірибесі мол, жаңа кісіміз тағы да “Үлкен ауылдан” болып шықты. Кім қалай қарағанын білмеймін, сірә, әлде біреулер есемізден айырды, бұра тартты деп, ренжіп кетті. Тағы да айтқаным бар еді, сол жолы және кейін де. Қазақтың үлкен әдебиетінен ең ірі үш классикті атау керек болса... Абай, Әуезов – екеу, бәлкім, екеу емес, үшеуі де Шыңғыстаудан шығар, сонда әтекем баласы өкпелеп қалады деп, Абайдан соңғы екеуін басқа жақтан сайлаймыз ба деп... Барлық салада солай. Бір кезде, Қанекен бастап, ең зор академик ғалымдардың Баяннан шыққаны сияқты. Бүгінгі мемлекеттік қызметте Үлкен атаңның баласы көтерілгені сияқты. Хакім Абай айтпақшы, балуан жігіт бүгін мына ауылдан, бәйге ат ертең ана ауылдан шығады. Кейде ауыс, күйіс, артық, кем түсіп жатса да, табиғи жағдай. Әрине, түйенің жүгі көпе-көрнеу бір жағына ауып кетсе – әбес, бірақ қайткенде де “ата баласын” түгендеп отыру – шарт емес.

Алайда... манағы сөзімізді жалғастырсақ, тәуелсіздік қарсаңы, негізінен 70-80-жылдарда әлде билікке беки түспек партия қызметкерлері, әлде артықша атақ-абыройға жетпек жазушылар қауымы тұртпектеп, бас көтерер қазақ азаматтары арасында бұрын болмаған, болса да шектеулі ғана сыпаттағы жаңа бір дерт өркен тарта бастады. Түп негізінде топ құру инстинкті жатқанымен, біздің топшылдар немесе сол топқа қарсы басқа бір топтар, жинақтап келгенде, әлденеге ұмтылған барлық жұрт бұл кеселді “рушылдық”, “жүзшілдік” деп атады. Көп ұзамай, бұл, расында да келеңсіз құбылыс қазақ қоғамына тән және ең қатерлі дерт деген бағаға ие болды. Күн озған сайын дабыл-дабыры ұлғая түсті. Ақыры, мемлекеттік саясаттың әйгілі “Үш Шал” теориясы бойынша, осындай бүтінді бөлшектеу бағдарламасы біржола заңдастырылды.

Бөлшекке ұмтылыс, және оның “Үш Шалмен” иін тіресе бой көтерген ресми әрі ең пәрменді көрінісі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік гимні болды. Сөзі, мән-мағнасы емес. Авторлық құрамы. Сырттай, үстірт қарағанда, сөлекет ештеңе жоқ сияқты. Расында да солай. Белгілі, жай ғана белгілі емес, атақты, мәртебелі ақындарымыз. Әліпби ретімен айтсақ, Әлімбаев Мұзафар, Дәрібаева Жадыра, Молдағалиев Тұманбай, Мырзалиев (қазір Мырза Әли) Қадыр. Әйелдің жолы жіңішке, ал қалған үшеуіне келсек... бұлардан артық кімді табарсың. Әйткенмен, бұл істің бастауында өзгеше сыр болып еді.

Тәуелсіздіктен соң көп ұзамай, ұлыстық рәміздің ең негізгі белгілері – мемлекеттік ту мен герб және мемлекеттік гимн мәселесін шешуге

арналған ғұзырлы, үлкен комиссия құрылды. Жалпақ саны қырық кісіге тақау, бәрінің де ұлты қазақ, руханият саласына қатысты белгілі алаш азаматтары. Әуелі ту мен герб жайын шешіп алу керек екен. Үш ай тоқсан бойында әлде жиырма, әлде отыз мәрте кеңес өткіздік. Қырық кісі жетпіс жаққа тартып, ешқандай мәмлеге келе алмадық. Кейін, естелік кітабымда, бәлкім, орайына қарай, одан бұрынырақ, арнайы жазсам ба деп те жүрмін. Соншама жамырап кетуіміз – байрақ тарабында көңіл аударарлықтай озық жоба бола қоймады. Оның негізгі себебі – әуелде тудың түсіне, содан соң ту бетіне түсуге тиіс таңба жайына тым үстірт, ұлттық тарих, ежелгі рәміздер тұрғысынан емес, көлденең, төте, сырттай анти-советтік, анти-коммунистік көзқарас, ал шын мәнісінде ескі, отарлық таным тұрғысынан қарадық. Сондықтан да біз ұсынған, үштен екі болмаса да, жартылай, тым құрса қиғаш, әлде жолақ қызыл түс мәселесі мүлде қабылданбады, ал ту бетінде тұруға тиіс төре таңба – яғни, кем дегенде мың жылдан астам тарихы бар, арыда Алтын Орда, беріде Қазақ Ордасының туын асқақтатқан, Әз-Жәнібектен Кенесарыға дейінгі аралықтағы қазақтың бас таңбасы – ұлттық рәміздің ең жарқын, ең айғақты көрінісі – төре таңба мүлде ілтипатқа алынбады. Біздің ағайындардың бәрі шаңырақ суреті мен ай таңбаны мақұл көрген; ал шаңырақ деген – құмдағы шимай болатын, ай таңба – қайткенде де бүгінгі парламенттен өтпес еді; ақыры – жоғарғы билік алдына барғанда, әуелде өтіпей қалған, енді қиғаш жол тауып, көлденеңнен қосылған басқа бір жоба – күн таңба қабылданды, жарар, көк туымыз көзге ыстық, қайырлы болсын. Сөз реті келген соң еске алып жатырмыз. Мұндағы айтпағым – ғұзырлы комиссиямыздың осыншама берекесіздігін аңдағаннан кейін мен гимнді талқылайтын, тағы да екі-үш айға созылуға тиіс, ақыры бәрі де төтесінен әрі мүлде басқаша шешілетін істен бой тартып, бұдан соңғы додаға мүлде қатыспай қалдым. Негізгі себеп – түптеп келгенде зая кетер уақыт мәселесі ғана емес еді. Мемлекеттік гимнді үш атадан шыққан үш ақын жазуы керек екен деген лақап тараған. Әлде бейресми нұсқау, әлде үштік ұранның буынға түсе бастаған жаңа бір көрінісі. Неге міндетті түрде үш кісі? Неге? Әлемнің ұлы мемлекеттерінің гимндерін... сол елдегі бір замандағы тарихи тайпалардың біріккен өкілдері – құрама команда емес, жекелеген кісілер жазған. Кейін біздің баспасөзде (қазақ-түрік газеті “Заман – Қазақстанда”) туысқан Түркияның мемлекеттік гимнін жасау тарихы тәптіштеп баяндалды. Бәйгеге жүздеген мәтін, ондаған әуен түсіпті. Соның біреуі ғана қабылданған. Бір ақын, бір сазгер. Басқа жұрттарда да дәп осылай. Ал бізде... олай қалыптауға болмайтын көрінеді. Өйткені... кім өтсе де, қалған екі атаның баласы өкпелеп қалады-мыс. Ақыры, әуелден жобаланған үштікке тоқтаппыз. Жекелеген аусарлар да қатынасса керек. Аусар әрі ақылсыздар. Ал ақылы мол, есебі түгел ағайын үшеу-үшеуден біріккен. Ақыры, сол үштіктердің екеуі озып шығады. Соңғы, биік мәртебелі талқыда әуелде қара үзіп алға кеткені – төменірек танылып, екінші кезектегі үштік озыпты. Түптеп келгенде, үштік емес, төрттік болып шықты. Неге десеніз... әйел теңдігі деген ұғым бар ғой. Бүкіл халықтың тең жарымы, тең жарымынан да артығырағы.

Ендеше, ардақты аналар неге ескерусіз қалуы керек? Сөйтіп, жолы жіңішке әйел затынан арнайы өкіл қосылады. Әттегене, әйелде де ру, ата бар, ендеше, бір емес, үш арыстан үш қарындас қосылуы керек еді. Сонда – Ұлы Жүзден екеу – әйел және еркек, Орта Жүзден екеу – әйел және еркек, Кіші Жүзден екеу – әйел және еркек – төрт құбыламыз түгел болып шығатын еді. Ақиқатына тоқтайық. Мемлекеттік гимн мәтінін жалғыз-ақ кісіге тапсырсақ қайтетін еді? Сол Тұмағаңа, сол Мұзағаңа, сол Қадекеңе... үшеуінің басын байлап, аяғын шырмап, біріктірмей-ақ, жеке-жеке, тек біреуіне ғана? Жарар, біреуі кетсе, басқалары, яғни, бәйгеге ілінбеген, атаулы екі ақынымыз емес, солардың “артындағы” мифтік жұрты “өкпелеп қалады” екен, онда жаңағы, жолы жіңішке қарындасымыз Жадыраға неге қимадық? Құдай ақы, оған ешқандай күмән жоқ, Жадыра жалғыз өзі жазып шықса, қазір бәріміздің төбемізде тұрған, мектеп оқушысынан бастап, парламент мүшесіне дейінгі аралықта тым құрса екі кісі жаттай алмай жүрген, аузы-басы бүтін ешкімнің де тілі келмей жатқан бүгінгі “халықпыз – қалыппыз” “әнұранымыздан” әлдеқайда әлуетті шығар еді. Қарындасымыздың алдыңғы ағаларынан асып кеткенінен емес, өз қалауымен, өз талғамымен еркін сілтеуінен. Ал анау үш алып ақын туралы сөз де жоқ. Кез келгені ұлттық гимннің тамаша мәтінін жазып беретін еді. Жоғарыдан қақпалау, орта жолдағы түзетулер өз алдына, бірінің жолын бірі бөгемес еді ғой. Бірақ бізге мән-мағналы, өр рухты гимн емес, ойдан шығарылған “Үштіктің” бірлігі керек болыпты. Нәтижесінде “Үшеусің! Біртұтас емес, бөлшексің!” деп өз көзімізді өзіміз шұқыған үстіне, осыншама босаң “әнұран” мәтіні қабылданыпты. Тек таң қаларлық жағдай, әуелден “үштік” негізге бейімделген гимнде сол “үштікті” құраған аталардың аты ескерусіз қалған! Әр шумағы бір атаға арналып, қайырмасы “Қырық рудың жалаңаштары, бірігіңдер!!” деген ұранмен түйінделіп отырса, тіпті қатып кетер еді деп ойлайсың. Жә. Реніш өз алдына. Осыдан екі-үш жыл бұрын Мемлекеттік гимн мәтінін жаңадан қалыптау туралы әңгіме көтерілуі кездейсоқ емес еді. Біздің саналы қауым бұл мәселеге қайтып оралуы керек. Бірақ тағы да “үштік” мүгедек ұғым төңірегінен табылып жүрмесек болды.

(Келіссіз үстеме. 13.VI.2004. Жексенбі. Түнде, таң атқанша, ұзақ толғауымыздың “Жұлдызға” арналған екінші терімін тексеріп бітіп, тал түсте, ұйқыдан жаңа тұрған сәтім еді. Жуынып-таранып болмастан, шай әзірлеп жүрген бәйбішем тосын әңгіме бастады. Үлкен қызымыз телефон соғады ғой. “Апа, Найман қай Жүзге жатады?” “Апа” – ежелгі емес, күні кешегі, бәлкім, бүгінгі де қазақ тілінде және біздің шаңырақта – “мама” деген сөз, салақтаған, немесе торсиған емшек емес, туған ана. Сонымен: “Апа, Найман қай Жүзге жатады?” “Найман... Найман – Орта жүз”. “Орта Жүз?... ” “Иә. Оны неменеге сұрадың?” “Ал біз... қай Жүз боламыз?” “Біз – Керей...” “Оны білем. Сонда қай Жүз деймін?” “Ол да Орта Жүз.” “Ә... Ал сен?” “Мен... Менің төркінім – Арғын”. “Арғын қайсысы?” “Орта Жүз”. “Ендеше... Айқа бір балды кем алатын болды. Тестіде “Найман – Кіші Жүз” деп толтырыпты...” “Алда, құдай-ай... Соны да білмеген бе!”

“Қайдан біледі. Білмеген. Қате толтырған...” Не ұқтыңыз? Үлкен қызымыз Үміттің тұңғышы Әйгерім деген баламыз биыл орта мектеп бітіруге тиіс, бүгін түске дейін жалпыға ортақ негізде, жоғарғы оқу орнына да жүретін арнайы тест тапсыруы керек еді, таңғы сағат алтыда телефон соғып, шешесі екеуін оятқам, сәт тілегем. Енді міне, басқасының өзі күмән, күтпеген жерден кілтипан шыққаны. Найман атамның Орта Жүзден тарайтынын білмей қалған. Қазақ мектебінде оқыған, қазақы тәрбие алған немере (қазір қыздың баласы да немере болды ғой). Мұны аз десеніз, ол да қазақша, Алматының атақты 12-мектебінде оқыған, орыс-қазақ филологиясын бітірген үлкен қызымыздың өзі... туған руын білгенімен, Жүзін танымайды екен. “Біздің әжеміз... қай Жүз?” – деп сұрайды ғой сәлден соң. Яғни, өз енесі. “Кіші Жүз”. “Алтынай?” Біздің үлкен келін. “Алтынай – Ұлы Жүз”. “Анар да Ұлы жүз бе?” Анар – үшінші, әзірге кіші келініміз. “Жоқ, Кіші жүз”. “Е-е...” – дейді қызымыз, терең мағналы паузадан соң. Міне, бір шаңырақтан тараған балалар осылай бөліндік. Жоқ, бөлінгеніміз жоқ, Анардың Алтынайдан, ол екеуінің Әйгерімнің әкесі, үлкен күйеу баламыз, Орта Жүздік Зәуірден ешқандай айырым белгісі байқалмайды, яғни, дәл бүгінгі күнгі жіктеу – мүлде түсініксіз көрініп тұр біздің Үмітке. Әлі ой қорытып біткен жоқ. Қайткенде де күтпеген жерден бір несібеміз... құдай сақтасын, бір балымыз кем түсті. Зирек, алғыр деп жүрген баламыз Найман – Орта Жүз екенін білмей шыққан. Бұған да тәуба. Сұрақ басқаша қойылып, өз руы Керей де осы Орта Жүзге тиесілі екенін білмей қалса, нағыз маскара сонда болады екен! “Иван, не помнящий...” Тіпу! “Идиотизм! – дедім мен күйініп. – Идиоттардың ойлап шығарған сұрағының сиқын қарашы!” “Тестілерді кім дайындайды өзі? – деді біздің бәйбіше, бір кезде Алматыдағы № 25 – Жириновскийдің мектебінде қазақ тілінен сабақ жүргізген, бүгінгі зейнеткер мұғалім. – Қазақ тарихынан, басқа, ешқандай сұрақ таппаған ба? Мұндай тақырып программада бар ма екен?” Бар екен. Есіме сарт етіп түсе қалғаны. Бұдан әлде жеті-сегіз, әлде тоғыз-он жыл бұрын, иә, ол да Найман, жазушы Сайын Мұратбеков айтып еді. Немересі барып жүрген мектепте тарих пәні бойынша, қазақ халқының рулық құрамы туралы сабақ өтіпті. Жай ғана өтпеген, барлық бала үйде толтырып, анықтап келу үшін арнайы анкета алған. Жеті атасы, шыққан руы және Жүзі. Сайын ағам мұның не керегі болды екен деп таңырқап отырып, мұғалім тапсырды деген соң анықтап айтып, немересінің анкетасын түгендеп береді ғой. Ертеңіне тарихи танымы артып, көкжиегі кеңейіп келген немере шай үстінде мақтанып отыр дейді: “Біздің класта мен сияқты Найман – төртеу, ал біздің Орта жүз ең көбі болып шықты – он жеті бала. Ұлы Жүз – сегіз, ал Кіші Жүз, кішілігіне орай тіпті аз – бес-ақ бала! Жақсы және үздік оқушының көбі де бізде!...” Ал, сізге керек болса! “Бұл не сұмдық? Осындай да тәрбие бола ма?” – деген Сайын ағам айран-асыр кейіпте. Өзімнің не айтқаным есімде жоқ, сірә, ақымақшылық десем керек, шетін жағдайға балап, онша мән бермесем керек. Енді міне, өзінің барлық сөлекет көрінісімен, қарсы алдымнан шықты. Мәселе, аяқ астынан жоғалтқан бір балда емес. Болашақ әулетімізді теріс жолға

жетелейтін идиотизмнің (жас бала, мектеп тәрбиесіне тікелей қатысты болғандықтан, бөтен, сыпайырақ сөз таба алмадым), шектен шыққан надандықтың ұрпақ санасына ресми тұрғыдан егіліп жатқандығында. Бұл – қазақты бөлшектеу тарабындағы есалаң бағдарлама барлық жерде күшіне енді деген сөз).

Айттық, қазақ – біртұтас халық. Пенде болған соң, ешкім де туған ауылын, ағайын-жекжатын, ата-тегін жек көрмейді. Ежелгі қазақтың үй іші, от басындағы “жеті атаны білу” дәстүрі – алалыққа емес, туыстыққа шақыратын рәсім. Ел тануға, сыйластыққа жетелейтін ұғым, Сондықтан да мен пәлен атаның баласымын деп мақтанбайтын қазақ жоқ. Және қандай да болса басқа атаның ұлын қонақта, той-томалақта төрге отырғызбайтын қазақ тағы жоқ. Өткендегі қазақ үшін ұлттық бірлік, ұлттық сана, ұлттық мақтаныш бірінші орында тұрған. Әрине, ру аралық реніш, араздық, кейде кіші-гірім қақтығыс (бірақ қырғыздағы Бұғы мен Сарбағыштың соғысы, түркмендегі Теке мен Ерсарының, Гөклен мен Жәуміттің қанды ұрыстары сияқты емес) болып тұрған. Бірақ бұл – нәсілдік қайшылықтан тыс, кландық тартыс, яғни әдепкі тіршілік жолындағы, жеке адамдар, ағайын-туыс арасында да ұшырасатын жағдай. Бүгінгі, кей реттерде жершілдік, рулық негіздегі әуендер де бірегей ұлт ішіндегі алалық емес, билікке немесе атақ-дәрежеге ұмтылған топтардың күрес тәсілінің бір көрінісі ғана. Көбіне-көп әлсіз, өзіне сенімсіз жандардың әрекеті. Соншама құбыжық, асқынған, жазылмас дерт кейпінде әйгілеу қисынсыз. Әлбетте, денедегі кішкентай бөрткеннің өзі, тынымсыз шұқылап, тырнай берсе, үлкен жараға айналуы мүмкін. Ойдан шығарылған, пәленше-екем айтыпты-мыс “Жүзге бөлінгеннің жүзі күйсін” деген екіжүзді айқай астында өзінің қажетті шаруасын тындыруға тырысатын мұнафиқтардың барлық іс-әрекеті тек осыған ғана саяды.

Енді, халық өмірінің айна көрінісі болып табылатын байырғы рухани қазынамыз – үлкен әдебиетке жүгінсек, қазақта қай заманда “ру аралық тартыс” ең үлкен кесел ретінде сыпатталған екен? Жоқ қой. Ауыз әдебиеті – ертегілерде, аңыз-әпсаналарда, ерлік эпос, ғашықтық және тарихи жырларда ру мәселесі бар ма? Асса, кейіпкердің шыққан тегі ғана айтылады. Мәселен, Қара қыпшақ Қобыланды. Кез келген есі дұрыс қазақ – Қобыланды – қыпшақ екен, бөтен екен демеген, бүгінгі тілмен айтқанда, Қарақыпшақов Қобыланды – қазақтың ұлы батыры ретінде қабылдаған, мақтаныш еткен, үлгі тұтқан, күш алған. “Жиделі-Байсын жерінен, Қоңырат деген елінен” Алпамыс батыр шығыпты... Бұл да солай. Қоңыратов Алпамыс деген қазақ. Барлық уақытта солай қабылданып келді. Өйткені ол Қоңырат Алпамыс – Тайшық деген, Дулаттың емес, Қалмақтың ханына қарсы аттанады. Ру намысы үшін емес, ел намысы, бүкіл қазақтың мерей, тыныштығы үшін. Қара қыпшақ Қобыланды – Қызылбасқа шабады. Тама Нәрік ұлы Шора – Қазанды кәпірден құтқармақ. Алшын Ер Тарғын бытырап кеткен бүкіл Ноғайлы-қазақ елінің басын қоспақ... Ежелгі Ерлік эпостың өзінде дәуір, кезең, ғасырлар шындығы бар екен. Ал акын, жыраулар мұрасы ше? Заманының ұлы ұраншысы Бұқар жырау... “Ханын қалмақ жаулаған, –

Сүйткен қалмақ оңбаған!..” – дейді, бүгінгі білікті, аруақты әміршің Абылай ханның төңірегіне топтас, “Жаулаған ханын қара оңбас, – Хан қисайса бәрі оңбас!..” – береке-бірлікте бол дейді, біздің ұғымдағы “Барлық елдердің рулары, бірігіңдер!” – емес, жалпы адам, пенде атаулының басындағы әлсіздікті жең дейді, “Өлетұғын тай үшін, – Қалатұғын сай үшін, – Қылмандар жанжал, ерегес”, “Айнала алмай ат өлсін, – Айыра алмай жат өлсін, – Бәріңіз бір енеден туғандай болыңыз!” – дейді, “Табандасқан дұшпанға – Күнінде қылыш шауып өткерген”, “Қырық сан қара қалмақты – Жарлығына қаратқан”, “Он сан алаш баласын” береке-бірлікке жеткізген Абылай ханды мадақтайды.

Махамбет кім үшін қан төкті, Мұрат неге зар шекті, Шортанбай неге құса болды? Жаңағы, Бұқар жырау айтқан “он сан алаш” – бар қазақтың баласы үшін. “Қалың елім, қазағым, қайран жұртым...” деп толғанды Абай. XX ғасырдың басындағы алашшыл жаңа әдебиет өз заманының барлық кеселді түйіндерін көтерді: әлеуметтік алалық, әйел теңсіздігі, отаршылдық зардабы... оқуға, өнер-ғылымға үндеу, ұнамсыз ғұрып, жаман әдет-мінезден арылуға шақыру, түптеп келгенде, ел суреті, замана кейпі. Халық өміріндегі қаншама жара, мұң-нала, ауыр ахуал. Бірақ солардың ішінде ру, жүз проблемасы айтылмайды, ойбай, қазақ рулық негізде, жүз бойынша бөлшек-бөлшек болып құрып бара жатыр деген байбалам жоқ, өйткені ондай мәселе де өмірде жоқ.

Қазір де жоқ. Тек болмашыны бықсытып, екі арада пайда табуды көздеген пысықайлар мен “қыз алмай-ақ босқа қашқан” дәлдүріш парықсыздар ғана бар. Бірақ... бұл бықсық шынында да ұлтты аздыратын тілсіз жауға айналмаған күннің өзінде, көзінді көк түтінмен көлегейлеуі әбден мүмкін. Бұдан әрмен ұлтсыздану ұранына да белгілі мөлшерде теріс ықпалы тиюге мүмкін. Бірақ түптеп келгенде, мұның бәрі өткінші әрі пәрменсіз құбылыс деп білем. Қазақтың ғасырлар бойы қалыптасқан бірегей табиғатынан ғана емес. Бүгінгі дамыған халықтардың барлығы өз тарихының белгілі бір кезеңінде рулық құрылымды басынан өткерген. Герман, славян тайпаларын айтпағанда, өзімізбен туыс түрікте де ру атаулының жұқанасы жоқ. Ерте ме, кеш пе, аман тұрсақ, біз де соған жетеміз. Заман алға сүйреп, нарық ентелеп тұр. Өз руының жарлысы мен жетімін жинап жүрген қазақ жоқ. Биліктегі, немесе бизнестегі әлдебіреулер туысып, табысып жатса, ол – саяси, немесе экономикалық қажеттілік. Қара жұрт оңды-солды көшіп, қонып, сабылып жатыр. Ру, ата жөнімен емес, тұрмыс жағдайымен. Ішкі миграция қандай да қауымды мыйдай араластыратын қалаларға қарай ойысқалы он жыл. Тіршілік тыныс, заман ауқымы өткендегі рулық, кейінгі облыстық, аймақтық айырым атаулардан біржола тазартады. Белгілі бір заманнан соң қазақтың руы да естелік, этнографиялық ертегі болып қалмақ. Адам баласына ортақ тарих үкімі солай.

Әйтсе де, бүгінгіміз не? Жаңағы, аз ба, көп пе бықсық? Айттық, сыпат емес, тәсіл. Біреу пайдасын ойлайды, біреу босқа желігеді. Немесе, парықсыздық демейік, аңғалдық. “Үш шал” ұраны осы соңғысына сәйкес. Ал қалғаны... Пайдагерді түсінуге болар. Желөкпенікі не? Баспасөз

төңірегіндегі ағайындарды айтам... Бұлар да, ақымақтығын әйгілей келе, бір заманда тоқтам табар. Тек... оған дейін ұлтымызды біржола аздырып бітпесе.

“МЕМЛЕКЕТТІК” ТІЛ

Қашанда кіріптар халықты қорлау, кемісіту, біржола жер қылудың, рухынан, ділінен айырудың ең оңай әрі төте жолы – оның ұлттық қазынасын, қастерлі ұғым, қасиетті мұраларын қатардан қалдыру, теріске шығару арқылы жүзеге асады екен. Барың – жоқ, асылың – жасық, озығың – тозық, ер-азаматың – азғын деп жарияланады. Дінің, дәстүрің, салт-санаң, әдеби, мәдени байлығың түгелімен мансұқ етіледі. Орыс-совет қызыл отаршылдығы заманында осының бәрін де бастан өткердік. Тарихқа тыйым салынды, ежелгі мұра үнемі қыспақ астында тұрды, ұлттың өткен дәуірдегі ұлы тұлғалары түгелге жуық өз халқына жат деп танылды, дәстүр-ғұрпың аяқ астында қалды, – санай берсең шегіне жетпейсің. Бірақ сол тар заманның өзінде қазақтың тілін ешкім де жарамсыз сорлы деп, дәрменсіз мүгедек деп, ашықтан-ашық қорлаған жоқ еді.

Енді қараңыз. Тәуелсіз, жаңа заманның алғашқы құрбаны – басқа емес, осы қазақ тілі болыпты. Әрине, өлген жоқ. Баяғы қалпында. Бәлкім, бұрынғыдан да әлуетті. Өлмейді. Керісінше, күн озған сайын құнарлана бермек. Өйткені біздің ана тіліміз – жазба тарихының өзі мың жарым жылдан асатын, көрікті де көсем, оралымды әрі өткір, ықшам әрі серпімді, қуатты және айрықша бай тіл. Қазақ тілінің озық қасиетін, әсіресе, бүгінгі зиялы қауым тәуір білетін, әлемде теңдесі жоқ ұлы әдебиет жасаған ұлы орыс тілімен бетпе-бет салғастырғанда анық аңдайсыз, құдыретіне қайран қаласыз. Тіліңіз орнында. Керек десеңіз, егемен елдің “мемлекеттік тілі” деп жарияланған. Бірақ шын дәрежесі жарияланбай тұрған заманнан төмен. Өйткені... мемлекетіңіз бір бөлек те, “мемлекеттік” тіліңіз бір бөлек. Әрқайсысы өзінше тіршілік кешіп жатыр. Ақиқатына жүгінсеңіз, мемлекетіңіздің бұл тілде шаруасы жоғы өз алдына, көбіне-көп қарсы, тіпті, жаулық ниетте. Қайткенде де жат көреді.

Неге ғана осылай болды? Жаттық, жаулық жөнін айтпаймыз, мемлекеттің тілден бөліну себебін айтамыз. Ғылымилаңған ұғымда объективті, субъективті деп жатады ғой. Біз бұдан сәл өзгешерек, ерікті және еріксіз деп атаймыз. Сонымен...

Еріксіз, немесе амалсыз жағдай – аяқ астынан тәуелсіздік алған Қазақстанның күрделі ұлттық құрамы. Және жүз елу жылдық орыс, оның ішінде жетпіс жылдық орыс-совет отаршылдығының зардаптары.

Осының алдында ғана, империя заманында қазақ тілі мұншама шетке қағылмаған. Есіркегеннен емес. Отар жұрттың ауанын аңдап тану қажет. Тынысын тарылтып, оның ішінде тілін жан-жақты қыспаққа түсіре отырып, сақталған бөлігін, бар пұшпағын жіті қадағалау шарт. Қазақ тілінде не жазылды, не айтылды – бәрі есепте. Баспасөз бетіндегі пікір

ғана емес, ауызша былшылдың өзі қаперге алынады. Сондықтан да совет заманындағы қазақ тілді баспасөз ешқашан да екінші сортты, мүлде атаусыз тауар деп есептелген емес. Орыс тілі – бүкіл империяның тілі, ұлт республикаларында, әсіресе Қазақстанда тағы қуатты, дегенмен, сол империяның басыбайлы, бөлінбес бір бөлшегі болып табылатын ұлттық аймақта ұлт тілі де, екінші қатарлы, көлеңкелі болса да, мүлде елеусіз қалмауға тиіс, шектеулі бір мөлшердегі, қажетті қатынас құралы. Басқаны былай қойғанда, тілін ескермесең, не айтып жатқанын қайдан білесің. Яғни, сіздің ұлттың, тілдің мүддесі емес, империялық саясаттың мүддесі. Расы осы. Енді бүгін, тәуелсіз заманда сол тілдің мүлде керегі болмай қалды. Ешкім қадағаламайды, ешкім санаспайды. Елемегені, шетке шығарғаны аз болғандай, қорлай сөйлеу жаппай әдетке енген.

Енді, манағы “еріксіздік” қағидасына қайтып оралсақ, дәл осылай болуының заңды себептері емес, заңды бастауы бар. Міне, қазақ атымен аталатын ел дербес ту көтеріп шықты. Қазақ – жұрт иесі есепті. Енді көп ұлтты (немесе, бір ұлт, көп диаспоралы, бірақ бұдан іс мәнісі өзгермейді) мемлекетті басқарыңыз. Әлбетте, қазақ тілінде басқарсаңыз – үлкен игілік болар еді. Бірақ басқара алмайсыз. Қазақ тілінің нашарлығынан емес. “Ел иесі” қазағыңыз жалпы жұрттың тең жарымына да толмайды. Жарымына толып, тіпті одан әлдеқайда асып, бәрі де өздерінің туған тілінде сайрап тұрса да, қазақ тілін жүргізе алмайсыз. Жүргізер едіңіз, республикаңыздың тең құқықты жұртының басым көпшілігі (көңіл үшін, тіпті, тең жарымы дейікші) сіздің озық әрі бай, әдемі әрі қуатты тіліңізді түсінбейді! “Саңырауға сәлем берсең – атанның басы...” деген. Ал, басқарып көріңіз. Бетімен тағы жібере алмайсыз. Демек, барлық жұртқа, немесе көпшілік жұртқа түсінікті “ресми” тілде сөйлемеске амал жоқ. Ұқпай жатқан қазақ болса, Қожанасыр атамыз айтпақшы, орысша білгендер үйретеді. Міне, біздің сор қайда жатыр! Бірақ барлық сорыңыз осымен бітпейді. Отарлық кіріптар дәуірде, әсіресе, оның “тың көтеруден” басталған соңғы отыз-қырық жылында тумысы қазақ бола тұра, қазақ тілінің иісі мұрнына бармайтын, бара қалғанның өзінде толық түйсінбейтін жарымжан демейік, жартыкеш, тұтас бір ұрпақ өсіп шыққан. Оларды қайда тастайсыз? Орыс тіліне жетік, шет тілдерден де хабардар, ғылым-білімнен де мақұрұм емес, тек құдай атып, қазақша тілі ғана байланып тұр. Баяғы, жүз жылдан астам француз отары болған Алжирдегі, туған тіліне шорқақ, туған мәдениетіне жат дүбара арабтардың Францияға қашқаны сияқты, Россияға қарай жаппай қоныс аударуға ақылдары жетпейді, әрі қанша сұғынса да, бұларды орыс екен деп мойындайтын Ресей жоқ. Сондықтан, ресми тілін салақтатып, мойныңызға мінеді де отырады!

Иә, қайткенде де бәрін қазақша бастай алмайтын едіңіз. Орысшаға жүгінуге мәжбүр болдыңыз. Алдымен, байбалам сала бермей, осыны түсініп алайық. Еріксізден, амалсыздан осылай бастауға тура келді. Бірақ дәл осылай жалғастыра беру шарт емес еді. Біз жалғастырдық. Және күн озған сайын теріс бағыттағы қарқынымыз күшейіп келеді. Қазақ тілінің қазіргі жағдайы, шынын айту керек, алқаш Колбиннің заманындағыдан

әлдеқайда ауыр. Ауыр болатыны, онда белгілі бір бағдар, ілгері бассaq, көзіміз ашылса деген ниет болды, ең бастысы – үміт болды. Енді қараңыз, күн озған сайын өрісіңіз тарылып барады, тәуелсіздік қарсаңы, кешіріңіз, Колбин билік құрып тұрған айхай заманда қазақ балалары қазақ мектебіне жаппай ұмтылып, тіпті, ақылы көп орыс, жойыт ағайындардың біразы кішкентай ұл-қыздарын қазақ мектебіне жетектеп әкеліп, министрлік дәрежесіндегі қазақ тілі қоғамы құрылып, барлық облыс, аудан, ауылдарда оның белсенді, жергілікті бөлімдері ұйымдастырылып, шын мәнісінде ана тілінің, ұлт мәдениетінің жоқшысы болуға тиіс “Ана тілі” газеті ашылып, ұлттың өткендегі алашшыл ұлы тұлғалары халқына қайта оралып... бүкіл қазақ елінің еңсесі көтеріліп жатса, қазір... бәрі керісінше – қазақ мектептерінен орыс түгілі қазақтың өзі қашты, қазақ тілі қоғамы таратылды, газетіңіз ұлттың емес, белгісіз бір қожайынның жарын жарлауға көшті, алаш тұлғалары қызыл сұңқарлардың тасасында қалды, қазақ болғаным қандай жақсы деп, иінін тіктеп отырған бір жан жоқ, ал қасиетті тіліңіз – көрінген бұралқының тәлкегіне айналды. Осының бәрі, жоғарыдағы қағиданың алғашқы тармағына жүгінсек, ерікті түрде, өз қалауымызбен жүзеге асқан іс. Әуелдегі ерікті әрі амалсыз һәм түйсіксіз әрі отансыз, жандайшап есептен өркен тартып, кейінірек парықсыз, құлдық санадан туындаған, бүкіл ұлттың ұлы денесіне түскен іріңді жара.

Неге десеніз, жарайды, төңірек түгел орыс екен, орыс тілін жетік білу – қызымет үшін де, ғылым-білім үшін де пайдалы екен, тақау төңіректе қазақша мектеп жоқ екен, бірақ... өзіңіз қазақ едіңіз ғой, әйеліңіз қазақ, мейлі, орыс болсын, өз үйіңізде өз балаңызбен қазақша сөйлесу қиын ба еді? Тіліңізді бұрап, өз шаңырағыңыздың астында, өз дастарқаныңыздың басында тек балаңызбен ғана емес, шаласауат, мейлі, білімге жетік, бірақ қазақ әйеліңізбен орысша сөйлесу де мәртебе болды ма? Жетістік, қуаныш болды ма? Шын сорлылық, шын құнсыздық осы емес пе. Біреу, екеу емес, мыңдаған шаңырақ – ғұзырлы министрден қарапайым кеңсе қызыметкеріне дейінгі, ғұлама академиктен қарапайым жұмысшыға дейінгі аралықтағы мыңдаған, он мың, бәлкім, жүз мыңдаған қазақ осылай ерікті түрде, өз халқына, халықты қойыңыз, тым жоғары ұғым, өз ұрпағы, өз баласына қарсы ондаған жылдар бойы үздіксіз қиянат үстінде күн кешті. Сөйтіп, туған тіліне ғана емес, туған жұртына да жат жаңа бір этнографиялық топ, бәлкім, мүлде жаңа, басқа бір халық дүниеге келді. Қазақтың өз ішінде. Осыдан соң, қазақ тілі, обалың орыс-орманға деп қалай айтасыз. Әуелгі, шешуші, негізгі обалың қазақтың өзіне, қалғанының бәрі қосалқы нәрсе дейміз.

Обалы қазақтың өзіне болатыны – отбасында орыс тілінде сөйле деп кім нұсқау беріпті. Ана тілін білмегендерге айрықша сыбаға бар деген де жарлық шықпады. Өкімет пен партия тарапынан, басқа болса да, дәл осындай шешім, қаулы түспегеннен соң, қыжыртпай айтсақ, тағдырлас алыс-жақын көршіңіз – ұлттық санасы, адамдық намысы сақталған жұрттардың ешқайсысында ана тілдері дәл біздегідей аяқ асты қалып көрген емес. Ұлыстық, автономиялық құрылымдар тұрыпты. Жат ортада отырған жалғыз үйлінің өзі от басында ана тілінен ажырамаған. Бес-он

шаңыраққа жетсе – алынбас қамал іспетті. Алысқа бармай, өзімізбен туыстас ұйғыр ағайындарды ғана алайық. Біздегі ұзын саны екі жүз мыңнан сәл ғана астам. Алматы облысының бірнеше ауданында бытырай шашылған. Ең жиын жерінің өзінде жалпы жұрттың жарымына жетпейді. Біразы бұрыннан-ақ Алматыға және басқа де кіші-гірім қалаларға орналасқан. Астанаға оқуға келгенде, пәтершілеп жүріп, алғаш көргенім ұйғыр болды. Зейнетке шыққан кемпір-шал, жеке тұрады, балалары осында қызыметте, жексенбі күндері ұлы мен келіні келіп-кетеді, немерелерін әкеледі; мен не үлкенінің, не кішісінің орысша сөйлескенін көрмедім, кішкентайларының өзінің тілі ұйғырша шығыпты. Кейін, үйленген, қызыметке ілінген шақта тағы да ұйғырдың үйінде пәтерледік, отағасы қарапайым жұмысшы, бес баласы бар, ересектері орыс мектебіне барады, бәрі де үйде ұйғырша сөйлейді. Алдыңғысы да, соңғысы да, отырған қонысында жалғыз шаңырақ, бірақ ақыл-есі бүтін ұйғыр шаңырағы. Айтпақшы, университет бітірер жылы әуелгі пәтерден ауысып, бір қазақтың үйіне көштім. Ері қазақ, әйелі ұйғыр бұл үйдің де күнделікті, ана тілі... ұйғыр екен. Міне қараңыз. Мен осы, Алматыда тұрып жатқан, естіген, көрген, қаншама ел аралаған елу жылға жуық уақыт ішінде өз ана тілін білмейтін бір ұйғыр көрмедім. Ауылдағылары жұрт қатарлы тіл сындырса, қаладағылары орысшаға тағы жетік. Және соның бәрінің үстіне – бәрі де қазақша жақсы біледі, ұйғырша не орысша қоспасыз, таза сөйлейді. Республикамыздағы мемлекеттік тілді жүз пайыз игерген жалғыз халық та осы ұйғыр. Еңбектеген баласынан еңкейген кәрісіне дейін түгел. Қазақ тілінде сөйлейді. Қалаған жерінде. Қазаққа қажетсіз, қазақтың өзі біле бермейтін “мемлекеттік” тілде. Ал басқа жұрт... қазақтың өзі керексімеген тілді қайтсін. Бәрі де орысқа жетік. Бәрі де өз ана тілін... біледі. Ара-тұра қазақша сөйлеп кететіндері де бар. Мәселен, неміс ағайындар. (Оның ішінде жазушы Герольд Бельгер. Бұл Гер-ағаң өзін неміспін деп ойлайды. Шындығында, неміс емес, қазақ. Неміс текті қазақ. Ал белгілі тіл маманы Асылы Осман – әзірбайжан текті қазақ. Қалжың емес, анығы сол.) Бағзыдағы бір қазақ сияқты, қазақша білмегеннің бәрі орысша ғана сөйлейді деп ойлау әбес. Қажетсімеген соң, және өскен ортасының ыңғайы, тіршілік кебіне орай, Қазақстандағы келімсек ұлт өкілдерінің барлығы да қазақ тілінен аттап өтіп, орысша үйренді, бірақ өздерінің ана тілдерін ұмытпады. Армян мен грек те, әзірбайжан мен татар да, корей мен дұңған да – бәр-бәрі от басында ғана емес, өзара да тек ана тілінде ғана сөйлейді. Тынымсыз шүлдірлеп жүрген – тағы да сорлы қазақ...

Неге, неге дәл осындай мүсәпір халге түсті, бұл не, тексіздік пе, жетесіздік пе, әлде басқадай бір құпия сұмдығы бар ма деп ойлайсың. Әуелден өз жұртына опасыз, өз діліне қайырсыз дейін десең, өткен ерлік тарихы көз алдында тұр. Әуелден өзін қор, басқаның бәрін зор санады дейін десең – осыдан небәрі жүз жыл бұрын, отаршылдық түнегінде, Батыстың озық ғылым-білімінен мақұрым кезінің өзінде бойына жан теңгермеген – Абай сөзін еске алайықшы, шамасына қарамай, орыс-орманды, сарт-ноғайды – ешкімді менсінбейтін қазақ еді ғой. Соңғы

ғасырда соншама қиындық көрді, ашаршылық азабын, қуғын-сүргінді өткерді, ұлттық және рухани езгіге түсті дейін десең... ол рас, азабымыз ақтабан-шұбырынды заманынан он есе асып кетті, – алайда кейбір халықтар, мәселен чешендер бізден әлдеқайда артық қиыншылыққа ұшырады ғой – бірақ тілінен де, діні мен ділінен де айрылған жоқ, күні бүгінгеше өзінен саны жүз-жүз елу есе көп халық, қоңыр фашизмнен де өткен рақымсыз, арғы ортағасырлық тарихта ғана ұшырасқан ашық геноцидқа қарсы қайыспай күресіп жатыр, соңғы кісісі қалғанша, ар-өжданын сатпасы анық. Ал біздікі не, бар ауыртпалық бастан өткен шақта, еркіндік алдық деп отырғанда, өз ел, өз жерімізде... Әлемдегі бар халықтың ең қоры біз болғанымыз ба? Сірә...

АЗҒАНА ШЕГІНІС

Ұлан-ғайыр тарихта әрқилы ұлт басында генетикалық апаттар ұшырасқан. Ұзын санының азаюы ғана емес. Мәйектен, ұйтқыдан айрылу. Мәселен, үздіксіз, аяусыз ұрыстар кезінде ер жігіттер, жас жігіттер көбірек өледі және тұқымсыз кетеді, ақыры, заманнан заман озғанда манағы батыр халық қойдан жуас болып шығады. Түстікте Өзбекпен жүз жыл, одан соң шығыста Ойратпен екі жүз қырық бес жыл, жиыны үш ғасырдан астам ұзақ уақыт бойғы тынымсыз соғыстар қазақ халқының ерлік генофондына қайта оңалмас ауыр салмақ түсірген. Бұған отаршылдыққа қарсы, XIX ғасырдың ұзына бойына созылған азаттық күрес кезіндегі боздақтардың қазасын қосыңыз. Атаулы тұлғаларды айтсақ, мәселен ежелгі соғыстың қазақ жұртындағы ең соңғы қайтпас батыры Наурызбай сұлтан тұқымсыз кетті. Бар ғұмырын туған халқының болашағына арнаған, сол жолда азапты өлімге ұшыраған Кенесары ханның қанша ұрпағы бар бүгінде? Мен білетіні үшеу-төртеу, мен білмейтін тағы бес-алтау шықсын, тіпті, он, жиырма дейік; жүз алпыс жыл өткенде! Ал дәл сол кезеңде жасаған, қазақ тарихындағы өзгеше тағдырлы Сатқынның тікелей өз бауырынан тараған еркек кіндікті әулет бүгінде бір мың шаңырақтан асыпты. Еріксіз дағдарасың. Бірақ... кесел емес. Түптеп келгенде... Қайырлы болғай! Берекелі болғай! Бүгінгі ұрпақ – арыдағы атаның күнәсінен тыс. Алыс-жақын төңірегімен түгел араласты, қаны неше қайтара жаңарды. Ішінде талай жақсы азамат бар шығар, тым кұрса қазақ болып тұрғанда қара көбейтер. Қызғанбайық, күндемейік. Бірақ... дәл бүгін, арамызда сол Наурызбайдан, сол Кенесарыдан мың-мың ұрпақ жүрсе... қалай болар еді? Бір жаманы болар, жүз асылы шықпас па еді! Жалғыз ғана мысал. Мыңға, әлденеше мыңға көбейтіңіз...

Енді, берірек жылжысақ, тым бері емес, әуелі патшалық Ресейдің, содан соң советтік Ресейдің басыбайлы отарына айналған кезді байыптасақ, бейбіт замандардың өзінде бар тауқымет еңсе көтерген игі жақсылардың басына түсіп отырғанын көреміз. Қудаланады, түрмеге жабылады, айдалады, көзі құртылады. Әсіресе, советтік XX ғасырда.

Алаш азаматтарынан түгел айрылды. Бәрі дерлік тұқым-жұрағатсыз кетті. Жоғарыдағы, оқыған, көрінген, атақтылар ғана емес. Ауыл мұғалімінен еті тірі қарапайым шаруаға дейінгі аралықтағы, өз бетімен ойлап, өз ырқымен жүре алатын, қорлық, зорлық, қыспақ атаулыны жан-тәнімен сезінетін, иманды, мінезді, өз басы, әзірше, өскен орта, әрқилы жағдай нәтижесінде шектеулі өрісте ғана қалған, бірақ болашақта дені түзу, жақсы тұқым бере алатын, ел көлемінде болмаса да, аудан, ауыл көлемінде кісілігін сақтайтын келешек намысты қазақтардың ата, әкелері орта жолдан, немесе көктей қиылды. Бұлармен қатар жасаған, көнбіс, момын, кейіннен, басқа бір, көбіне-көп ортакол шаңырақтарда дүниеге келген можантопай қауым ғаламат ашаршылыққа ұшырады, қырғын соғысты бастан өткерді, тың көтеру, жаппай жаныштау топанының астында қалды – ақыр түбінде ұлт мүддесі тұрыпты, адамдық намыстың өзі тәрік етіліп, күнкөріс, қарын тоқтығын қамдау бірінші орынға шықты. Сонымен қатар бұл кезде кімнің наны жүрді десек... – даңғой белсенді, рақымсыз қызыл жаға, адамшылық, ізгілік атаулыдан кенде жалақор мен жандайшап, қатардағы кеңсе қызметкерінен қалалық, облыстық деңгейге дейінгі аралықтағы, заманның ыңғайын тапқан мансапқор басшылар мен көнбіс жалшылар! Солардың ұрпағы еселеп, тоқтаусыз өсіп-өнді, оқып-жетті, барлық жерде берік орнықты. Сөйтіп, ұлттың тұрақты генофондындағы тексіздер мен жетесіздердің үлес салмағы өлшеусіз көбейді, керек десеніз, басым көпшілікке айналды. Жалпы жұрт ішіндегі көпшілік, қатарынан озғандары – бағыттаушы, бағдарлаушы күш. Жаңа социалистік, болашақ коммунистік құрылымның ұстын тірегі ретінде өкімет пен партия тарабынан айрықша қолдау, қамқорлықта. Жай ғана билік иесі емес, барлық жұрт үшін үлгі. Енді не қалды? Мемлекеттік, советтік мораль – жат, отбасы, үй ішіндік мораль күйкі болғаннан соң, ел қамын жейді деген бас көтерер тұлғалары түгел жалтақ, жәреуке, айналма болған соң, онсыз да қалжыраған жұрт қайда барып оңсын. Сөйтіп, бүгінгі, іштей өзімізге өзіміз мез, сырттай жат жұртқа қадірсіз, қай тұрғыдан алғанда да қауқарсыз, бейшара кепке жеттік. Бүгінгі ел қамын ойлайтын бірлі-жарым алаш азаматтарын аяқтан шалған, төбеден ұрған, қайткенде де өздерінің күйкі ой, теріс пиғылдарын күнделікті баспасөздерден – жоғарғы билікке дейінгі аралықта тоқтаусыз өткізіп отырған ұлтсыздықтың қуат-күші ең алдымен осындай жетесіздікте жатыр.

Міне, осы ретте, біздің халқымыздың болашақ ғұмырының ең бір қаралы көрінісі ретінде Құрама Штаттардағы бүгінгі американ үндісінің тағдырын мысалға келтіруге болады. Біржола жуасығанына жүз жылдан жаңа ғана асты. Одан бұрын... Саны мол еді, ерлігі кемел еді. Ақ жүзді жаулаушыларға қарсы төрт ғасыр бойы арпалысты. Қырылды, өсу орнына өше берді. Саны ғана шектелген жоқ, жүректері, тектілері, намысты, парасатты азаматтарының бәрі тұқымымен қоса құрып, ақыр түбі тек жетесіздер ұрпағы ғана қалды. Күрес атаулы тоқталып, біржола жер болып жеңілген, әбден азайған кезі – XIX ғасырдың соңында небәрі екі жүз мың екен, қазір екі миллионға тақаса керек. Үлкен мемлекет

құрамындағы үлес салмағы шамалы болғанмен, әжептәуір халық. Ұзын саны үш жүзге жуық, ойдым-ойдым резервацияларда, өз тұрғысынан есептегенде, біршама жиын тұрады. Елдің тең құқықты азаматы саналады. Енді қараңыз, осы екі миллионға тақау жұрттан күні бүгінге дейін мемлекеттік деңгейдегі бір де бір қайраткер – не губернатор, не мэр, не конгресс иә сенат мүшесі, “тым құрса” белгілі ақын, жазушы, өнерпаз шықпапты. Бұл елге кейіннен келіп орныққан, рас, жалпы саны аса мол зәңгі тектілер ел өмірінің барлық саласында таң қаларлық жетістіктерге жеткен, бүгінгі Америка Құрама Штаттарының толық дәрежелі азаматы ғана емес, негізгі қожайындары қатарында. Өйткені... құл болып келсе де, үш-төрт ғасыр бойы қорлықта күн кешсе де, анандай генетикалық апатқа ұшырамаған. Мүмкіндік туған кезде өздерінің адамдық, азаматтық қасиетін тапты. Міне, көрнекі екі мысал, тағылымды екі тағдыр.

Құдайға шүкір, қаншама зобаланды бастан өткерсек те, біздің халқымыз біржола жұтаған жоқ. Көлеңке тартқанымен, бар қасиеті бойында. Кез келген үлкен халықтың ұлттық генофонды өте күрделі. Ортаяды, тоқырайды, белгілі бір тарихи ділгір кезеңдерден соң тұтастай болмаса да, біршама қалпына түседі. Халық болған соң, көп болған соң, жиын жерінен қайнап шыға береді. Ерлікке – ақыл, парасатқа – пайым, ер-азамат атаулыға күш, қуат беретін, қара ормандай қалың қазақтың мәңгілік асыл рухы итжемеде өлуге тиіс емес. Бүгінгі күн – әлі ес жия алмай жатқан, қалжырап тұрған бір кезіміз болар. Әйтпесе... парасат та бар, білік те бар. Іскерлік те жетіп артылады. Еңбеккерлік, адалдық, тұрақтылық, жігер мен қайрат... адам ұлына тән абзал қасиеттің бәрі бар халқымыздың бойында. Тек... өзінің күш-қуаты қаншалық екенін бағамдап болмаған. Ұлтсыздықтың, керенаулықтың бір төркіні осында жатыр.

Ерте ме, кеш пе, бұл күн де артта қалар. Тек ол үшін қара ормандай қалың қазақ өзінің дария бастауындағы игі қасиетін қайтадан тауып, біржола серпілуі керек. Қазақ – қазақтығын сақтаса ғана бар мұртына жетеді. Манадан бергі сөзімізді сол үшін айттық.

ТАҒЫ ДА “МЕМЛЕКЕТТІК” ТӨҢІРЕГІНДЕ

“Мемлекеттік” тілдің еріксіз жағдайда тығырыққа тірелген ең басты себептерінің бірі – республиканың күрделі ұлттық құрамында, оны басқару тетігінде ғана емес. “Ұлтаралық” әмбебап орыс тіліне әуелден-ақ барлық деңгейде кең өріс берілді. Мұнсыз әкімшілік жүйесінде, сырт елдермен қатынаста, тіпті, өз ішімізде аттап басу мүмкін емес-ті. Бірақ “ұлт-аралық” қатынас құралы – өткінші сыпатты, аз ба, көп пе, белгілі бір тарихи кезең, шектеулі уақытқа ғана есептелуге тиіс-ті. Бес, он жыл емес, жаңа бір әулет қалыптасқанша, бүгінгі, тек қана орыс тілді буын мемлекеттік тілге біржола икемделіп, үйренбегені, үйрене алмағаны, түгел болмаса да, көпшілігі табиғи өмір заңымен негізінен өз орнын жаңа толқынға босатып... бір сөзбен айтқанда, барлық сала, барлық құрылымда

мемлекеттік тілді еркін игергендер басым көпшілікке айналғанға дейінгі дәуірге – айталық, ширек ғасырға. Бұл жиырма бес жылыңыз тым ұзақ уақыт емес, міне, тең жарымынан астамын өткеріп тастадық, алға бір қадам да жылжығамыз жоқ, керісінше, Колбин кезіндегі тиянағымыздың өзінен біржола айрылып отырмыз. Басқаны былай қойғанда, ол кезде ана тіліңізді ешкім ашық қорламаушы еді, енді қазақ тілі – мазақ тілге айналды. Қазақты әбден басынған, бөтен тілді “отандас” ағайындар тарапынан ғана емес; ең алдымен өзіміздің түрі қазақ, ділі қара, діні теріс, пиғылы арам, кісілік, мәдениет атаулыдан мақұрым, екі аяқпен жүргені демесе, адам кейіпті ештеңесі жоқ, бұрынғы-соңғы тарихта ұшыраспаған, керек десеңіз, тек қазақта ғана бар, әрі құбыжық, әрі сорлы, өзгеше кейіпті нәсіл – отарлық заманның лай-батпағынан құйылып, жуынды-кірімен суарылған, мәңгірт дейсіз бе, көзқаман дейсіз бе, әйтеуір не орыс емес, не қазақ емес, ешбір қоғамдық топқа жатпайтын дүбара қауым тарапынан. Атап айтайық, біз тіл білмейтіндердің бәрін дүбара демейміз. Бақытсыздық болмаса да, кембағалдық болмаса да, бір несібенің кемдігі ғана. Обалы – заманда емес, ата-анасында. Жат ортада иесіз өскен, балалар үйінен шыққан, бір қазағы жоқ Қиыр Шығыс пен Мұзды Терістікте, Сахалин мен Магаданда қазақ әке, орыс шешеден туып, ана тілінен мақұрым қалған мүскіндерге өкпе айта алмассың. Одан бергі, өз ішіміздегі тілсіздерге де түсіністікпен қарауға болар. Қайтсең де тіл үйрен деген талап қоймайық. Біреудің жасы өтіп кеткен, біреудің қабылеті кем, енді бірі қажетсінбепті. Мейлі. Бірақ тілсіз “қазақ” осымен тоқтаса ғой. Жоқ. Бәрі емес, әрине, біразы тоқтай алмайды. Тілдің керегі жоқ деп жариялайды. Жай ғана жариялап қоймайды, өзінің осы өзгеше пікірін дүниауи, ғылыми тұрғыдан дәлелдейді. Марк Твеннің бір кейіпкері: “Жұрттың бәріне түсінікті ағылшын тілі тұрғанда, Франциядағы жұрт неге француз тілінде сөйлеуі керек” деп айтқандай бейкүнә аңғалдық емес. Сол тіліңіздің өзінің мүлде қажеті жоқ деп тұжырады. Қажетсізі – қазақ тілі деген – ғылым, білім, саясат, әдебиет түгілі, үй іші, от басындағы қарапайым ұғымдардың өзін жеткізуге дәрменсіз, дүниедегі ең сорлы тіл. Айтсаң аузың саситын, таңбаға түсірсең, қағаз былғанатын, осы бір сөзімен-ақ аты жөні қазақтан өтіп, бүкіл Ресейге, тіпті, одан да арғы аймаққа белгілі болған, жай ғана белгілі емес, үлкен бедел, сияпатқа жеткен тарихшы профессор айтыпты. Ендеше, әлемдегі ең жұтаң, дәл осындай бейшара тіл шын мәнісінде мемлекеттік мәртебе алсын деп жүргендер – тас дәуірінің жабайылары қатарлас, ақымақ, надан, топас, түйсіксіз кісілер. Бұл сөзді қазақ тілінде қазақ тарихына қатысты қаншама роман жазып кеткен, сол үшін тіршілігінде бүкіл қазақ халқының ықылас-құрметіне бөленген атақты жазушының азғана уақыт қана алдамшы байлыққа жұғысқан жалғыз баласы айтыпты. Осыдан соң қайда барайық? Қос құлағы бірдей тілік болып шыққан бұл екеуі – көктен түскен шетін құбылыс емес. Туған халқына дұшпан, теріс ниетте қалыптасқан бүкіл дүбаралар әулетінің алдыңғы шептегі жаршылары. Айтып отырғандары – өздері ойлап тапқан кеп емес. Сол, жұртынан безген дүбаралар нәсілінің

жиын ортасында қалыптасқан философиялық, қоғамдық, саяси және әлеуметтік көзқарастың түйінді көрінісі.

Мейлі дер едік. Қоқыр жәшіктерді ақтарып жүрген бомбжар сияқты, базарда кәсіпшілеп жүрген кәрмәншіктер сияқты, соғыс аймағынан, апат ортасынан келдім деп, қаптап кеткен, әр бұрышта қол жайып отырған қожалақтар сияқты, ұнатпағаныңмен амалсыз шыдайтын, ешқайда көшіріп жібере алмайтын тағы бір бейбақ деп қоя салар едің. Қазаққа қарсы ашық майданға шыққан – жаңағы екеуі ғана емес. Толып жатыр. Бірінің аты өшсе, екіншісі бой көтереді, ол жоғала бергенде тағы біреуі табылады, өткені тіріліп, жаңасы жаңғырып жатады. Орыс тілді басылымдарды дабылдатып, радио мен теледидарды дарылдатып, кейде қосағымен, тобымен ереуілдеп, тыныш отырған үйінде төбенді ойып бара жатады. Ешкімнен ұялмайды, ештеңеден тартынбайды. Бұларға тыйым, тоқтам және жоқ.

Осының өзі-ақ бүкіл ұлтты аздыруға жетіп артылар еді. Сөйтсек, бұл – бергі көбік, сыртқы көрініс қана екен. Шын сұмдық тереңде жатыр. Мемлекеттік құрылымда. Барлық деңгей, барлық саладағы. Ұйымдасқан, ұлттық бағдарлама бойынша емес. Стихиялы түрде қалыптасқан заңдылық. Қалайша десеніз...

Күні кеше ғана Советтер Одағы ыдырады емес пе. Бәрінің соңынан болғанымен, өз кезегінде Қазақстан да тәуелсіздік алды ғой. Хош. Сонда... тәуелсіз жаңа мемлекеттің билік басына кімдер ие болды? Әрине, төңкеріссіз өткен бейбіт аударыста бәрі өз орнында қалды. Яғни, бұрынғы партноменклатура. Әлбетте, бұлардың бәрі бірдей жаман кісілер емес еді. Туған халқына теріс қарамайтын жақсылары бар. Екеу-үшеу, бесеу-алтау. Бәлкім, жиырма-отыз. Өте жақсысы да бар. Бір кісі. Бәлкім, соған жалғас тағы екі-үш адам. Жинап келгенде... нешеу? Ал ең жоғарғы деңгейдегі номенклатурадан тартып, ең төменгі, ауылдық, аудандық номенклатураны түгел тізімдесек... әлденеше жүз, бәлкім, бірталай мың. Соның бәрі жаңа елдегі үлкенді-кішілі тұтқаға ие бола кетті. Тұтқаға ие болған мыңдық арада бірер жыл өтер-өтпесте миллиондаған байлыққа тағы да құрық салды, елдегі барды түгел астыға басты. Мұның бәрін өзіңіз де білесіз. Қайталап отырғанымыз, бұл құрметті бай-манаптардың біразының жасы келген еді, біразы аурулы-сырқаулы еді. Кейбірі өзінен үлкеніректерге жақпай шеттетілді, яғни, тәуелсіздік әкелген жаңа құрылысқа туы көтеріліп араласа алмады. Әйткенмен, бұлардың бәрінің де өз балалары, немере, шөбере ағайындарының әулет-жұрағаты бар еді. Кешегі номенклатураның бүгінгі жас толқын ұрпағы, әрине, көбіне-көп қазаққа жат пиғылда өскен, және барлығы дерлік қазақ тілінен тақыр-таза мақұрым болатын. Оның есесіне әкесі, ағасы, жекжаты, яғни сүйеніші бар және қаратабан жаяу емес және бәрі де әйтіп-бүйтіп жоғары білім алған. Енді тәуелсіз жаңа мемлекетті басқаруға тиіс жаңа күш қай тараптан құйылуы керек? Бірінші кезекте кім? Кешегі партноменклатура әулеті. Сөйтіп, Қазақстан республикасы деп аталатын егемен еліміздің бүкіл мемлекет жүйесіндегі, әртүрлі деңгейдегі тетік, яғни жауапты қызымет

иелерінің басым көпшілігі туған тілінен мақұрұм сабаздар болып шықты! Манадан бергі ұзақ сонар сөзіміздің бар мәнісі осында.

Әрине, орыс ағайындар айтпақшы, исключения(с) правила(о) болмайды. Іскер, дарынды ғана емес, ұлтын сүйетін, тіпті бірлі-жарым қазақша да білетін, болашақта ұлтына тұлға болуға лайық жастар да бары күмәнсіз. Алайда, партноменклатура, кейде, тіпті, “зиялылар” әулетіне, бұлардың жаңа буын – жас ұрпағына тән ең басты белгі – тілсіздік және ұлтсыздық. Бойкүйез тілсіздік, бейтарап ұлтсыздық емес, белсенді тілсіздік, жігерлі, жауынгер ұлтсыздық.

Бір ғана ғажайып мысал. Осыдан екі-үш жыл ғана бұрын, тым шұғыл өсіп, азғана уақытта Сыртқы істер министрі дәрежесіне жеткен, яғни, аса дарынды, қабылетті, әрі іскер бір баламыз Республика парламенті алдында есеп беріп тұрып: “Сыртқы істер министрлігіне, жалпы, халықаралық дипломатияға қазақ тілінің керегі жоқ, демек, біздің қызметкерлердің қазақ тілін білуі де қажетсіз!” деген мәлімдеме жасады. Ой, жарайсың! Естіген жұрт есін жия алмай қалды. Сөйтсек, орыс қана емес, ағылшын, бәлкім, неміс, француз, испан, қытай, бәлкім, тіпті, зулу, коса, суахили, тағы басқа, біз атын да естімеген қаншама тілге жетік баламыз қазақшаға келгенде... ни-ну, тыпыру-тіпу... мұрнын көрсете алмайтын мүсәпір жағдайда екен. Ал осы ақыл-есі түзу, ғылым-білімі бар, ыспар әрі іскер баламыздың шешесі – қазақ тілінің мұғалімі, әкесі – әдебиет маманы, профессор, екеуі де ана тілінде сайрап тұр, керек десеніз, ағайын-туыс бас қосқан жиын-тойда күні бүгінге дейін Қыз Жібек пен Төлегеннің дуэтын қосылып айтады. Сонда... не керемет? Кезінде білмей қалған бала енді ептеп үйренуге болады, үйренбесе де, дипломатиядан алған азды-көпті сабақ жөнімен, туған халқының мың жылдық тілін, өзін биік мәртебеге көтеріп отырған мемлекетінің шартты болса да “мемлекеттік” деп аталатын тілін, біржола мансұқ етпей “оговорка” жасап, қиялай шығып, немесе, үндемей құтылуға болмады ма? Болмады. Ақыл-парасаты, дипломатиясы жетпегеннен емес. Қалыптасқан, қазаққа қарсы көзқарас, астам, ұлтсыз пиғыл көкейдегі ақиқат шынын айтқызған. Қазақстанның бір тұғырын ұстаған, биік дәрежелі мемлекеттік қызметкердің, жай ғана қызметкер емес, басқа жұрттарға өз елінің елдік бейнесін танытатын азаматыңыздың сиқы осындай болса, басқасынан не қайыр?!

Бұл – жалпы көпке әшкере болып қалған жағдай. Жабығы қанша, астары қанша – мың сан. Анығын айтсақ, дәл қазіргі кезеңде қазақ тілінің мемлекеттік өресін тарылтып, қолдан келгенше қарсы әрекет жасап, тек тіл ғана емес, қазақ рухы көрініс табар барлық сала, барлық жерде ұлттың өрісін шектеп, болашағына балта сілтеп отырған – басқа емес, тілсіз, түйсіксіз, имансыз қазақ текті шенеуніктер. Қазақ атты мемлекет ту көтергеннен кейін, өзінің құжаты қазақ, түрі қазақ болғаннан соң осындай мансап-дәрежеге жеткен екем деп әсте ойламайды. Бесіктен бастап алған теріс тәрбие, теріс оқу нәтижесінде мүлде басқа, ұлт емес, үйренген орысымның садағасы кетсін, адам атаулыға жат жаңа бір популяция өкілі ретінде қалыптасқан дүбара нәсіл – қазақ атаулыны түршіге жек көреді.

Мәпелеп өсірген өзіміз. Мәуелі жемісін де өзіміз көріп отырмыз. Кеш те болса тоқтау салатын қауқар және жоқ. Керек десеніз, оп-оңай үйретіп, тәубасына түсіруге, оны аз десеніз, ұлтшыл айқайшының ең даурықпасына айналдыруға болар еді. Қатарыңа қосылмасын, бейтарап қалдыруға болар еді. Тағы да ұлттық рухтың жарымжан қалпынан. Ондағы емес, біздегі. Шынында, сол дұбаралардың құтыруына ең алдымен адамның азғаны, халықтың қоры болып отырған мына біздің өзіміз кінәлі емеспіз бе!

Басқа бір ел, басқа бір жерде дәл осындай бір әулекі өзінің тілін қорлап, ұлтын балағаттап, көп алдына шықсыншы, не болар екен! Чешенстанда атып тастар еді. Өзбекстанда түрмеде шірітер еді. Қырғызстанда сабап, сирағын сындырар еді. Шынын айтсақ, атпас еді, шірітпес еді, сабамас еді. Өйткені сондай жағдайдың, яғни ұлтын қорлаудың мұндай түрі ешбір елде мүмкін емес. Тек бізде ғана айрықша өркендеп, құлпыра гүлдеп, ішіне шошқаның нәжісі толған қауғадай жемістер беріп тұр. Алдағы көрешегің – бұдан да зор.

“МЕМЛЕКЕТТІК” ЕМЕС ТІЛ

Мемлекеттік тілдің мүшкіл халі – сол тілдің, яғни қазақ тілінің бүгінгі, ескі совет әуезімен айтсақ, өскелең заманға сай келмейтіні, сыпайыласақ, онша сай еместігі, кедейлігіне байланысты деген пікір көп айтылады. Манағы дұбаралардың ішіндегі аз-маз түйсігі барлар және біз қарсы емеспіз, бірақ... деп, жаны ашығансып сөйлеген өктем нәсіл тарабынан. Бетке салар екінші бір кінәрат – қазақтардың өзінің көпшілігі ана тілін білмейтін көрінеді.

Соңғысынан бастайық. Шынында да, бәрін түгендемейік, осы егемен елдегі қандас қауымның қаншасы... таза қазақ? Мен сауалдың дәл осы тұрғыда қойылысы жаңсақ деп білемін. Қалыптасқан сарынмен кеттік. Біздегі біршама орныққан ұғым бойынша, ұлты қазақ болып туғандар үш топқа бөлінеді: таза қазақ, шала қазақ, ада қазақ. Мұның әуелгісі – тілі де, діні де қазақы тұлғалар, екіншісі – тілге шалағайлау, бірақ қазақтық санадан безбегендер, үшіншісі – тіл де жоқ, сірә, иманы да жоқ, түрі ғана қазақ ағайындар. Бұл арада тілдік белгі мен ұлттық бөлініс арасына тепе-теңдік қойылғанын аңдаймыз. Тілден айрылу ақыр түбінде ұлттық санадан да айрылуға бастайтыны рас. Бірақ бұл – айналмалы құбылыс. Кешегі орысшадан мақұрым ата-ананың немересі бүгін қазақшаны мүлде білмей шықса, осы қасқаның туған баласы демей-ақ қояйық, немересі қайтадан қазақшаға жетігіп шығуы қиын емес қой. Сондай-ақ, туған тілін білмей тұрған сабазымыз арада көп ұзамай-ақ аса жетікпесе де, қажетті мөлшердегі қазақшаны үйренуі қиын ба. Яғни, тілді білу, білмеу – ұлттық белгіні айқындамайтын, өзгермелі, түптің-түбінде өтпелі жағдай ғана.

Сонымен, турасына көшсек, дәл қазіргі кезеңде өзінің туған тілін (ана тілі емес, ана тіл, қашанда, тумысқа байланыссыз категория; жетік игерген, күнделікті тұрмыс, от басы, жұмыс, тіршілікте еркін

қолданылатын, негізгі тіл ұғымындағы сөз, демек, біздің қазақша білмейтін ағайындардың ана тілі – орыс тілі), яғни, ата-бабасының тілін тақыр-таза білмейтін қазақтың саны қанша, немесе, бүгінгі, өз республикасының шегінде тұрып жатқан жұртымыздың неше пайызы? Әр кезде әртүрлі сан айтылды. Мәселен, 90-жылдардың орта тұсында қазақтың қырық пайызы туған тілін білмейді деген сөз кеңінен тарап, талассыз ақиқат ретінде қабылданды. Шындығында, бұл – ешқандай қисынға келмейтін дерек. Тіл білмейтіндер көбіне соңғы буын, асса, жас мөлшері қырықтан төменгі қауым. Оның да барлығы емес. Мәселен, 80-жылдардың соңындағы біз байқаған бір деректе елдегі барлық қазақ ұлтты оқушылардың есебіне шаққанда, қазақ мектебінің шәкірттері – бір жарым миллионға тақау екен де, орыс мектептеріне баратын қазақ балаларының ұзын саны небәрі жарты миллион ғана екен. Яғни, қазақ текті барлық жеткіншектің ширегі, жиырма бес пайыз мөлшерінде ғана. Бұлардың бәрі бірдей қазақша білмейді деп айту қисынсыз. Қаладағылар түгел мақау дегеннің өзінде, ол кезде орыс тілді мектептер бір орысы жоқ, таза қазақ ауылдарының бәрінде ашылған болатын. Мәселен, мен туып өскен, қазағы жүз пайыз ауданда бізден соң орыс мектебі жасақталып, онда төрт жүздей бала оқиды екен (қазір жабылып қалса керек), барлық жерде осылай болды. Әлгі балалар, әрине, мектеп тілінен гөрі, үйдегі, ауылдағы тілді жақсырақ білді. Ол заманда мектептен өтпейтін бала жоқ. Жаңағы жиырма бес пайыз – қазақ тілі әбден әлсіреп, орыс тілі мүлде күшейген кездегі есеп, одан бұрын сол жиырма беске де жеткен жоқ, арыда, одан жиырма жыл бұрын, әрине, бұдан да аз болды.

Екінші бір долбар – қалада тұратын барлық қазақ, үлкен-кішісі демей, түгел қазақша білмеді деп санасақ, оған орыс басқан “тың өлке” – төрт-бес облысты толайымен қоссақ, сонда да жаңағы қырық пайызға жеткізе алмаймыз. Яғни “қырық пайыздың” зары – “Тіліміз құрып бара жатыр!” деген қауіптен туындаған орынсыз байбалам. Бар дегені болып жатқан өктем ағайындар: “Қазақстанда орыс тілі қысым көріп отыр!” деп шуласа, өздерін қақысы кеткен мүсәпір етіп көрсетсе, мұндай көпе-көрнеу аярлық зорлықшылға жарасады. Түпкі мақсат – бұрынғыдан әрмен жаныштай беру. Егер осыған керісінше, шын қорлық көріп отырған дәрменсіз мүскін өз жағдайын аз-маз әсірелеп, тіпті мүшкіл етіп көрсеткісі келсе, бұл тек қана жиреніш туғызбақ. Біздің жанашырлыққа шақырған, шарасыздан шыққан “Ойбай, қырық пайыз!” айқайымыз ойлағанға қарама-қарсы нәтиже беріп, “Е, өздерінің де шамасы бітіп отыр екен ғой, енді мойнын үзе салайық” деген шешімге жетеледі.

Сонда осы бақытсыз “қырық пайыз” қайдан шықты? 1989 жылғы, советтік ең соңғы халық санағының қорытынды деректеріне қарағанда, республикадағы қазақ жұртының 62,8 пайызы орыс тілін еркін игерген. Сәйкесінше, қалған 37,2 пайыз орысшаға онша емес, немесе, мүлде білмейді, яғни, тек қазақша ғана сөйлейді. 37,2 – дөңгелектеп, 40 деп қойыңыз, әйгілі қырық пайыздың түп төркіні, міне, осыдан шыкса керек. Бұл ғажайып логика бойынша, алпыс пайыз қазақ қазақша білмеуі керек.

Алпысыңыз да айтылып қалып жүрді, бірақ біздің дарақыларға көбірек көрінсе керек, кері айналып, қырыққа тоқтаған.

Сол жолғы санақ деректеріне жүгінсек, қазақ тілін ана тілім деп есептейтін қазақтардың ұзын саны 98,6 пайыз екен. Ол заман үшін тамаша көрсеткіш. Яғни, қазақ тілінен мүлде мақұрым, орыс тілін ана тіл санайтын қазақтар – барлық жұртымыздың 1,4 пайызы ғана. Әлбетте, әлгі 98,6 – түгелімен қазақша сайрап тұр деуге болмас. Біразы тұрмыстық деңгейде ғана, біразы ауызекі тілді түсінер жағдайда, енді біразы қазақшаға мүлде жоқ – жинақтап келгенде, әлде 5, әлде 7, бәлкім, 8-9 пайыз, бірақ бәрі де өзінің қазақтық тегінен, ата-бабасының тілінен мүлде жеріп кетпеген, тілімді білмеймін деп айтудың өзін намыс көреді деген сөз. Сонымен қатар, қызымет тілі, өндіріс тілі, көше тілі түгел орысша болғаннан соң, ана тілінде күнделікті сөйлеу машығы жетімсіз, нәтижесінде, белгілі мөлшерде қазақша біле тұра, қорғалақтау бар, бұл жағын да ұмытпаған жөн.

Десе де, еріксіз мойындау керек, орыс тілі, қазақ арасында, барлық деңгейде де өктем. Советтік кезеңде қалыптасқан жағдай, отаршылдық зардабы десек те, мәселенің ең басты кілтипаны өзімізде жатқанын, бізді ешкім де көпе-көрнеу зорламағанын, түптеп келгенде, барлық кінәрат – ұлттық сананың төмендігінен туындағанын мойындау қажет. Біз ойша шамалап отырған 7-8 пайыз түгілі, ресми 1,4 пайызыңыздың өзі тым көп. Тоқсан мыңның үстінде. Біз төмендете межелеп отырған 7-8-ге қисаңыз, кемі жарты миллион болып шығады. Тұтас бір халық. Ойлап тұрсаңыз, бұл жерде кеселдің үлкені санда ғана емес. Сапа демейік, тетікте. Әлгі, ана тілін білмесе де қалада өскен, негізінен билікке, бизнеске жақын мықтылардың шаңырағынан шыққан балаларымыз бүгінгі күні тағы да сол өкімет пен байлықтың тізгініне жақын отыр. Яғни, бұлардың ұлт болашағына тигізер әсері әлденеше есе. Дәл қазіргі кезеңде, тәуелсіз аталатын елдегі ұлттық нысандардың бәрін айтпайық, өзіміз ежіктеп отырған қазақ тіліне ғана жүгінсек, оңбай жатқан жағдайымыз негізінен осы орыс тілді қазақтардың кесірі екенін атап айтуға тура келеді. Ең соңғы деректеме бойынша, биыл, жыл басы, 2004 жылдың 1 қаңтарында Қазақстандағы қазақтың жиын саны 8 миллион, 550 мың, 846 жанға жетіпті, елдегі халықтың 57,2 пайызы. Егер біздің қазақ республика тұрғындарының 80-90 пайызына жетіп, оның ішінде туған тіліне жат, тек қана орыс (оған қосымша ағылшын, неміс, испан, түрік, эскимос, чукча т.т.) тілді бауырларымыз миллион емес, жүз мың, бес мың емес, жаңағы, дөңгелектен озып тұрған 846 ғана кісі болсыншы, бәрібір қазақ тілінің көсегесі көгермес еді, үкіметіңіз де, парламентіңіз де дәл қазіргідей қазақ тілін аяқ асты етіп, орысша сайрап отырар еді. Өйткені бар билік, бар билік болмаса да, президентіңіз бен соған тетелес тағы екі-үш адамнан басқа, дүниенің тұтқасын ұстап отырған барлық қожайындарыңыз қазақша білмейді – небәрі 846 кісі, бірақ жол – солардікі, тоқсан тоғыз пайыз, неше миллион халқыңызға пысқырмайды да. Мұны көп көрсеңіз, мен қазіргі Елбасыңыз – қазақ ортасынан шыққан, қазақша сөйлей алатын

ең соңғы президентіміз болмағай деп қауіптенем. Әсіресе ақиқат. “Кенесары көп болса жүзге келер...” демекші, келесі демейік, арғы, одан арғы сайлауларда басыңызға кім мінетінін қайдан білдіңіз? Дүние мына қалыпта тұра берсе, бүгінгі күнімізге зар болатын жағдай да алыс емес. Оның айқын мысалы – тақаудағы Парламент шешімі.

Бүгінгі жұртқа мәлім, болашақ ұрпақ ұмытып қалмас үшін тасқа таңбалап, тарихқа енгізіп қою қажет, осы жақында ғана республика Парламенті “Ел билеген қазақтың қазақ тілін біліп, мәдениеті мен тарихын құрметтеуі қажет емес!” деген шешім қабылдады! Сұмдықтың соңғы түйінін бірден ашпай, басынан көтерсек, депутат Амангелді Айталының сайлау туралы заңға: “Депутаттыққа кандидат қазақ азаматтарының мемлекеттік тілді білуі, елдің мәдениеті мен тарихын білуі міндетті”, – деген арнайы тармақ енгізу туралы ұсынысын өткізбей тастады. Еуропа нәсілді депутаттар түгел қарсы болғаны ештеңе емес, ұлты қазақ үлкен-кішінің біразы, қазақ бола тұра, қатардағы қазақ емес, ел билеу тетігіндегі, бай, бағлан қазақ бола тұра, қазақ тілін де, қазақ тарихы мен мәдениетін де біліп қажеті жоқ деп есептейді екен, бұл топта, тілі де бар, биліктің де дәмін тумысынан татып келе жатқан, елге тұлға деп саналатын, сыйлы ақсақалдарымыздың айқайы тіпті басым шығыпты. Таң қаларлық ештеңе де жоқ. Ұлт мүддесін саудаға салу – бұлардың совет заманынан бергі үйреншікті тәсілі. Сол арқылы қызыметі өскен, дегеніне жеткен. Ендігісі не десеніз, дәл осы жолы, дәл осындай бап – қазақ тілін білу, қазақ мәдениетін құрметтеу, қазақ тарихынан хабардар болу – биік талап емес, тұрмыстық, күнделікті қолданыс, орташа ақпар деңгейіндегі тілек – өтіп кете қалса... ертең әңгіме Парламент сайлауынан озып, мемлекеттік қызмет, әкімшілік сала – барлық деңгейдегі құрылымдар үшін қағидаға айналуы мүмкін, ал бұл деген... бұл деген – жас ұрпақтың – бар қазақ емес, осы биік мәртебелі ағайындардың және олармен тұрғылас, сыбайлас, жемтіктес басқа да “игі жақсылардың” жаңа ұрпағының қызмет бабында өсіп-өркендеуіне бөгесін болуға мүмкін! Қазақ тілі, тарихымен, мәдениетімен, басқа да бау-шуымен, керек десеніз, сондай артта қалған бұйымдарды күні бүгінге дейін пайдаланып отырған, және, әліне қарамай, алдағы замандарда да пайдалана бермек қара қазақ – бүкіл қазақ халқы құрып кетсін, әрмен кетсін, біржола түнекке батсын – онда тұрған не бар, тек өзімнің мәңгірт ұрпағым аман болсын, өсе берсін, өркендей берсін, жей берсін, жеміре берсін, қайталап айтайық, қалған қазақ күл болмаса бүл болсын! – деген теріс тілеу осындай масқара кепке жеткізді. Өздері өкім құрып, нанын жеп отырған мемлекет – Қазақстан, яғни Қазақ елі деп аталатыны, өздері ең алдымен сол қазақ халқы сайлаған, есепті, міндетті тұлғалар екені, әлгіндей, ақыл-есі түзу ұсыныс жасаған азаматтың артында қалың ел тұрғаны – бұйым емес. Бұйым болмайтыны – бұлар баяғы совет заманының өзінде-ақ қазақ халқын адам есебінен шығарып қойған. Одан бергі өздері үшін оң өзгерістер тек қана әуелгі, мыйға сіңген, көңілде орныққан пікір – қазақтың құнсыз жұрт екендігі, қазіргі, тәуелсіз аталатын елдің өгей ұлы, өгей ұлы да емес, құлак

кесті құлы, бүгін бар, ертең біржола құрып бітуге тиіс санасыз тобыр, тек қана аяққа бөгесін екендігі туралы сенім біржола бекіп, даусыз қағидаға айналған. Астамшылық дерсіз. Бекер айтасыз. Астамшылық емес, азғындық. Астамшылық болса, мұндай күшін қазақтан басқа жұртқа да көрсетер еді ғой. Орыс-орманды қайтеміз. Ол туралы сөз де жоқ. Тырс ете алмайды. Әлдебір ағайындар ұйғыр таршылықта отыр деп шағым айтсыншы. Немесе, күрд мектебінде әлемдік террорист Оджаланның суретін ілгізбей қойды деп. Немесе әлдебір кәрістің ит етін жеуі айыпталыпты деп. Ойбай-аттан, жайылып жастық емес, тілініп ұлтарак болады. Өйткені, екі жүз мың ұйғырға жақпай көр. Жүз мың кәріспен санаспай көр. Отыз мың күрдке жағынбай көр. Қараптан-қарап тұрып әкешешесінен құлдилатса да кешірім сұрап, жік-жапар болар еді. Ал қазақ деген... қазақ деген не. Әдірем қалсын. Сегіз емес, жиырма миллион болсын. Кім ол қазақ деген. Тілі неге керек. Тарихы мен мәдениеті неге керек. Тілін, мәдениетін, тарихын айтасыз, өзі неменеге керек! Қандай қысас жасасаң да қайтарым, қарымтасы жоқ. Не істесең де рауа. Өйткені, өз ата мекен жерінде, өз елінде отырған қазақ – бүгін әлемдегі ғана емес, өз ошағының басында да құнсыз жұрт. Сондай ұғым қалыптасқан. Кімнің кінәсі? Жетпіс жыл бойы советтегі бар кемшілікті патша самодержавиесіне жабушы едік. Енді өзіміздегі бар кінәратты қашанға дейін өткен отарлық тәртіпке жабамыз? Парламентте өз тіліңізге қарсы дауыс бергізген де кешегі советтік тәртіп пе? Қайта коммунист Серікболсын Әбділдин жұрттың алдымен тіліңізді жақтап шықты емес пе? Шынын айтсақ, коммунистер билігі күні бүгінге дейін орнында тұрса, жеріңізді, қазынаңызды, басқа да байлығыңызды айтпай-ақ қояйық, тіліңіз бен ұлтыңыз дәл осындай қорлауға түсер ме еді? Жоқ! Қазақ тілі – тіл емес деген Масанов ертеңіне сотқа тартылып, бүрсігүні түрмеде отырар еді. Өйткені қалай айтсаңыз да, ешкімнің ар-өжданын, ұлты мен дәстүрін (ашық) қорлауға болмайды деген заң бар еді. Бұл заң қазір де күшінде болуы мүмкін. Бірақ қазаққа жүрмейді. Қазақ – осы, Қазақстан аталатын географиялық кеңістіктегі жалпы жұрттың қорлауына қойылған тәжірибе жандығы. Ерінбеген есектің бәрі тас лақтыруға тиіс. Әрине, ең алдымен өзіміздің интернационал белсенділер.

Енді манағы, қазақ тілінің кедейлігі, икемсіздігі туралы әңгімеге оралсақ, бұл да қазақты көпе-көрнеу кемісіту, ұлттық намысын қорлаудың бір көрінісі ғана. Қазақ тілі, бұрын да талай рет айтқанбыз, жазғанбыз, өзінің табиғи мүмкіндіктері тұрғысынан алғанда, атақты орыс тілінен әлдеқайда қуатты. Бұған келіспеңіз. Үйренбеген, аса сөлекет сөз екен. Ендеше, байлығына күмән келтірмеңіз, неміс-қазақ Герольд Бельгерден бастап, қаншама нақты мысалдар айтылған. Бұған да тоқтамадық. Кедей екен, жұтаң екен. Сонда, тіліміз кемшін екен деп, мемлекеттік тәуелсіздіктен бас тартпаймыз ғой. Әлемдік қауымдастық, ұлы державалар түгел мойындаған. Ендеше, сол егемен елдің мемлекеттік тілі – мемлекет құраған, негізгі, тұрғылықты халықтың тілі болуға тиіс. Амал жоқ, кедей болса да, кемшін болса да, ауру, сырқау болса да қабылдайсыз. Қазақстандағы, яғни Қазақ еліндегі Мемлекеттік тіл – қазақ тілі! И баста!

– болды, бітті, дейді орыс ағайындар. Қаламасаңыз да қабылдайсыз. Ал термин мәселесі... саяси, ғылыми, экономикалық... Қай тілмен қоса жаратылыпты? Ел өркендеп, ғылым-білім дами келе қалыптасқан. Және... Орыс тіліндегі термин сөздердің неше пайызы таза орыстық? Үш? Бес? Мейлі, он, жиырма, елу болсын. Бүкіл медицина – латын, бүкіл техника – неміс, итальян, француз, бүгінгі дамыған нақты ғылымдар – түгелге жуық ағылшын... Аласыз да, қажетіңізге жаратасыз. Ғылым мен өндірісте ғана емес, саясатта да. Тек... бір сорақы мысал. Бізбен арғы тарихы ортақ, қазіргі жұрты туыс, кеудесі зор, ұлттық намысы шеңбірек атқан түрік ағайындар... “политика” дейді, “культура” дейді, әуелде дәл өзіміздей “саясат”, “мәдениет” екен, баяғы 20-жылдары, монархия құлап, демократияға аяқ басқан кезде, бүгінгі біздегідей, аяқ астынан шыққан білгір “патриоттар” араб, парсы текті термин, атаудан түгел құтылуымыз керек деген ұранмен, “мәдениетті” – “культураға”, “саясатты” – “политикаға” ауыстырған. Бұл ғана емес. “Мұғалім”, “мектептен” бастап, мыңдаған сөз тазартуға түскен, кейбірі, жоғарыдағыдай, батыс тілдерінен, кейбірі өз тарапынан, жаңадан – мәселен, “мектебіңіз – “оқұл”, сірә, оқитын жер, “мұғаліміңіз” – “оғретмен” – үйретуші. Нәтижесінде, түрік тілі байымаған, кедейленген, оның үстіне, мың жылдық туыстас түрік тілдері – қазақ, өзбек, қырғыз, татар – мына бізден алыстай түскен. (Бұған арабта бар, әрі “дөрекі”, “анайы” деп, тілден “қ” дыбысын аластау және қосылған; бүгінгі түрік тілінде “қ” жоқ, алыс ауылдарда ғана сақталып қалыпты.). Біз де, тәуелсіздік алып, бұрынғы бұқпантайлар мен жалтақтар түгел ер шығып, бұрынғы ұлтсыздар мен бетсіздер түгел патриот шығып, қазақ рухына қатысты бар істің тетігін ақыл емес, айғай шешкен кезде, осы екі аралықтағы, ең сорақы жолды таңдадық. Тілімізде әбден қалыптасқан жат негізді атаулар қисынды, қисынсызына қарамай, түгел “қазақшалана” бастады. Мәселен, өткендегі мемлекеттік және саяси құрылым атауы – “Совет” сөзін алайық. Советтер Одағы. Советтік Социалистік Республикалар Одағы. Қазір “Кеңес” болды, СССР немесе ССРО орнына КСРО. Мұндай мемлекет, мұндай атау болған емес. Жетпіс жыл бойы олай жазылған емес (20-жылдардағы әлсіз талапты есепке алмасақ). Өткен тарихқа мүлде үйлеспейді. Егер түгел қазақшалау керек болса, “социализмді” де аударыңыз. “Ортақшыл” деп, баяғыша. Жарар, “республика” – жұмхұрият екен. Қайткенде де “Совет” өзгермеуге тиіс. Бүкіл әлемде солай қабылданған. Америкада, Германияда, Францияда – бәрінде. Ағылшын тілінің, неміс тілінің, француз, испан тілдерінің кемістігінен емес. Қарапайым ғана қисын бойынша. Біздің дәл осы реттегі “патриотизм” – тек білместік қана. Бүкіл әлем қабылдаған, ғасыр бойы қалыптасқан мұндай атау ғана емес. Күнделікті тұрмысқа байланысты тағы қаншама тұрақты ұғым. Айталық, “әптек” деген сөз бар еді, жазуымызға енген, жұртқа етене; тапа-тал түсте “дәріхана” болды, мен көшеде көрген сайын “дәретхана” деп оқып барып түзетем. “Ресторан” – “мейрамханаға” айналды, бұрын шет елдік әдебиеттен ғана естіген “казино” – қазаққа тіпті етене шығып, “ойынхана” атанды. Қаптаған сұрықсыз “хана” мен қисынсыз жаңа. Кейде тым сорақы. Қайсы бірін

түгендеп бітерсің. Бүкіл дүниеге ортақ “паспорт” бар еді, “төлқұжат” деген сөз ойлап таптық, негізі теріс емес, бірақ жеке басқа қатысты барлық құжаттың жиынтық атауы ретінде қолдануға лайық, ал “паспорттың” жөні бөлек. Әрине, “құжат” орынды; қандай орайда болса да, туыстас тілдерге енген, қалыптасқан атауларды іркілмей ала берген жөн. Әлбетте, қажетті жерінде балама табу, жаңа сөз, жаңа термин тудыруға да болады, бірақ ғылымда, экономика мен өндірісте, мәдениетте ондаған жылдар бойы қолданылып, әбден қалыптасқан атаулардың талайын бүлдірдік. Бұдан тіліміз байыған жоқ, керісінше, кедейленді, жайдақтанды, керек десеңіз, кейде қазақша оқып отырып, түсіне алмайтын дәрежеге жеттік. Аңғалдық дейсіз бе, надандық дейсіз бе, қайткенде де, асыра сілтеу болды. Қайтадан оңдау – бірталай күшке түспек.

КІСІЛІК БЕЛГІСІ

Менің ұғымымда өз елінде тұрып жатқан қазақ үшін кісілік өлшемі – туған тілін білу. Анасын сатқан адамда қандай қасиет болуы мүмкін. Жарайды, танымай туғанына кінәлі емес. Бірақ қазір ес біледі ғой. Яғни, көріп тұрған анасына қайтып оралуы шарт.

Ал тіл үйрену деген, басқаны айтпайық, қазақ үшін онша қиын емес екен. Осы он жылда ағылшынға жетігіп алды. Керек десеңіз, қазақ тілінен хабары жоқ біраз балаларымыз, тіпті, арнайы барып оқымаған, тек бизнес төңірегіндегі кейбір жігіттер мен бойжеткендердің өзі түрік тіліне сайрап кетті. Өйткені, ісі жүру үшін түрік тілін білу қажет екен. Ағылшын – болса болмаса. Яғни, дәл осы ретте аюға намаз үйреткен – таяқ емес, соның туыстас ағайыны – тамақ. Тамақ табу үшін, күнкөріс үшін зәңгінің тілін де үйренесің. Ал қазақ тілін үйрену шарт емес. Өйткені ешқандай қажеттілік жоқ. Ал біз “ойбай, тіл білмеген ұят” деп, ұлттық сана, адамдық намыс дейтін абстрактілі ұғымдарды алға тартамыз. Ата-бабасының тілін білмеген, дәстүр-салтын мойындамаған, бар тәрбиесі орыс-советтік, тек түрі ғана қазақ “бауырында” адамдық намыс деген ұғым – жиын-тойдағы дастарқан, қызыметтегі стол басында ғана, әйтпесе, кісілік қасиеттен жұрдай, оның ұғымындағы адамдық намыс – туған ұлтына мүлде қатыссыз, керісінше, ұлтын сөгіп, тілдеп жатқанда қорлану, намыстану орнына өзі қосыла қорлауға бейім. Намыс атаулының жұқанасы болса, өзінің қазақ екендігіне ғана намыс. Ал ұлттық сана... атымен жоқ. Керек десеңіз, өзін ұлттан жоғары санайды. Өйткені “төменгі нәсілдің” тілін тәрік еткен, дәстүр-салтынан жиренеді, қазақ тілді жұрттың бәрін жек көреді. Қояншық сана, құлдық мінез осындай былғаныш шыңыраудың түбіне түсірген. Қайтып шығуы үшін, бірдеңені түсініп емес, әлденеге түшіркеніп емес, басқаша жағдайда қу құлқыннан қағылатынын аңдау үшін, манағы ағылшын, түрік, араукан, копт, инк, санскрит, масайы тілдерін үйренгені сияқты қажеттілік тууы керек. Бүгінгі жадағай ұранмен ешқашан ешқандай нәтижеге жете алмайсыз.

Бұл үшін ең алдымен, қазақша білетіндер өзара қазақша сөйлессін. От басынан базарға дейінгі аралықта. Біздің бар тіршілік осы ошақ қасынан бастап бүлінді емес пе. Енді бүгінгі қаптаған базарға қарасаңыз, жыпырлаған қазақ, және мәліш саудада отырғандардың көпшілігі ауылдан келген, орысшаға шалағай қазақ, сонда да құдай атып, қасынан өтіп бара жатқан қазақ кемпіріне: “дебұшка, дебұшка, пажалыста, купайте ұу мене...” деп мәдениетсіп жатқаны. Біздің еліміздің болашағы – жас балаларымыз қазақ мектебіне барар, ағылшын мектебіне барар, тіпті, дүниеге жақынырақ деп, орыс мектебіне барсын, бірақ тым терең болмаса да, әуел баста ауызекі тілде еркін сөйлейтіндей дәрежеге ұмтылуы үшін, қазіргі күнге сенімсіз ата-аналар түптің-түбінде, тым ұзаса, осы балаларының заманында қазақ тілінің де керек боларын ұғынуы қажет. Ол үшін... атқарылатын, күн тәртібіне қойылатын мәселе көп. Соның бірі – кері тартқанды қыл кеңірдектен алатын пәрменді үгіт құралы – “Мемлекеттік қызыметтегі қазақ азаматтар қазақ тілін білуі шарт” дейтін талап болуға тиіс. Манағы, “парламент депутаттығынан үміткер қазақ – туған тілін білсін” деген ұсыныстың мәнісі осындай, ұлт болашағын ойлаудан туындаған, аса ұтқыр жоба болатын. Ақыр түбі жүзеге асуға тиіс. Бірақ неге дәл осы жолы өтпей қалды? Неге қазақ тілін тәуір білетін, елге танылған “қалаулыларымыздың” біразы сол қолын ғана емес, екі аяғын бірдей көтеріп, қарсы дауыс берді? Мана айтқанымыздай, өздерінің дүбара әулетінің күйкі тіршілігін қамтамасыз ету әрекеті ғана емес, күні бүгінге дейін баяғы отаршыл, өктем ұғымнан арыла алмай отырған орыс тілді электоратқа жағыну амалы. Республикадағы сайлаушылардың қайткенде де жартысынан кемін, тіпті, үштен бірін ғана құрайтын ағайынға. Дауысым кем түседі деп ойламайды. Өйткені саны басым қазақ ешбір есепте жоқ. Түгел мақұлық, онсыз да дауыс береді деп біледі. Бірақ дәл осы жолы бұл көрегендер аз-маз қателесті. Бір топ әдебиет және мәдениет қайраткерлері бастап көтеріп, бүкіл халық ашу-ыза, наразылық білдіріп жатыр. Енді жаңағы азаматтарымыздың кейбірі “мен дауыс беріп едім” деп, көпе-көрнеу ісінен танса, енді біреулері екінші қайырымда бері қарай икемделсе, балшабектік отарлық санада қатып қалған бір академик ағамыз жалы күжірейе көтеріліп, тікелей қарсы шабуылға көшті. Атын атасам, алдымдағы қағазым былғанғалы тұрған, бүгінгі ұлтсыздықтың көрнекі тұлғасы ретінде көпке мағұлым бұл сабаз қазақ тілінің теңдік құқығы туралы мәселе көтерудің өзі республикадағы ұлт-аралық тыныштықты бұзатын арандату болмақ деген дана қағида ұсынды, енді өзі айтқандай-ақ, азаматтық құқығына нұқсан келмек орыс тілді жұртшылықты қазаққа қарсы, қазақ зиялыларына қарсы көтеріліске үндеп, ұйқысыз, күлкісіз жар салып жүр. Ал біздің жұрт, соңғы жылдарда қалыптасқан құр айқаймен, жаппай сөгіп жатыр. Дұрыс емес. Рақмет айту керек. Тәубамызға түсіріп, ақылымызға келтірген, оң мен солымызды тануға жәрдемдескен мұндай қайраткерге рақмет айтудың өзі аз, бүгін тарихқа енді, ертең ескерткіш қойсақ ләзім, – отарлық, құлдық сананың ең соңғы ұлы құрбаны деген әйдік жазуымен қоса. Конституция бойынша мемлекеттік тіл – қазақ тілі болғаннан соң, мемлекеттік қызметкерлер де

қазақша білуі шарт! Бұл бап бірден жүзеге аспас. Билеп-төстеп қалған, әдетте өз тілінен басқа тіл біле бермейтін орыс ағайындар үшін, әрине, өткел бермес асу. Әзірше. Бес, он, жиырма жыл дейікші. Әуелі өзіміздің қазақтан талап етейік. Сонда, заманы өткен ұғыммен айтсақ, қазіргі бүкіл партноменклатура: “Балшабектер алмайтын қамал жоқ!” – деген жалынды ұран астында екі бес жылдық жоспарыңызды үш те үш жарым – алты жарым жылда артығымен орындап, өзінің бүгінгі ғана емес, болашақта дүниеге келмек барлық немере-шөбере, шөпшек-шөбелек – жеті атаға дейінгі әлі тумаған ұрпағын түгел қазақшаға көшіріп береді. Әлбетте, партиялық басшылар осылай шешкен соң, билікті парламентіңіз де, былыққан базарыңыз да, ең бастысы – тумысы қазақ үлкен-кіші түгелімен өз тіліне қарай бет бұрмақ. Анығы осы. Сіздің осындай, өз тіліңізді өзіңіз үйреніп, айналасы он-жиырма жылда Хрущев жүзеге асыра алмаған коммунизмді Қазақстанда орнатып тастағаныңызды көрген басқа жұрт – “орыс тілді” аталатын қауым, әрине, ағылшын тілінен бұрын қазақ тіліне ұмтылмақ. Яғни, ағылшынды ғана емес, қазақ тілін де игеру қажет деген ұран. Қиял емес, шындық.

Ақиқатын айтсақ, “Көп – қорқытады, терең – батырады”. Береке-бірлік те, күш-қуат та, айдын мен қасиет те көпте. Көп болсаң... айтып-айтып, құса, қайғы басты, егер 1932-33 жылғы советтік геноцид болмаса, бүгінгі қазақтың саны кемі жиырма миллионға тартар еді, Орталық Азиядағы ең қуатты мемлекет аталар едік, тіліңіз не, біздің ойымызға да кірмеген каншама мәселе өзінен-өзі шешіліп жатар еді, мінезіміз де, жүріс-тұрысымыз да, әлеуметтік, экономикалық жағдайымыз да басқаша болар еді... деп зарлана бергеннен не қайыр. Болмаған болашақ, жүзеге аспаған, орта жолдан қиылған тарих. Халқымыздың үш мың жылдық ерлік күресі, ұзақ тарихта жеткен барлық игілік – айналасы екі-ақ жылда сарып болды, ақыры, міне, өз жұртымызда осыншама бейшара күн кешіп жатырмыз. Бірақ ақыр түбі бұл емес. Тілегіміз біржола кесілген жоқ. Болашағымыз біржола тұйықталған жоқ. Өз ел, өз жерімізде отырмыз. Соған орай, өз сыбағамызды, тиесілі еншімізді иелену үшін... ең басты шарт – көбею! Бүгінгі республика шегінде басым көпшілікке айналсақ, “қара орысыңыздың” қайтадан қазақтануы тұрыпты, тілі жақын, діні ортақ ағайындас жұртыңыз не, сары орыстың өзі қазақ шығады. Тілімен ғана емес, ділімен де. Әрине, ерікті түрде, өзінің ынта-тілегімен. Қазір біздің орыс тілді қазақ журналистері бастап айтып жүргендей, әлемнің даму үрдісі, шет мемлекеттердің ұлттық құрылым тәжірибесі осындай. Франция – француздардың мемлекеті, Германия – алмандардың мемлекеті. Кішкентай ғана Чехия – чехтардың, Словакия – словактардың, Венгрия – мажарлардың елі. Бәрінде де аз ба, көп пе, басқа бір ұлттардың өкілдері болған, әлі де бар. Бірақ солардың бәрі де жұрт иесінің тілінде сөйлейді, сол жұртқа сіңісіп, қосылып жатыр. Өткен тарихта да солай болған. Бүгінгі қазақ та осылай құралды. Басым көпшілік, жетекші нәсіл қалған азшылықты өз ортасына қабылдап алады да, небәрі екі, үш, асса

төрт ұрпақ өткенде айна-қатесіз өзі қылып шығарады. Тілін, дәстүр-салтын ғана емес, түр-тұлғасына дейін.

Бірақ... өзге емес, бізде мүлде керісінше – тілінді де, дінің мен ата дәстүрінді де біржола тәрік етіп, басқа бір халыққа – орыс емес, аралықтан шыққан дүбара да емес, көп ұзамай мүлде құрып бітер тексіз тобырға айналу қаупі тұрғанын да терістей алмаймыз. Бүгінгі, қазаққа шекесінен қарайтын номенклатура, олардың өзі шыққан ұлтты жек көретін мәңгірт әулеті байлыққа батып, билікке жетіп, сырт жерде осыншама құрметті болып отыруы – арттағы қара орман жұрттың арқасы екенін түсінбейтіні таң қаларлық жағдай. Қазақ ұлттық сыпатынан айрылса, көп ұзамай қазақ атымен аталатын ел де жер бетінен көшеді. Қалған қарапайым жұрт дәл бүгінгіше итшілеп тағы да біраз тіршілік кешер. Ал өзі мойындамаған, өзі қарсы жұмыс жасаған, ақыр түбінде өзі сатып кеткен елдің туы құлаған соң кешегі жандайшап кімге керек, бытқыраған байлығымен бұрынғыша тұра бермейді, ең алдымен солардың көзі жойылады – басқаны айтпағанда, қолындағы қазынасын тартып алу үшін. Бірақ азғындарының жаза тартқанынан өтіп кеткен елге келер ешқандай пайда жоқ. Күріш орылғанда күрмектің қоса кеткенінен не қайыр. Ішті, сорды, тойды, тиесілі теріс міндетін түгел атқарды. Ендеше, әуелі осы күрмек мәселесін шешіп алған жөн. Яғни, қара орман халқыңыз аман болсын, аман болу үшін арамнан тазарсын, арамнан тазару үшін етек-жеңін жинасын. Манағы сөзімізге қайтып оралсақ – бүгінгі, ұзын саны әжептәуір, бірақ өз елінде ұлттық басымдыққа жете алмай отырған қазақ еселеп көбеюі керек. Сонда ғана өз еліңізде Кісі боласыз.

“СЕНІ ШАҚЫРҒАН МЕН ЕМЕС!..”

Көптік – ырыс екенін, елдің баянды тіршілігінің кепілі екендігін ата қазақ тым жақсы білген. Соған орай, өзі қатарлас ешбір халықта болмаған аса ұтымды демографиялық саясат қалыптастырған. Бірнеше қатын алу, қыздың – некесіз, жесірдің – байсыз қалмауы, көп балалы шаңыраққа ұмтылу – ішкі мүмкіндікті сарқа пайдаланудың көрінісі. Бұдан басқа, төтенше амалдар да әдет-ғұрыпқа енген. Атап айтқанда, жорық, соғыс күндерінде жат жұрттан қыз, келіншек – жас әйелдерді көптеп әкелумен қатар, ес біле қоймаған кішкентай балаларды олжалау, және алаламай, туған ұл ретінде өсіріп бағу, тиесілі еншісін беріп, тең қатарға жеткізу дәстүрі кеңінен етек алған. Сонымен қоса, шабындыдан келген, ауыл-үй ішінде күнделікті шаруа, мал бағуға жегілген қайратты жігіттер де мәңгі-бақи құл болып қалмаған, белгілі бір уақытта үй тігіп, отау көтеріп, қатарға қосылған, одан туған балалар рудың толық дәрежелі мүшесі саналған. Ендігі бір өнімді тәсіл – жеңілген жұрттың жекелеген шаңырағын ғана емес, тұтас ауылдарын көшіріп әкеліп, біржола сіңіру. Немесе, арғы беттегі дұшпаннан күшпен ығысып, пана сұрай келген топтар, тұтас рулар. Арада екі-үш ата өтпей-ақ бұлардың бәрі де қатардағы қазаққа айналып, белгілі, үлкен бір рудың құрамына еніп

отырған. Ресей бодандығына өткеннен соңғы жерде патша қысымынан кашқан, әртүрлі тағдыр жетелеп әкелген, арғы тегі туыс қаншама жан қазақ арасына орнығып, өзінің ғана емес, болашақ ұрпақтарының да тағдырын қазақтандырған. Қайран қазақ, дарқан қазақ, кең қазақ бәрін де риясыз қабылдап, өзіне сіңіріп ала берген. Соның арқасында көбейіп қана қоймаған, генетикалық қорын да байыта түскен. Өстіп, әлденеше ғасыр бойы қазақ байдың көл-дариясына сан салалы бұлақтар әр тараптан келіп қосылып жатқан.

XX ғасыр, советтік қыспақ заманында ата қазақ тәубасынан жаңылды. Бөтенді баурамақ түгілі, өзінің барынан айрыла бастады. Бұрын бір пұшпағы ғана Қытайға кетсе, енді Ресей шегіндегі ағайынның өзі бірнеше республикаға бөлінді. Қазақ атымен қалған елдің өзі ту-талақай болып, халқының жарымынан астамы аштан қырылып, тағы біразы шет жұрттарға бас сауғалап, ортасынан ойылып, тақаудағы жүз жылда оңалмас ауыр апатқа ұшырады. Әйтеуір, орнында бар оңалар дегендей, ілдалдалап ес жиып, қайтадан түтін түтетіп, қайтадан өсіп-өніп, күнкөрістік, бой көрістік, шүкірге тақау жағдайға жеткен екен. Ақыры қайыр болып, тәңірінің сыйы тәуелсіздік келіпті. Енді, шын мәнісіндегі іргелі ел болу үшін қайтадан құралу керек еді. Бүтін халқыңыздың үштен бірі жаңа ғана ту көтерген атаулы мемлекетіңіздің шегінен тысқары жатыр. Бұл жағдай тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап-ақ қазақ зиялыларының көкейінде, тіпті, өкіметіңіздің өзінің назарында тұрды. Сонымен қатар, сырттағы жұртымыз да ата шаңырағына айрықша ықылас білдірді. Өзінің бас ордасында басым көпшілікке айналу – ұлтымыз үшін өмірлік мәні бірінші кезекте тұрған, ең маңызды мәселе болатын.

Қайталап айтайық, советтік билік жылдарында қазақ әуелі аштық апатына ұшырады, содан соң туған жерінен тобымен қоныс аударуға, жат жұртта бой жасыруға мәжбүр болды, атылды, айдалды, алты аласы жоқ жиһан соғысына тоғытылып, алғы шепте тағы да қырылды, аз-маз тыныштық орнаған заманның өзінде жоқшылық жеңіп, ауру-сырқау жайлап, табиғи өсімінің өзі шектелді, осының бәрі аз болғандай, бас көтертпей, біржола отарлау үшін жетпіс жыл бойы қазақ жеріне славян нәсілді жұртты жүз мыңдап қоныс аудартып, ақыры әлденеше миллионға жеткізіп, оларға барлық жағдай жасалды, бұған қосымша, империяның еуропалық батыс бөлігін өктем ұлттың мәңгілік иелігіне айналдыру үшін мұсылман текті қаншама халық түп-тамырымен қопара көшіріліп, тағы да қазақ қонысына шашылды – нәтижесінде 1959 жылғы Бүкілодақтық санақта қазақтар өздерінің мың жылдық ата қонысы Қазақстан шегіндегі халықтың небәрі 29 пайызы, яғни үштен біріне де жетпей қалды. Сөйтіп қазақ өз елінде сан жағынан ғана емес, адамдық құқық, кісілік есеп тұрғысынан алғанның өзінде екінші емес, үшінші де емес, ең төменгі нәсіл – бесінші, алтыншы сұрыптағы, ең құнсыз халыққа айналды. Құнсыздығымыз соншалық, ұлттық қасиеттен айыру, отарлау саясаты жоғарғы, советтік, партиялық билік тұрғысынан айрықша арсыздықпен, ашықтан-ашық жүргізілді, ал бейресми жағдайда, күнделікті тұрмыста, қазақтың кемшін екендігі, қор, сорлы, ешқандай құқықсыз екендігі өктем,

жаулаушы жұрт тарабынан аяқ аттаған сайын көзге шұқып, нұқып көрсетіліп отырды. Түбегейлі жеңіске жеткен өктем халық өкілдері, тіпті, басқа, түгелге жуық орыс жайлаған қалаларды айтпағанда, астана Алматының өзінде қазақтардың көшеде, қоғамдық көліктерде өз тілінде сөйлеуіне тыйым салуға тырысатын болды. Барлық келімсек атаулы күнделікті өмірдің барлық саласында қазақ текті нышандарды тапау, қазақ намысын қорлауды әдепкі қағидаға айналдырды. Және қит етсе, қазақтың аздығын бетіне басатын. Сондықтан да аз-маз намысы бар, ұрпағының қамын ойлаған, болашақ тіршіліктен үмітті қазақ атаулы туған халқымыздың өз жерінде көпшілікке айналуы – барлық болмаса да, бірталай мәселені өзінен-өзі шешіп береді деп білді.

Енді міне, тәуелсіздік орнағанда сол арманның тезінен жүзеге асуына барлық жағдай туғандай көрінді. Соған орай, республика басшылығы да бұл іске оң пейілмен қарады. Дүние жүзі қазақтарының құрылтайы өткізілді. Сырт елдерде, оның ішінде кешегі советтер шегінде қалған ағайындар жекелеп қана емес, тобымен көшіп келе бастады. Ашық айтылмағанымен, сірә, белгілі бір деңгейдегі мемлекеттік бағдарлама жасалды. Оның айқын көрінісі – Моңғол ұлысындағы бауырларымызды ұйымдасқан түрде ата жұртқа қоныстандыру болды. Түркмендегі, қарақалпақтағы қазақтар жапырлап көшіп жатты. Өзбекстан шегінде де қозғалыс бар. Ресей қазақтары да қобалжи бастады. Қытайдағы қазақта да ұшарға қанат жоқ. Сөйтіп, сырттағы халқымыздың өз ата жұртына, нақтырақ айтсақ, бәрі де ата жұртта отыр, өзінің дербестік туын көтерген бас ордасына жаппай бет бұруы, үдере көшуі күн тәртібінде тұрды.

Міне, осы кезде... өздері де қаусап, біржола ыдырауға шақ отырған Ресейдегі империялық күштер, оның сыртқы көрінісі болып табылатын, бұрында “орталық” саналған газет, журнал, радио, теледидар – біз сөзбен айтқанда, отаршыл ақпарат көздері ойбай, аттанға толы қоқан-лоқыға көшті, ол аз болғандай, тәуелсіз аталатын елдің өз ішінде шығып жатқан орыс тілді баспасөз, әсіресе, дөкір шовинизм ғана емес, арсыз расизмнің жаршысына айналған “Караван”, “Казахстанская правда” газеттері күш алды. “Қазақстан өкіметі республикада тарихи қалыптасқан демографиялық тепе-теңдікті бұзғысы келеді, көп ұлтты елді түгелдей қазақтандырғысы келеді, бұл не сұмдық!” деген айқай көтерді. Әлбетте, мұндағы жандайшаптардың, андағы өктемдердің артында тарихты кері бұрғысы келген империялық, отаршыл күштер тұр еді, және баспасөздегі ноқы мен дүбір – оның сыртқы, сыпайы ғана көрінісі болған тәрізді. Біз арғы, жоғарғы Ресейдегі жуан биліктің бергі, төменгі демейік, әлі буыны бекімеген жас билікке, жарлық, нұсқау демейік, қандай ағалық кеңес бергенін білмейміз. Мүмкін, ешкім доңайбат жасамай-ақ, күшігінен таланып, бәріне көндіккен сорлы басымыз, өз-өзімізден-ақ жаннан түңіліп, бұрынғы қожайынның ыңғайына жығыла берген шығармыз. Қайткенде де өкіметіміздің әуелгі арыны су сепкендей басылып қалды. Әрине, көші-қон тоқталсын деген пәрмен бере алмайды, басталып кеткен іс өз ағынымен ештеп жүре береді, тек енді бұл тарапта айтарлықтай жаны ауыра қоймайтынын байқатты.

Жаны ауырмайтыны, керек десеңіз, ашық қарсылығы қайта оралған қазақтарға, басқаны былай қойғанда, азаматтық беру мәселесінен айқын андалды. Түптеп келгенде, қолда тұрған нәрсе ғой. Ал біз тоқсан түрлі, көбіне-көп қисынсыз анықтама сұрап, сергелдең азапқа салдық та қойдық. Ресейден қайтып келген текті нәсіл – орыс ағайындар үш ай ішінде паспорт алып үлгереді екен. Ал өз ата жұртына оралған, нәсілі төмен қазақ айлап емес, жылдап жүреді, өмірін тоздырып, өксумен шаршайды, міне, алды бір мүшел – он екі, он үш жыл болды, әлі күнге паспортқа жетпеген қазақтар бар. Ал жаңадан келіп жатқандарды қияметтің қыл көпірі күтіп тұр. Қай мекемеге барса да, қаптаған шірет, қорлық сөз, дөкір қабылдау. Бұл – әйтіп-бүйтіп Қазақстанға жеткендері. Ал сырттағы ағайын... Өзбекстанның сұраусыз, құнсыз қазақтарды қорлайтын өз заңы бар. Қытай – әуелден әлемдік империя, күш-қуатына сенеді, саясаты берік, сондықтан да өзбектегі шолтаң өкіреш жоқ, жымия күліп отырса да шеңгелі берік. Бұл бағытта өкімет, низам тарабынан қойылған тосқауылды айтпағанда, біздің тиесілі консулдық мекемелерде бекіген өкілдеріміздің әрекеті, нақтылап айтсақ, ешкімге де құпия емес парақорлығы мен ешқандай адамгершілік мәдениетке сыймайтын жойдасыз дөкірлігі, қытай мен ұйғырға келгенде жібектей есіліп, қазақты көргенде атасының құнын қуғандай бетпақ астамшылығы ол жақтағы жұртымызды біржола пұшайман, мүсәпір кепке түсіріп отыр. Біздің елімізде қалыптасқан, кез келген қызымет орнын ақша сауатын кіріс көзі, жеке бас пайдасына арналған қазына кілті деп есептейтін, дертті санадан туған кембағал дәстүр дәл осы, шет елдегі қазақтарға қатысты мекемелерден сырт болса ғой. Жоқ. Ең тиімді жер деп, ең жігерлі жебірлерін жіберетін сияқты.

Айта берсе, оралман мәселесі, яғни ұлтымыздың табиғи болашағы турасында уайым, қайғы бастан асады. Өз қолымызда, Қазақ республикасының ғұзырында тұрған, ешқандай шығынға түспейтін, әрбір қазаққа даусыз тиесілі азаматтық, яғни паспорт мәселесі осыншама шырғалаң болғанда, қалған, түптеп келгенде қаражатқа барып тірелетін жағдайлардан не үміт, не қайыр. Шаршап, шалдығып, жаннан түңіліп жүріп, ақыр түбінде азаматтық алған оралманның өзіне баспана керек, күнкөріс керек. Осының бәрін жинап қойғанда, ағайыншылық ықылас, туыстық пейіл, адамгершілік көзқарас қажет. Ең жетімсізі, ең қиыны осы екен.

Өйткені... сырттағы қазақтың өзінің бас ордасына көптеп оралуы, байырғы жұрттың өз қонысында басым көпшілікке айналуы – әйтеуір, қалтыраса да қалам ұстап отырған бес-алты жазушыға және ұлттық санасы бар бірлі-жарым зиялыға ғана керек сияқты. Арнайы міндет жүктелген өкімет мекемелері соншама керенау шыққанда, жергілікті, қарапайым қазақты түгелге жуық кесір демеске болмайды. Көбейсек, ортамыз толса деп отырған ешкім де жоқ. Кеше үстіне басып кірген орыс тұрыпты ғой, әрмен мен грек, күрд пен кәріске дейін хош көрген, қайдан келдің, неге келдің деп сұрамаған, әйтіп-бүйтіп жағу, көңілін табуды ғана ойлаған ортақшыл қазақ енді бүгін, екі өкпесін қолына алып, жүрегі

лүпілдеп ата жұртына жеткен қандасына қыр көрсетеді. Ауыл әкімі: “Сендер қайдан келдіңдер? Неге келдіңдер? Сендерді мен шақырғам жоқ!” деп айқайлайды. Өздері де қайыршы болып, сіңіріне әрең ілініп отырған қалған қазақ көңілі түссе сықпырта боқтайды, қырсығы ұстаса, жабыла сабап алады. Төбелесте күші жетпей бара жатса, өзінің үйреншікті орыс ағайындарын көмекке шақырады. Бұл жағдай, тіпті, анау бір жылдары, жоғары мәртебелі қазақ шенеунігі тарабынан, мақтаныш ретінде, Қазақстанда қалыптасқан ұлттар достығының жарқын көрінісі ретінде айтылғаны есімізде. Жетіскен екенсіз. Ертең сол есалаң қазақ жаңағы есті орыспен қосылып алып өзіңізді сабаса қайтер едіңіз? Егер осылай кете берсек, сөз жоқ, ондай күн де алыс емес.

Міне, масқараның өзі мақтаныш болатын жағдайға жетіппіз. Енді не қалды? Жарайды, орыс пен қазақтың бұзығы қосылып, бейкүнә бір қазақты сабаса, шетін оқиға екен. Алыстан келген қазаққа ауылдағы қазақ қысым жасаса, ол да бір ақымақтың ісі. Бірақ елім деп жеткен оралман мұндағы қазаққа неге жат болып көрінеді? Орыс-орман неге жат емес? Неге десеніз... Біздің қалыптасқан түсінік, санаға біржола орныққан ұғым бойынша, қазақ емес жұрттың бәрі – қожайын. Қазақтың бәрі – құл. Құл қашанда қожайынға тәуелді. Құл қашанда өзі тектес құлды қорлағысы келіп тұрады. Өзінің құнсыздығын бүркемелеу үшін. Көзі көрмесе де, қасында тұрмаса да, дәстүрлі қожайын алдындағы құлдық парызын, құлдық міндетін өтеу үшін. Ақиқат шындық осы.

Жоғарыда біз арнайы тоқталған, ешбір жұртта, ешбір тарихта болмаған, белгілі бір ұлттың өзін-өзіне айдап салған, “Қазақтың жауы – қазақ!” деген ұран қайдан шықты? Басқаға әлі келмеген қорлықтан, өзін-өзі кем санаған құлдықтан. Елдің тірегі, ұлттың қамқоры болуға тиіс парламент неге қазаққа қарсы – біріншіде, қазақтың жерін талапайға жіберу туралы, екіншіде, сол қазақтың өз тілінде сөйлеуіне тоқтау салу туралы дауыс берді? Кешіріңіз, билігінің күштілігінен емес, құлдығының күштілігінен. Тіпті, кез келген құқықтық жүйе бойынша, кез келген кісінің (айыпкердің) өзіне қарсы өзі куәлік беруі заңсыз деп танылады ғой... Ал біз өзімізді өзіміз дарға тартуға, бұтарлап шабуға, итке талатуға, қорлық өлімге кесе береміз. Мұның бәрі – қазіргі кезде жер әлемде жоқ құлдық сананың классикалық көрінісі. Мұндайда, “әйткенмен, кейбір жағдайда”, “көп болмаса да, қайсыбір жерде”, “сирек те болса” ұшырасып қалады... деп кешірім сұраған ескертпе айтылады, содан соң, баяғы партия, кәсіподақ жиналыстарында қалыптасқан жора бойынша, “осындай кемшіліктерге қарамастан” деп, мәймөңкелей бастайды. Сол, қатесіз қағиданы қайталайық.

Әрине, барлық жерде, жаппай етек алған кесел емес. Бірақ дертті құбылыс, қатерлі сырқат екені тағы күмәнсіз. Соған қарамастан, халқымыздан, жалпақ жұрттан үмітіміз зор. Әйтпесе, осының бәрін тізбелеп, таусыла жазып әуре болмас едік. Бізге де тыныштық керек. Әйткенмен, көзің көріп отырса, жалпыға белгілі кінәратты қалай айтпассың. Уһ... Әнтек сөздеріміз үшін кешірім сұрап болдық. Енді ары қарай тартамыз.

Әуел бастан осылай ма еді? Жоқ. Қазақ бауырмал еді. Ізгі еді. Кісілігі зор, адам атаулыға жанашырлығы мол еді. Өткен заманда ғана емес, күні кеше ғана. 62-жылы арғы беттен ел ауды. Бес-он кісі емес, ондаған мың, ұзын саны ширек миллионға тақау қалың қазақ. Одан бұрын, шамасы 55-жылдан бастап, жекелеп те, тобымен де өте бастады. Ағайынсырап отырған халқымыз арып-аршып келген бауырларын қалай қарсы алғаны есімізде. Сол, арыдан ауған, отанына оралған қазақ еселеп өсіп, шығыс беттегі Өскемен, Семей, Талдықорған, Алматы – қазақсырап отырған бірнеше облысты ұлттық апаттан аман алып қалды, қазіргі ұрпағына қарап, қашан, қайдан келгенін ажырата алмайсыз. Әуелден бірыңғай, біртұтас, ажырағысыз қазақ қой, біз жат жұртта өскен тұрмыс кебін айтып отырмыз. Қалың қазақтың ортайған дариясын түгел толтырмаса да, біршама оңап тастағаны күмәнсіз еді. Ал тиісінше, шын пейіл, ыстық ықыласпен қабылдаған себебіміз... бұлардың бәрі қазақ болғандықтан ғана емес екен. Жоғарғы билік тарабынан пәрменді нұсқау түскен. Келген босқындардың бәрі тиісінше жақсы қабылданып, жергілікті жерде қажетті жағдай туғызылсын! – деген. Ал, осыдан соң тыңдамай көр. Басшылар орынтағынан қуылады, басқалар несібе, жұмысынан қағылады, абырой-атақтан ғана емес, партбилеттен, яғни, бар болашағынан айрылады. Сондықтан шұрқырап қабыл алдық. Және, ғұзырлы жарлық бойынша, ешкімнің ышқырын ақтармай-ақ, айналасы екі-үш айдан оздырмай, түгел “серпастый, молоткастый, советский” – балға-орақты советтік паспорт алып шықты. Міне, өкіметтің күші! Тек өкімет қана емес. Ол кезде кешегі ашаршылықты, ел ауған зобаланды, қырғын соғысты – түптеп келгенде, қазақтың басына түскен барлық қиындықты көзімен көрген, немесе әкешесі, ата-әжесі, ағайындас жұрттан өз құлағымен естіп қаныққан ағаларымыздың төрт көзі түгел еді. Қазақы бауырмалдық сана, ұлттық әдет-ғұрыптан кете қоймаған, пейілді, мейірлі қазақ. Сол замандағы газет тілімен айтсақ, өкімет пен халықтың бірлігі осындай тамаша әрі үлгілі нәтижеге жеткізді.

Енді қазір ше? Өкімет – өзіңіздікі. Қандай жарлық шығарса да ешкім қолынан қақпайды. Халқыңыз – орнында. Ол заманда үш миллионға ілінбей жатса, қазір еселей өсіп, сегіз миллионнан еркін асқан. Қазақ мемлекеті, қазақ өкіметі, қазақ жұрты. Сонда... тәуелсіздіктің он үш жылында отанға оралған қазақтың жиын құрамы – баяғы, советтік 1962 – бір-ақ жыл, екі-ақ аптада шекарадан асқан халықтың санынан аспай жатуы қалай? Кімге қарайлап, кімнен именіп отырмыз? Бар мәселе қаражатқа тіреліп тұрса, дария болып ағып жатқан мұнайдың ақшасы қайда? Қазақ жұртының әлемдегі бөлініс ыңғайына қарай, мұндағы халыққа екі есесі, андағы халыққа бір есесі деп кеңінен кеспей-ақ, мол дүниенің оннан, тіпті, жиырмадан бір бөлігін елдің болашақ игілігі – бар қазақты ата жұртқа жинастыру мақсатына пайдаланса қайтеді? Қаражатыңды қимасаң, өз бетімен келіп жатқан ағайынға тым құрса азаматтық алуға кедергі келтірме. Өкіметімізге айтып отырмыз.

Тағы да кішілікпен ескерте кетейік, бұл өкіметіміз шектен шыққан айкәпір емес. Оралмандарға санап бөлінген квота бар, кесімді қаражат бар. Арнайы құрылған көші-қон агенттігі тиесілі тізім бойынша көшіріп әкеліп, шамасынша орналастырып жатады. Мұның бәрі жөн, бәрі жақсы. Бірақ жеткіліксіз. Квотаңыз да, қаражатыңыз да, басқадай жағдайыңыз да. Ең жетімсізі... ықылас-пейіл болып тұр. Өкіметті айтпаймын, өкімет дегеніңіз – машина, жарлық беріледі, әйтіп-бүйтіп шаруасын жасайды. Мен өзіміздің, Абай атам әйгілеген “қалың ел– қазағымыз” жөнінде айтып отырмын. Айналып келгенде, өкіметіміздің өзі халықтың көңіл ауанына қарауға тиіс қой. Мәселен, сол қазақтың ұлттық талап-тілегіне. Бүгінгі жұртымызда мұндай өзгеше талап – яғни, ұлтымыздың болашағына, турасын айтқанда, ел болып тұру-тұрмауына тікелей қатысты сыртқы миграция соншама шешуші мәселе деп танылмай отыр. Бірлі-жарымдап келіп жатқан ағайындарымыздың қалаларда тиесілі мекеме есігін тоздырған қорлық өткелі, ауылда сені кім шақырды деген дөрекі айқай астындағы ауыр тіршілігі басқаша кесімге жол қалдырмайды. Ұлттық санадан ғана емес, кез келген, тіпті, ең төменгі сатыдағы жан иесіне қатысты, өзін-өзі сақтау түйсігінен де айрылған деген осы емес пе. Тіл білмегендер – мәнгүрт десек, тілін біле тұра ештеңе ұқпағандарды не дейміз! Енді қайда бардық?!

“ТӨРТІНШІ БИЛІК”

“Баспасөз – төртінші билік” деп жатады. Шет жұртта, дамыған елдерде солай шығар. Ал бізде... төртінші емес. Екінші-үшінші. Бәлкім, біріншіге талас. Қайткенде де, өктем, өкіреш қожайын. Бірақ бұл сөз қазақ тілді емес, орыс тілді баспасөзге ғана қатысты.

Орыс тілді демекші, тәуелсіздіктен бұрын, сырттағы барлық тарапта дүние сөгіле бастаған “қайта құру”, “жариялылық” кезеңі, сірә, 90-жылдың күзі, Орталық партия комитетінде идеология бойынша ғұзырлы хатшы бір топ әдебиет, мәдениет қайраткерлерін, акпарат басшыларын шақырып, әлдебір кеңес өткізді. Есімде бір қалғаны, хатшымыз өз сөзінде алаш тұлғаларының ақталуы – ұлттың рухани өміріндегі үлкен серпіліс екенін айта келе, қайта құру кезеңіндегі жақсы бір жаңалық ретінде қазақша күнтізбеге тоқталды. “Жыл ретімен қоса мүшел атаулары берілуі теріс емес, сонымен қатар, қазақша ай аттары да жөн, бірақ төртінші ай апрель – “көкек” емес, “сәуір” болуы керек...” – деп, кідіріс жасады. Әлдекім орнынан дауыс тастады ма, жалпы жұрттың риза емесін байқады ма, хатшымыз – Өзбекәлі Жәнібеков: “Сонда қалай, КПСС Орталық Комитетінің Апрель пленумын “Кукушкин пленум” дейміз бе?!” – деп, келтесінен қайырып, мәселені табан астында шешкен болатын. Кейбіреуге қазақша атауды кекетсе де, “кукушкин пленум” деп айтудың өзі адам естімеген батырлық болып көрінсе керек, жалпы көпшілік еріксіз күлді. Сонымен, өңшең қазақша ай аттарының ішіне ай емес, жыл мезгілін білдіретін арабша атау сыналап енді, қазір “кукушкин пленумы” түгілі,

КПСС пен Совет өкіметінің өзінің із-түзі жоқ, ал “көкектің” аты өшіп, бәріміз де “сәуір” деп жазатын болдық. Міне, сол, есте қалған “кукушкин” жиналыста елдің болашағына қатысты әрқилы мәселелер сөз болып жатқанда мен жалғыз-ақ ұсыныс түсіріп едім: қазақ мүддесін қорғайтын, ұлттық көзқарасты, ұлт тарихы мен мәдениетін насихаттайтын орыс тілді қазақ газеті керек! Басқа біреу көтерсе, бәлкім, қаперіне алар ма еді, әуелден-ақ біз айтқанның бәрі сөлекет көрінетін, комсомол басшысы заманынан бері “идеялық тұғыры күмәнді” деп алдымыздан талқы құруға машықтанған өркөкірек партия хатшысы құлағына да қыстырған жоқ, жалпы жұрттың бейбіт, ұнасымды пікірін талдап, жауаптап жатқанда, тым құрса, есте болар жағдай екен деп те айтпады.

Орыс тілді қазақ газетін ашу – өтпелі заман талап еткен қажеттілік болатын. “Жариялылық, қайта құру” ұранымен жаңа газет ашу – билеуші партия үшін оп-оңай еді, қаптап ашылып та жатты, бірақ бәрі де басқа тұрпат, басқа мазмұнда; бәрі бар, бәріне жетті, тек қазақы мүдделі орыс тілді газет мәселесі ғана сансырап қалды. Бұл жоқшылықтың сазайын тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында еселеп-ақ тарттық. Жаңадан ашылған жас қарақшы “Караван” мен кәрі жендет “Казахстанская правда” бастап, орыс тілді, реакцияшыл барлық басылым қазақ тәуелсіздігі, қазақ мемлекеті, қазақ халқына, қазақ иісі шығатын барлық іске қарсы лап берді дейсің. Балағаттады, сөкті, келемеждеді, кекетті, ұлттық қасиетті ғана емес, адамгершілік атаулыны қорлады, елдегі орыс қана емес, басқа ұлттарды да қазаққа қарсы насихаттады, мүмкін болса, ұлтаралық шатақ шығаруға ұмтылды, тіпті, өздеріне осыншама бейбастақ кеңшілік берген ел басшылығының өзін мазақ қылып отырды. Бұларға өз үйі, ошақ басында бұрқыраған, басқаға дәрменсіз қазақтың қазақ тілді басылымдар бетінде сыпайылап, жалынып-жалпайып мәмілеге шақырған әлсіз дауысы жетпеді, ал көлеңкесінен, яғни қазақ еместің бәрінен қорқып отырған, соған қарамастан, қазақтығын, елдің тежеусіз билігіне жеткенін пайдаланып, асып-сасып, күреп-қазып, ұрлап-тонап, астына басып, жеке бас байлығын жасап жатқан өкіметіміз ешқандай тоқтау салмады, шындығында қазақ не болса о болсын, бұларға алты күн бура шыққан жұлдызды сағаттарын мейлінше ұтымды пайдаланып қалу керек еді, яғни, басқа, маңыздырақ шаруалардан қолы тимеген. Ақыры... Қазақты қарсылықсыз, кенеусіз қорлаудан “Караван” мен “Каз правданың” өзі де жалыға бастаса керек. Арада аттай бес-алты жыл озғанда бұрынғы партиялық, енді өкіметтік жетекші газет кезекті басшылығын ауыстырып, солықтап барып тоқтады. Қазақты тынымсыз балағаттаудан шаршаған “Караванды” да, түйедей жеті-сегіз жыл өткенде, басқа бір алпауыт қолына түсіріпті, бағытын өзгерту үшін емес, байлығын пайдалану үшін. Бірақ орыс тілді басылымдардың анти-қазақ арыны кемімеді. “Мегаполис” дей ме, сайтан, сапалақ дей ме, әйтеуір орыс тілінде шықса болды, шын мәнісіндегі тәуелсіз, мемлекеттен ғана емес, заң-зәкүн, әдеп-иба, ар-ұят атаулыдан тысқары газет-мәзет атаулы күн сайын болмаса да, апта аралатпай, апта сайын болмаса да, ай мезгілінен оздырмай, жеңген итін желкесінен алып, сүйрелейді, сілкілейді, мазақтайды, қақырып,

түкіріп, нәжісін жағып, сасық сұмырай қылып қояды. Және, қазақ тәуелсіздігі орныққан замандағы жетістік – бұрын орыс-орман жазса, енді бар шаруасын жалдамалы қазақтарға жасатады. Бірақ бар дегені орындалғаннан бері такырып өрісі тарылып-ақ қалғаны анық аңдалып тұрады. Негізгі айналдыратыны – баяғы “мемлекеттік” тіл, содан соң “ойбай, орыс тілін қысып жатыр”, “ойбай, теледидардағы қазақ тілді программаның өрісін кеңейтпек”, “ойбай, орыс тілді жұртшылықты республикадан қуып жатыр” деген тәрізді, ақиқат қисынына өздері де сенбейтін жұлым-жұлым бірденелер. Жүйкеге тиетіні рас, бірақ есіргеннің ермегі екені тағы күмәнсіз.

Ал біз... аузын буған өгіз. Аузы буылған, мұрны тесілген, екі қабырғасы қотыраш, арқасы қырдай, ыңыршағы шыққан, баяғы, 50-жылдардағы колхоздың кіре тартқан өгізі. Және осы күнімізге ризамыз. Уа, тәуелсіздік! Уа, бар дегенің болды, қазақ! Уа, біздің көреген көсемдер! Уа, бақытқа шомған жас ұрпақ! Ертең қай шұқырға өме қауып жығыламыз – онда ешкімнің шаруасы жоқ. Иә, айтпақшы, жеке батыр бар. “Казахская правда” аталатын орыс тілді, жарты айда бір шығатын бір жапырақ газет. Бұрынғы марксист, бүгінгі жанқияр, ұлтшыл қазақ, профессор Алдан Айымбетов жалғыз өзі, өз қаражатына, өзінің ақыл-ой, қайрат-жігерінің арқасында, ұлттық намысын ту етіп, қабырғасы қайысса да қиындыққа мойымай, беріспей-ақ келеді. Жалғыз өзі. Ежеттес, пікірлес екі-үш авторы бар. Қалған қазақтан не қайыр, не қолдау жоқ. Газеттің әр санын қалдырмай оқиды, е, жөн ғой, дұрыс-ақ екен деседі, сонымен бітті.

Қалған басылымдарымыз қайда? Бәрі де өз орнында. Баяғыдай қазақша шығып жатыр. Онысы жөн. Бірақ баяғыдай... бұлардың бар сөзі – орыс ағайындардың тілімен айтқанда, “глас вопиющего в пустыне” – иен шөлде адасқан жалғыз жаяудың тұншыққан айқайы. Ешкім естімейді емес. Қазаққа түгел жетіп жатыр. Тек орыс тілді ағайындар... бұл тараптан мүлде бейхабар. Соқыр мен мылқау, тар жерде әлдеқалай бетпелет келе қалса, тым құрса, сыйпаласып, бірінің-бірі бар-жоғын біліседі ғой. Біздің жағдай бұдан әлдеқайда күрделі. Біз – мылқау, не айтып жатқанымызды өзіміз ғана білеміз. Ал орыс тілді басылымдар... соқыр да, саңырау да емес. Бірақ олардың қабылдау, сезіну, түйсік жүйелері тым жоғары, адамзаттан демейік, қазақтан шексіз биікте, басқа бір өлшем, басқа бір әлемдік кеңістікте. Сол заңғар биікте тұрып, өзінің кезекті үкімін айтады. Сіз өзіңіздің БАҚ-тарда, бақ-бақ етіп, шыр-пыр болып жауап қайырып, наразылық білдіріп жатасыз. Қыстырмайды. Өйткені естімеген. Естісе де, шыбынның ызыңы құрлы әсері жоқ. Шыбын ызыңдаса мазаңыз кетер еді ғой. Ал бұларға рақат. Кекірейе күліп алады да, кезекті нәжісін ырғытады. Енді басы-көзіңізді укалап, жаңадан жуынып, киіміңізді ауыстырғанша тағы бірталай заман өтеді, бұл екі ортада келесі продукт тура аузыңызға түседі. Көмейіңізге кептеліп, тұншыға тыпырлап отырғаныңыз. Кейде біздің қазақ тілді БАҚ өзінше қарсы әрекетке шыққан болады. Әділетке, обал-сауапқа, ар-ұятқа шақырады. Қырық құлаш зындан түбінде жатқан зағиптың кешірім,

кеңшілік сұрағаны сияқты. Әділет те, обал-сауап та, ар-ұят та, кешірім-кеңшілік те жоқ. Отаршыл өктемнің жалғыз-ақ шарты бар: сен мүлде жоқ болуың керек! Иә! Сен ұлт ретінде мүлде құрып кетсең ғана құлағың тынышталады. Әлбетте, сөгіс, балағат тоқталмайды, қайта жаңа мазмұн, жаңа түр тауып, өзгеше қуатқа жетуі мүмкін. Бірақ сен жоқсың ғой. Бұл кереметтің ешқайсысын естімейсің. Ұқтың ба?

Ұқпадық. Ұқпаған соң, әлі күнге баяғыша далбаңдап жатырмыз. Шындығында, ұққаннан не пайда? Қолдан келер қайран жоқ.

Қайран – орталық өкіметте болса керек еді. Өйткені... кез келген елде, тіпті, Франция, Ұлы Британия, Германия сияқты орнықты жұрт, Америка Құрама Штаттары сияқты құдыретті империяның өзінде... “мемлекеттік қауіпсіздік” деген ұғым бар. Бізде де бар болуға тиіс. Бірақ ол – әлі де біздің санамыздан қалмаған, баяғы 30-жылдардағы балшабектік шпиономания, өзіміз көрген 60-80-жылдардағы барлық деңгейде жау іздеген тіміскі бақылау емес, шын мәнісіндегі жұртшылық қауіпсіздігі, яғни, еліңіздің бүгінін бүлдіріп, болашағына кесел келтіруге тиісті қандай да әрекетке жол бермеу. Сыртқы қауіпсіздік, ішкі, экономикалық, әскери, саяси-әкімшілік, және басқа да кілтпандар төңірегіне бармай-ақ қояйық. Біздің айтып отырғанымыз – елді идеологиялық және рухани тұрғыдан іріту, қазақты қор етіп, кемшін етіп көрсету арқылы байырғы жұртқа, қалған, ұлты бөтен қауымның астам көзқарасын қалыптастыру, сөйтіп, жеккөрінішін туғызу, өшпенділігін арттыру, – нәтижесінде Қазақстан аталатын мемлекеттің бірлігіне жарықшақ түсіру, “ел иесі”, “титулдық ұлт” аталатын қазақты есінен айырып, жаныштай келе, біржола қатардан шығару! Бұдан артық қандай қауіп-қатер болуы мүмкін? Бірақ біздің өкіметіміз “Үндемеген үйдей пәледен құтылады” деп, бәріне көніп, республикадағы орыс тілді баспасөзді мүлде бетімен жіберіп отыр. “Бадыраң көз” сен тимесең де ойраныңды шығаратыны есепте жоқ. Өзінің дәрменсіз кебін, нақтырақ айтсақ, басқаның бәріне еп, тек қазаққа ғана шет екенін “баспасөз еркіндігі”, “демократия”, “сөз бостандығы” деген ұғымдармен бүркемелегісі келеді. Баспасөздің еркіндігі, немесе кез келген адамның сөз бостандығы деген – мемлекеттің түп негіздеріне қарсы идеологиялық диверсия емес. Францияда француз халқына, оның тіліне, діні мен ғұрпына қарсы, Германияда неміс халқы қастерлі санайтын ұғымдарға қарсы, Құрама Штаттарда, – ел ішінде қалыптасқан әлдебір нәсілдер мен ұлттық топтарға қарсы – қорлаған, келекелеген, қасиет, қадіріне күмән келтірген ғайбат айтылып, баспасөз бетінен көрініс тапса... не болар еді? Ештеңе болмайды. Өйткені, мұндай жағдайдың өзі ақылға сыймайды, мүмкін емес. Бола қалса, әділ, айнымас заң сазайын береді.

Жарайды, халық сайлаған парламентің андай болған соң, қолдан тағайындалған өкіметіңе өкпе жоқ. Мейлі, өкімет те өзіміздікі. Шамасы жетпей, мұршасы келмей жатқан шығар. Еркін елміз, отарлық шеңгелінен құтылған халықпыз, өкіметтің қандай болмағы, парламенттің қалай толқымағы, тіпті, жат тілді, бетпақ баспасөздің өзінің қалай сайрамағы – бәрі-бәрі өзімізге байланысты екені анық. Түбірімен қозғамасақ та, біршама ықпал жасауға мүмкіндік табылар еді. Егер өзіміз түзік болсақ.

Өзіміздің отаншылдық, ұлттық санамыз жетісіп жатса. Бар кілтипан, түгел тетік болмаса да, негізгі бір тегершіктер өз қолымызда тұрса керек еді. Тым құрса, қазақ тілді баспасөз.

ҚАЗАҚ ТІЛДІ БАСПАСӨЗ

“Қазақ тілді” емес, “қазақы” деп қолданғымыз келер еді. Бірақ ұлт тіліндегі бүгінгі баспасөз ондай биік дәрежеге жетпей жатыр.

“Қазақы” – әуел баста ұлттық сыпатты айғақтайтын анықтама болса керек. Қазаққа қатысты кептің бәрі жаман деген түсінік орныққан кезде кемшін мағнаға ие болды. Біз әуелден-ақ өзінің табиғи, нақты ұғымында қолданып келеміз. Бұл ретте де солай. Тек бүгінгі баспасөз, жаңа айттық, қазақы емес, қазақ тілді ғана. Ал таза қазақы баспасөз, ел иесі қазақ болып отырғандықтан, орыс тілді болуға да мүмкін, мүмкін емес, тиісті еді. Оған қайда. Өзімізді түзей алмай жатқанда.

Қазіргі орыс тілді қазақ, әрине, қазақ басылымдарын оқымайды. Қазақ тілді қазақтың тағы біразы тек орысша ғана оқығанды мақұл көреді. Қазаққа бейімдерінің көбі орысша басылымдарды және қадағалап отырады. Орыс тілді аталатын қауым жөнінде сөз жоқ. Күнұзақ, түнгі сағат бір-екіге дейін тоқсан бес пайыз орысша сайрайтын электронды ақпарат құралдары тағы тұр. Нәтижесінде орысша БАҚ республикамызда айрықша күшке жетіп отыр. Дегенмен, қазақша басылымдардың өзінің өрісі біршама. Оның үстіне, байырғы ұлт, титулдық, яғни атаулы ұлт тілінде шығатыны қосымша салмақ берсе керек. Ал шын мәнісінде бәрі басқаша. Қазақ тілді басылымдардың салмағы мүлде жеңіл, ел өміріне әсер-ықпалы бар десек, тек өзіміз, таза, қазақ тілді қауым үшін ғана. Айттық, сіздің не жазып жатқаныңызда республика тұрғындарының басым көпшілігінің, бүкіл билеуші таптың, керек десеніз, сүйікті өкіметіміздің ешқандай шаруасы жоқ. Мемлекеттік тіл отбасындық шеңберден аса алмай жатыр десек, бұл сөз қазақ тілді БАҚ-қа тікелей қатысты. Сандық көрсеткіш, елдегі ересек қауымның кем дегенде үштен екісі ресми тілді БАҚ ықпалында екендігі – негізгі болса да, мәселенің бір ғана қыры. Ең үлкен кінәрат – сапалық деңгейде жатыр.

Орысша басылымдар мен қазақша басылымдарды шендестіріп көріңіз. Айтары жоқ. Ешқандай салыстыруға келмейді. Орысша басылымдар елгезек, ауқымды және қай тұрғыдан алғанда да сауатты. Материалдары деректі, нақты, қызғылықты. Аспандата шалқыған қыртымпай сөз атымен ұшыраспайды. Өкіметке, әкімшілікке, әлдебір бизнесменге жағынған, жалбақтаған ұнамсыз мінез атымен жоқ. Өзіне тиесілі қажетін сұратпай алады, тиесілі емес, артық сыбағаны тартып алады. Өйткені өкіметіңіз де әкімшілігіңіз де, жекелеген тұлғалар да, орыс тілді БАҚ-ты сыйлайды, керек десеніз, қорқып, именіп тұрады. Неге десеніз, ұлт мәселесіндегі қырыстық, яғни қазақ мүддесіне көпе-көрнеу қайшылығы мен өктем, қиямпұрыс, ашық қарсылығы демесек, обалы қане, саясат, экономика, қоғамдық өмір тарабында қарымды, жалпы жұртқа ортақ, ел үшін

пайдалы, көкейкесті мәселелерді көтеріп жатады. Журналистер мен авторлар қауымы өздерін дариядағы балықтай еркін сезінеді. Жан-жағына жалтақтай бермейді. Цензурасыз шын бостандыққа жеткен, кеуделері көтеріңкі. Андап қарасаңыз, орыс тілді БАҚ-ты көтеріп отырған күштің негізгі бөлігі – қазақ тектілер. Ауыл-үй иесі ретінде батылырақ сөйлейтін де солар. Яғни, бар кілтипан ұлтта емес. Тілде де емес. Дәл сол материалдарды қазақша ұйымдастырса несі бар. Тіліңіз артығымен жетеді. Тек жазарманы жоқ. Ал аналар түбін түсіріп жазып жатыр. Өйткені оқуы артық, ортасы басқа, мәселеге көзқарасы тың, қалыптасқан журналистік дәстүрі озық. Тереңге бармай, теледидардағы дикторларды ғана алайықшы. Анда да қазақ, мында да қазақ. Бірақ орыс тілді қарындасымыздың әуезі де айқын, сөзі де ұғынықты. Мына, қазақ тілімен көзін ашқан менің өзіме. Кейде қазақша хабарды түсінбей қалып, келесі, орысша нұсқасын тыңдағаннан соң ғана мыйымызға жетіп жатады. Өйткені, жаңағы диктордың сыртында тұрған, материалды дайындап берген қазақ тілді журналисіміз ап-анық нәрсенің өзін бұлдыратып жібереді, көркемдеймін, өрнектеймін деп, мүлде бұлдіреді. Түптеп келгенде, осының бәрі әдепкі сауаттың төмендігінен. Мәскеу, шет ел хабарларына, тым құрса, өзімен қатарлас орыс тілді программаға қараса ғой. Жоқ. Баяғы, совет заманындағы сырты жылтырақ, іші дүмбілез, даңғырақ сарынынан танбайды.

Ал күнделікті баспасөз... совет заманындағы салауатының өзінен айрылып қалды. Еркін сөздің парасатты, өткір, мән-маңызды, бүгінді тереңінен қамтып, болашақты нақты бағдарлаған игі қасиеттеріне ұмтылудың орнына, батыста саржағал аталатын басылымдардың былғаныш әдеттеріне бейімделіп кетті. Сауатсыздыққа санасыздық қосылды. Нәтижесінде, ұлттың көкейкесті мәселелерінен тысқары қалып отыр. Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап теріске ойысып, ақыр түбі бүгінгі, әрі дәрменсіз, әрі катерлі қалпын тапты.

Осы, атаулы он үш жыл бойғы қазақ баспасөзіндегі ең негізгі сарын – бір жағынан жылымшы мадақ, жәреуке жағымпаздық, және осыған керісінше, балағат, сөгіс, ойбай-аттан. Мадақталатын – билік басында отырғандар. Біздің Көкеміз керемет. Бәрі соның арқасы. Тәуелсіздікті сол әперді. Қазақты дүниеге сол танытты. Мұншама гүлденіп, шалқып жатуымыз сол кісінің арқасы. Біз ғана емес, бүкіл әлем таңырқап, бас ұрып, табынып отыр. Хош. Солай шығар. Бірақ заман алға жылжиды, үлкен істің, сәтті шаруаның өзінде кемшілік, кінәрат болмай тұрмайды, тіпті, атаулы қиындықтар ұшырасуы мүмкін, басқаны айтпағанда, жер сілкінеді, су тасиды, көшкін жүреді. Жаңағы, бар игілік Көкемнің арқасы деп ұғынған жұрт енді барлық кесел де сол Көкемнің қырсығы деп білмесіне кім кепіл? Әрине, олай емес. Кейінгісі. Алғашқысы да дәл солай болмаса керек.

Егемен елдегі бірінші тұлға – Елбасы қайткенде де көз алдымызда тұр дейік. Екінші, үшінші қатардағы, тіпті, елеусіз, көлеңкедегі шенеуніктердің өзінен герой жасау әдетке айналды. Әуелгі премьерді мадақтадық. Өзі орыс екен, өзі қазағуар екен, тілге талпынады, ал

шаруашылыққа жетік. Көсегемізді көгертсе, осы көгертеді. Жалпы жұртты жарылқайды. Жарылқамады, көгертпеді, орнынан түсті, атаусыз қалды. Одан соңғы... төменнен көтеріліпті, саясатқа жетік, шаруашылыққа мәттакам, өткен премьердің барлық кателігін түзеп, бәрін қайта құрып, елімізді ұшпаққа шығармақ. Түсті, кетті, арғы бетке өтті. Ұшпаққа шығармапты, түзіктің өзін бүлдіріпті, ананы таратыпты, ананы сатыпты, бәрі соның кесірі дестік. Мода – мұнай, кезекті премьер болып мұнайшы келді. Енді байимыз, енді суға емес, мұнайға шомылып, самаурынды шөмшекпен емес, ақшамен қайнатамыз дестік. Тағы да бар мадақ адыра қалды. Ақыры не болары белгісіз. Бүкіл қазақ баспасөзі әліптің артын бағып қана отыр. Бүгін. Ертең – жамырайды.

Яғни, орнында отырған бастық – жақсы. Орнынан кеткен бастық – жаман. Баяғы совет заманындағы сарын. Сол қалпында қазақ баспасөзінің бетіне көшіпті.

Бірінші, екінші дәрежелі көсемдер ғана емес. Кез келген облыс, қала, тіпті аудан әкімі. Отырған кезінде көптіре мақталады, орнынан түскен күні жер қылып жамандалады.

Біз әуелде бұл – қазақ тілді баспасөздің негізгі қағидасы ма деуші едік. Сөйтсек, мәселе тіпті оңай екен. Керек кісі ғана мадақталады. Істеген ісіне, қабылет, күшіне қарай емес, жазарманға (нақтыласақ, осы басылымның бас редакторына, немесе, арқада отырған қожайынға) қаншалықты пайдалы екендігіне. Әлденеден секем алса, көзі тірі, орнында отырған әкіміңіздің өзіне шабуыл. Мәселен, “Жас алаштың” осыдан ілкіде, бір, екі, үш мәрте емес, бір ай, бір жыл да емес, құдай-ау, тура бес-алты жыл бойы, газеттің номерін аралатпай, барлық ұнамсыз әңгімеге талғажау еткені – Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Бердібек Сапарбаев болды. Үлкен жұмыста, тұтас бір облыстың шаруашылық, әкімшілік жүйесінде кемшілік болмай тұрмайды. Ретін табыңыз да айтыңыз. Екі рет, бес рет. Бірақ отыз, қырық рет емес қой. Оның үстіне, нешеме жылғы соншама мақаладан тіске ілінер ештеңе табылмаса. Сонда не болды? Ақыл-есі түзу кез келген көлденең оқырман мынау бір тәуір кісі екен деген қорытынды ғана шығарар еді. Онда неге соншама өшіктік? Айтпаса да түсінікті. Әлдекімдерге бөгет жасаған. Әкімдік орыны керек болған.

Керек болған кезде, орын ғана емес, тағы басқа бірденелердің жолы бөгелу қаупі туған кезде біздің, әдетте жалтақ, әсіресе, ұлт мәселесінде бүгежек ағайындар ештеңеден тайынбайды, керек десеңіз, айға қарсы шабады екен. Яғни, республика президентінің өзінің ақиқат сөзі мен хак жарлығына. Нұрсұлтан Назарбаев Ақтөбе облысының әкімі Аслан Мусинді Атырауға ауыстырды. Ақтөбеден кетер алдында жас, бірақ тәжірибелі, іскер әкімнің атына қаншама жылы лебіз білдірді, Атырауға апарып, таныстыру кезінде тіпті жоғары баға берді, аса жауапты жерге, өте қиын жерге тандаулы кісімізді әкеліп отырмын деді. Осының бәрін бүкіл ел теледидардан көрді, орысша, қазақша газеттерден оқыды. Хош. Арада апта өтпей “Жас алаш” Атыраудың жаңа әкіміне қарсы пәрменді науқан бастады. Ілді, шалды, кекетті, әрқилы мазмұндағы “еңбекшілер

хатын” ұйымдастырды, ең аяғы Атырауға неге атыраулық азамат әкім болмайды дегенге дейін барды. Иә, аңдаусызда шынын айтып қойды. Қаралау науқанының астарында тағы қаншама былық жатқанын кім білген. Ақыры... неге екені белгісіз, бұл жолы жыл уағына жеткізе алмай тоқтады. Не шықты? Көлденең жұрттың көңілінде осыншама бетпак басылымға деген дық қана қалды. Бетпак деп тура айтып отырғанымыз, түптеп келгенде, жаңа әкімнің түгі де кеткен жоқ, осы әңгіменің барлық зәрі Елбасыға қарсы бағытталғандай көрінген. Мактап, мактап, сенім артып әкелген кісіңізді біз, міне, іске алғысыз етіп жатырмыз, қалауымызбен жүрмесеңіз, сіздің өзіңізді де көріп аламыз деген доңайбат анық аңдалған. Әрине, газетті шығарып отырған байғұс бас редактор тарабынан емес, сол президентіңіздің өзінің қанатының астынан сая тапқан әлдебір өктем алпауыттың қатаң нұсқауы бойынша.

Бұл, өтіп кеткен істі еске алып отырғанымыз, біздің қазақ тілді басылымдар өз мүдделерін алға тарту жағынан келгенде, ештеңеден тайсалмайды, ерлікке де, өлімге де әзір. Осы батылдығы мен табандылығының тым құрса оннан бір бөлігін ұлт мүддесі, халыққа қажетті бағдарда жұмсаса, біздің қазіргі ахуалымыз қай жағынан алғанда да, бұдан гөрі тәуірірек болар еді.

Рас, ел өміріне, қазақ халқының бүгіні мен болашағына қатысты мәнді мәселелер көтеріліп жатады. Мәселен, сол “Жас алаштың” өзінде. Басқа да басылымдарда. Күйзелген ауыл тағдыры, мемлекеттік тілдің жағдайы, миграция, оралман мәселесі, экономика, шаруашылық, нарық, оқу-білім... Бірақ бұл арада біз қазақ баспасөзіне шолу жасағалы отырғамыз жоқ, біздің әңгіме – ұлттық рух және оның жария көрінісі турасында ғана. Бір сөзбен айтқанда, қазақтың қасиетін әспеттеу, ұлттық сананы әйгілеу және көтермелеу, бойға сіңіру тарабында етек алып кеткен келеңсіз жағдайларға назар аударту. Күшіміз жетпей отырған жоқ, ынта-ықыласымыз кемшін дейміз. Теріс бағытқа түсіп барамыз дейміз. “Ойбай, олай емес!” – деп өре түрегелген айқайдан ештеңе өнбейді. Бізді құртып отырған да осы парықсыз айқай. Іс оңалу үшін алдымен сөз түзелуі керек.

Ұлттық сыпат, ұлттық сананың айқын әрі жария бір көрінісі – ұлттық намыс, ұлттық мақтаныш болса керек. Намысымыз мұқалды дедік. Сірә, сыртқы күштердің кеселі. Негізінен. Ал ұлттық мақтаныштың тамырына балта шауып жатқан нақ өзіміз сияқты көрінеді. Бұл, әсіресе, күнделікті баспасөзден анық аңдалады. Қазір қазақ үшін қасиетті ештеңе де қалған жоқ. Қарап отырсаң, бұл қазақ деген халықта не өткен тарихта, не бүгінгі күнде іске татыр, ауызға алар бір адам жоқ сияқты. Өткеннің бәрі – оңбаған, бүгінгінің бәрі – сорлы. Атаққа шыққан азаматы мұндай болғанда, қалған жұрты қандай. Бейшараны батыр санаған, тұрлаусызды тұлғаға балаған, тиянақ етер, сүйеніш тұтар ешкімі жоқ халықта қандай қасиет болуы мүмкін. Осындай ғана ой түюге болар еді.

Беріден, елеусіз мысалдан бастайық.

Мұхтар Алтынбаев, байырғы әскери, совет заманында авиация генералы атағын алған жалғыз қазақ, бүгінде генерал-полковник,

Қазақстанның Қорғаныс министрі. Мақтан етуге, үлгі тұтуға бола ма? Болатын сияқты. Әсіресе, жас ұрпаққа бағытталған “Жас алаш” газетіне. Жетпіс жылдық совет заманында қол бастаған үш қазақтың (Бауыржан Момышұлы, Сағадат Нұрмағанбетовтен соң) бірі. Қайткенде де кеміте алмайсыз. Ал енді қарап тұрыңыз. Мәскеулік “Известия” газетінің “Қазақстан” қосымшасы генерал министрден сұхбат алады екен. Мұхтар Алтынбаев өзінің әскери жолы туралы айта келе, Советтер Одағы ыдыраған, Қазақстан тәуелсіздік жариялаған кезде мен Түркменстанда әуе күштерінің қолбасшысы болып тұр едім, Нұрекең – өзіміздің егемен елдің президенті арнайы шақырды, содан соң, қолма-қол Сапармұрат Ниязовтан рұқсат алып, қызыметімді тапсырып, туған еліме қайттым дейді. Осы сөзде қандай кінәрат бар? Бар екен. Аһа! – дейді “Жас алаш”. – Бұл көкеміз Сапармұрат Ниязовтың өзінен бата алып келген екен! Бұған не дейсіз? Сайқымазақтың осындай да түрі болады екен. Қазақтың бүгінгі бас генералына қарсы осы тұрпатты клоунада газеттің номерін аралатпай, күні бүгінге дейін жалғасып келеді.

Майра Мұхамедқызының есімі жалпыға белгілі. Сырлы, әсем дауыс, өзгеше әншілік мәдениет. Арғы беттен келді, қазақ сахнасына тың тыныс әкелді. Қаншама халықаралық бәйгелерде елінің атағын шығарды. Енді әйгілі Париж опера театры шақырыпты. Арнайы контракт. Бұдан бұрын қазақ әншісі жете қоймаған мәртебе. Біржола емес, екі-үш жылға кетіп барады. Сәт сапар, оң тілек айтып, әлпештеп шығарып салу керек қой. Шынында да солай. Орыс басылымдары әдемілеп суретін берді, арнайы мақалалар, сұхбаттар ұйымдастырды. Ал қазақ тілді басылымдар – үнсіз. Дауыс көтеріп, ерекше назар танытқан – “Жас алаш” болды. Қалай дейсіз ғой. Бұл Майраңыз ән салғанша неге бала таппайды деп жазды. Иә. Неге бала таппайды? Бала тауып жатқан қазақ әйелі мың сан. Парижге шақырылған Майра – біреу-ақ. Бүгінгі жас адамның, әсіресе, өнер жолы, қызымет, бизнес соңындағы жас келіншектердің сәби сүю мезгілін аз-маз шегере тұратыны бар. Бәлкім, жанға батар басқа бір жағдайлар. Қайткенде де, отбасылық мәселе – әркімнің өзінің ішкі жұмысы. Айтудың өзі әбес. “Жас алаш” мәдениетсіз, парықсыз ғана емес, адамның арын қорлайтын, әйелдің намысын тапайтын сөлекет іске барған. Андаусыз емес, өзінің ештеңеден ұялмайтын үйреншікті әдетімен. Хош. Майра кетті Парижге, белбеуі жарасып. Ал газеттегі замандастары әлі күнге ұмытар емес. Анда-санда бір дүңгірлетіп қояды. Ондағы әні туралы, атақ-абырой, сый-құрметі туралы емес. Бұл жақтағы қауымға жаманатты көрсету әрекетіндегі өнімсіз бірдеңелер ғана.

Алтыншаш Жағанова. Жазушы, қоғам қайраткері, Көші-қон агенттігінің төрайымы. Әрине, оралман мәселесінде олқы жағдайлар көп. Тек агенттік қана емес, басқа да ғұзырлы ұйымдар тарабынан кетіп жатқан кемшілік, жетпей жатқан мәселелер бар. Сын айтылсын. Орнымен. Біздің бауырлар – тағы да “Жас алаш”, Алтыншаш әпкесінің жеке басына тіл тигізген, агенттік жұмысына орынсыз кінә таққан әлде он екі, әлде он төрт мақаланы қатарынан жариялады. Нәтижесінде сотты болып, әпкелерінен газет бетінде кешірім сұрады. Кешірім сұрай сала,

ертең өтіп, арғы күні манағы әдетін тағы бастады, тағы да сотты болып, тағы да кешірім сұрап, оп-оңай құтыла салды. Енді осыдан соң тоқтады дерсіз. Жоқ. Әпкелерінің атын әлі даңғыратып жатыр. Өйткені газет үшін көші-қон мәселесінен гөрі Алтыншаштың өзі (сірә, отырған орыны) керегірек болып тұрған сияқты.

Нұрсан Әлімбай. Білімдар тарихшы. Мұрағат маманы. Республикалық Орталық музейдің директоры. Тағы да сол “Жас алаш”: музейдегі құнды жәдігердің біразын сатып жіберіпті, ақша жепті, сауна салыпты, бәрін бүлдіріпті – деген, тұтас бір бетті толтырған мақала бастырды, хат ұйымдастырды; тергеу орындары арнайы тексергенде, бәрі де бекер болып шықты, ал газет сот шешімінен соң, ақ-адал азаматқа жала жапқаны үшін кешірім сұрап, ойнақтап шыға берді. Бұл жолы да тоқтамаса керек еді. Әзірге тыныш. Сірә, қанша тіміскілесем де, ілгішек таба алмай жатқан сияқты...

Тағы да “Жас алаш”... Айта берсе таусылмайды. “Жас алаш” деп, “Лениншіл жас” кезінің өзінде өскелең ұрпаққа үлгі болған, тәуелсіздік туы көтерілісімен абыройлы есімін тапқан, ұлт үшін мәнді, көкейкесті мәселелерді көтере білген, әлі де қарымынан айрылмаған газет атын дабылдатып жатырмыз. Газет емес, оның кейінгі екі жылдағы бас редакторы Жүсіпбек Қорғасбековтың атын ғана атау керек еді. Бар былықтың ұйтқысы – осы бауырымыз.

Өзінің алаш азаматтарын қаралау, ұлтқа іріткі салу жолындағы өнімді қызметін “Жас алаштан” бұрын бастаған. Осының алдындағы төрт-бес жылда, “Қазақ әдебиеті” газетінде бас редактор болып отырған шағында. Жай ғана емес, аса ірі жүрістерімен. Мәселен... Ұлттың ұлы тұлғасы Абайдың... ақыл-есінде кілтипан болған екен. Ұлы ғалымымыз деп жүрген Шоқан... қазақ емес көрінеді. Бұл екеуінің қасында, өз заманында қазақ әдебиетіне айтулы еңбек сіңірген, енді тоқсанға келіп, қалтылдап отырған Әлжаппар Әбішевті дарынсыз деп, жерден алып, жерге салғаны, бүгінгі алдыңғы қатарлы жазушы, көзі тірі классик Қабдеш Жұмаділовті тұтас үш жыл бойы үздіксіз іліп-шалып, кекетіп, мұқатып бітпегені, осы кейіс толғамды ежіктеп отырған ағаңыздың атын шығару үшін құрама команда жасақтағаны... (ал “Жас алашқа” жеткен соң, жазушылығы шамалы, тарихшылығы дүмбілез, әдебиетшілігі күмәнді, ана тілінен шалағай, кісілігі кеміс... деген сарында, тұтас екі жыл бойы қаншама былғаныш мақала жариялағаны) – түк емес. Мұншама өшпенділіктің сыры неде? Біреулер айтып жүрді, бұл деген – патология, бір ауылдың арғы тарихтан тартып, бүгінгі күнге дейінгі барлық бас көтерер кісісін толық есепке алған үлкен тізімі бар көрінеді, түгендеп бітпей тоқтамайды деп. Әлбетте, бұған сенбедік, кейінгі, біз қатарлы ұсақтарын айтпағанда, Абай мен Шоқан бар қазаққа ортақ сияқты еді. Солай екен. Абай мен Шоқан емес, жаңағы Қорғасбек. Түріктер Әзірет Сұлтанның іргесін қазып, баяғы Баязит Иылдырымның Ақсақ Темірден Анкара түбінде жеңілген кегін қайтарғалы жатыр деп өз аузынан айтып, өз қолымен жазып бастырды. Бұған Түрік өкіметі аяқ астынан шамданып, арнайы наразылық нотасын тапсырып дей ме, әйтеуір Қорғасбек бауырымыз

көктегі аллаға емес, жердегі алқаушыларына сыйынып, ақыры аман-түгел, өз(іне тиесілі емес) орнында қалды. Осыдан-ақ көрініп тұр емес пе, түрікте ата, ру жоқ, Жүсіпбектің бар қазаққа ортақ екені. Сол ортақтық мінезімен бүкіл жазушылар қауымын біріне-бірін айдап салып, каншама игілікті шаруа бітіріп, үлкен ағаларының біразын былғап, әдеби ахуалды біржола лайлап, әбден қабырғасы қатып, буыны бекіген соң, әне кетеді, міне түседі деп жүргенде топ етіп, “Жас алаштың” төбесіне отыра кетті. Бұрын қалай дегенмен де қарымы шектеулі, жазармандар ортасы, әдебиет газеті, өрісін кеңейте алмай жүр екен, енді әмбебап, елгезек және таралымды жастар газетінде мол мүмкіндіктер тапты. Бастапқы нәтижесі – манағы біз айтқан. Бастапқы ғана.

Енді азғана шегініс. Жаңағы айтқанымыз. Адамға деген, ақ, адалға деген, осыншама өшпенділіктің сыры неде? Әрине, өзін қолдап, қорғап, түбі тесік қайығын суға батырмай, алға сүйреп отырған әлдебір қожайындардың қалауы да бар. Мәселен, манағы мүйізі қарағайдай әкімдерге ай-күннің аманында соқтыққаны. Күлді-көмеш бірер кітап шығарып, жазушылар санатына енгеннен соң, жолы үлкенірек кейбір ағаларының сойылын соғуы тағы бар. Бұл да табиғи жағдай. Бірақ дәл осы шатақтарға бейкүнә әнші қызымыздың қатысы канша? Ұлы ақынға тіл тигіз деп, ұлы ғалымды санаттан шығар деп кім тапсырма беріпті? Бейбіт жатқан, тіпті, өзара сыйлас кейбір қаламгер ағаларын, тілінен тартқан сұхбат ұйымдастырып, балағат мақала жаздырып, бір-біріне айдап сал деп сыбырлаған қай шайтан? Ешкім де емес. Ендеше... Бағзыдағы батыс романдарында, адам атаулыға деген себепсіз, тоқтаусыз өшпенділік иелері – ешбір кінәсіз-ақ тағдыр соққысына ұшыраған бүкір, соқыр, қитар – әркілі кемтар жандар болып келетін. Біздің Қорғасбек бауырымыздың он екі мүшесі бүтін, қайратты, сымбатты жігіт. Демек, бұл реттегі кілтипан кейіпкеріміздің дене бітімінде емес. Сонда... рухани кемтарлық деуге обал, білім-танымдығы кемістік, бұдан гөрі нақтылап айтсақ, қазақша сайрап тұрғанымен, сірә, манағы, қазаққа жат, орыс тілді бауырларымыз ұшыраған ұлтсыздық дерті болса керек. Әйтпесе, ұлттық мақтаныш болып отырған бұрынғы-соңғы тұлғаларға қатысты ұятты, әбес сөздерге жол бермес еді. Кім не жазбайды, соның бәрі жұртқа жетпейді, баспасөз бетіне шығуы – редактордың қалауына ғана байланысты.

Жүсіпбек Қорғасбек бауырымыз “Жас алашқа” қонжиған соң, тың тыныс тапты дедік. Тың тыныс және жаңа таныстар. “Былықшыны былықшы алыстан көреді” дейді ғой орыс ағайындар, таныс болғанда, бұрыннан танитын, енді мақсат бірлігі нақты табыстырған һәм біржола туыстырған жан аяспас дос. Өзі сияқты, бұл да бір заманда жұқалтаң жалғыз кітапша жазған. Мереке Құлкенов деген алпауыт.

Алпауыт болатыны, әлде өз құдыреті, әлде арттағы қожайындардың дүмі – “Ана тілі” газеті, “Жалын” журналы, “Өлке” баспасы – үш бірдей басылымға қатарынан көсем болып отыр. Бұл жігітіміз де ештеңеден қорықпайды, ешкімнен ұялмайды. Ең соңғы ерлігі – “Ана тілінің” бетінде Желтоқсан құрбаны, қазақтың ару қызы Ләззат Асанова туралы ұйымдастырған былғаныш материалдары. Он алты жасында жазалаушы

әскер тарапынан зорлыққа ұшырап, арына түскен дақты көтере алмай, бұл дүниені тәрік еткен, бақытсыз, бейкүнә бала – батыр болмай-ақ қойсын, құрбандық екені анық қой. Аянышты, қайғылы хал. Көлденеңнен келген қаза. Қандай жағдайда кім өлмей жатыр, желтоқсанға ешқандай қатысы болмаса, мәйітін арнайы күзетпен апарып, опыр-топыр жерлетіп, бар ісін басқа тарапқа бұрып (әрине, атаулы тізімнің бәрінен өшіріп), әйтті, бұйтті, анадай екен, мынадай екен деген өтірік куәлар таппас еді ғой. Жан қию оңай емес, болмашы ренішке орай қандай кісі өзіне-өзі қол салады. Өзі жас болса, өзі ару болса. Пәк, таза қызымыз періште тәніне жара түскен, жүректен өшпес, ешқашан ұмытылмас қорлықты көтере алмады. Енді, арада он бес жыл өткенде, ұлт намысын көтеруге тиіс, аты жақсы басылым баяғы КГБ-ның жаласын қайталап, жалпы жұртқа қандай үлгі тастамақ. Бұл – баспасөз алпауытының соңғы бір ісі. Ал бұрынғылары... Санап тауыса алмайсыз. Ұлтқа танылған азаматтардың адамдық ар-намысына тиісіп, жалалы сөздермен қорлау, мәселен, атақты жазушымыз Қабдеш Жұмаділов турасында: кеше ғана Қытайдан қаңғып келіп едің, енді неге құтырып жүрсің деген сарындағы пасквиль бастырғаны, тағы бір белгілі қаламгерді баяғы Іңкібиді кезіндегі аталар әуенімен “шетелде туыстарың бар” деп, айдай әшкерелегені... түк емес. Қазақ тарихын бағзыдан бері зерделеп жүрген Әкім Тарази, Бек Тоғысбай, Мұхтар Мағауин қатарлы жазушылар ұлтымыз үшін сырттағы Солженицын мен Жириновскийден гөрі қауіптірек деп танылды. Ресейдегі, бізге сырттан көз алартқан шовинизмнен ешқандай қатер жоқ, шын қатер – қазақтың өз ішіндегі ұлтшылдық деп жарияланды. Атаулы бір автордың мақаласында емес, сондай мақалаға берілген редакциялық бастау сөзде. Мейлі, қалай болғанда да Мереке Құлкенов шығарып отырған “Ана тілінің” бетінде. Мұндай, ұлттық рухқа тікелей қарсы бағыттағы лепес, сарындардың қайсы бірін түгендерсің. Тек біреуін ғана айту жеткілікті. Жай ғана біреу емес, тұтас концепция. Баяғы империялық отарлау бағдарламасының бүгінгі жұртты тарихи жадынан айыратын, өз өткенін өзіне жау етіп көрсетуге жетелейтін жаңа бір көрінісі. Айтпай-ақ алыстан ұғысқан Жүсіпбек Қорғасбек екеуі бірлесіп жүзеге асырмақ өзгеше серпін.

Біз бұл екі алпауыттың атын қайта-қайта атай бердік. Аты шыға берсін деп емес. Онсыз да атақты. Атын өшірейік деп емес. Қолдан келмейді. Арттарында шын алпауыттар тұр, бүгінгі патшалық тұсында ешкімге әл бермейді. “Ана тілі” деген, “Жас алаш” деген, атауы да қастерлі, өздері де қазақ рухы жолында қаншама шаруа тындырған басылымдардың құлағын шулата бергіміз келмегеннен. Бұл екі басылымның редакциялық құрамында білгір, ойлы, ұлтшыл жігіттер жоқ емес. Көкейкесті, мәнді, елдің бүгінін айғақтаған, болашағын бағдарлаған мақалалар әлі де көрініп тұрады. Бірақ күнгейінен көлеңкесі басым. Жоғарыдан түсірілген, жер сілкінсе мызғымас бас редактордың өнімді еңбегінің нәтижесі. Сондықтан да бөліп айтуға тура келіп жатыр. Оның үстіне, аталмыш екі газет – бүгінгі қазақ баспасөзінің көрнектісі тәрізді. Өкіметке тікелей тәуелді “Егемен Қазақстан”, әлбетте, ұлт болашағына қатысты өткір пікірге бара бермейді, қадарынша әдебиетті, өнерді, өткен және бүгінгі

тұлғаларды насихаттап жатады, бірақ сүре жолдан ауытқымайды, бастан-аяқ ресми газет. Әйтеуір, ұлт мәселесінде көпе-көрнеу бұра тартқан сөлекеті жоқ, сонысына да тәуба. Басқа басылымдар таралымы жағынан “Жас алашпен” теңдесе алмайды, “Ана тілімен” ат жарыстыра алмайды. Сондықтан да, бүгінгі қазақ баспасөзінің айнасы ретінде, бар сөзіміз осы төңіректен өрбіп отыр.

Сонымен, бұл, кең таралымды, бар сөзі жалпақ жұртқа жететін, арыдан жинаған қаншама беделі бар екі басылымның қазақтың ұлттық рухына қарсы бірлесіп өткерген ең үлкен жорығы турасында. “Ана тілі” мен “Жас алаш” бастапқы ұйтқы, негізгі күш болса, “Біреу қыз алып қашқанда біреу босқа қашады” дегендей, әлде аңғалдық, әлде ақымақшылық, бұл дүрмекке алматылық “Ақшам”, шымкенттік “Оңтүстік Қазақстан”, қостанайлық “Қостанай таңы” сияқты басылымдар да қосылып кетті, енді біраз газет, мәселен “Қазақ әдебиеті” мен “Түркстан” бірде құлағын салбырата мақұлдап, енді бірде шегіншектеп мүйіз шайқап, әрі-сәрі жағдайда қалды. Түптеп келгенде, бүкіл қазақ қауымының басы қаңғырып, әуелде таңырқаса, артынан әбден запы болып, енді қайтып мұндай кереметті көрместей түнілді. Біз терістеп отырған оспадарсыз пікір-концепциядан ғана емес. Сол зиянды, зауалды науқанға қарсылық білдірген ағайындарынан да.

Бар сөз, байқап отырған боларсыз, әйгілі Шыңғыс хан туралы әңгіме жайында.

Біз өз кезінде жеткізіп жаздық, кеңесіміздің жүлгесі үзілмес үшін, амал жоқ, өткенді қысқаша қайталап шығайық.

Шыңғыс хан – адамзат тарихы мойындаған, ал қазақ үшін кастерлі, ерен тұлға. Ұлы даланы қайтадан біріктіріп, қуатты мемлекет құрды. Шығыста Қытай экспансиясын ауыздықтап, тура бес жүз елу жылға тоқтатып кетті. Түстік-шығыста жыртқыш империя Хорезм басқыншылығын қиратты. Ұлы қағанның тікелей мұрагерлері Батыс тараптағы түрік қауымын да ұйыстырып, ұрпағының өрісін кеңейтті. Алтын Орда құрылды, кейінірек оның бір тармағы – Қазақ Ордасының туы көтерілді. Осы ұлы істердің бәрінің құрыш болат арқауы – Шыңғыс хан және оның тікелей ұрпақтары: өзіміздің қазаққа келсек, Әз-Жәнібек, Керей хандардан тараған Бұрындық, Қасым, Тоғым, Хақ-Назар, Тәуекел, Есім, Салқам Жәңгір, Әз-Тәуке, Абылай хандар болды. Өткендегі қазақ санасында Шыңғыс хан – асылы нұрдан жаралған қасиетті тұлға. Бүкіл қазақ фольклоры, кейінгі рухани ұлы аталарымыз: Абай, Мұрат, Ғұмар Қараш, Шәкерім, Сұлтанмахмұт, Мағжан – бәрі де тарихи Шыңғысты ұнасымды тұрғыдан бағалаған, кейбірі асқақтата суреттеп, алыс арман ретінде бейнелеген. Бүкіл қазақ шежіресінде, ел әңгімелерінде, қазақтың ұлы әдебиетінде Шыңғыс хан туралы бір ауыз жаман сөз жоқ. Тек советтік отарлық заманда ғана Шыңғыс хан есімі, оның барлық ісі теріске шығарылып, ұнамсыз бағаланатын дәстүр қалыптасты.

Енді, жұртқа белгілі “Отырар шапқыны” туралы айтсақ, Шыңғыс хан тарапынан ешқандай да ойран болған жоқ. Бүгінгі қазба жұмыстарының талассыз деректеріне қарасақ, Отырардың біржола қирауы – XVII

ғасырдың соңына, яғни, Шыңғыс ханнан кейінгі төрт жарым ғасыр мөлшеріне сәйкес келеді. Тарихи деректерге жүгінсек, Қазақ пен Дүрбін-Ойрат арасындағы, 1681-1684 жылдардағы Сайрам соғысы кезінде қалмақтың Ғалдан-Бошұқты ханы қиратқан.

Арыға барсақ, Шыңғыс ханның Отырарды алғаны рас, бірақ басып, жаулап алмаған, сырт жаудан бостан қылған. Бұл сөздің мәнісі: Ұлы Хорезм мемлекеті, – қазіргі Өзбекстан, Түркменстан, Тәжікстан мен Ауғанстанның үлкен бөлігі, Иранның Хорасаны – ұлан-байтақ жерге ие болып, соншама күш құдыретке жетіп отырған Хорезм 1202 жылы біздің қазақтың тікелей атасы, өткендегі өзіне тән ұлыстық құрылымдарының бірі – Қарахан мемлекетін біржола жаулап алып, оның негізгі қалалары – Тараз, Отырар, Сығнақты қирата шауып, ежелгі билеуші тұқым – Қарахан әулетінің еркек кіндікті өкілдерін түгел өлтіріп, елді де, жерді де өзіне қосып алған болатын. Біздің аталарымыз жат жерлік басқыншылыққа қарсы әлденеше көтеріліс жасап, қырғынға ұшыраған, ал Отырарға келсек, қыпшақ, яғни түрік текті жұрттың ежелгі еншісі, ірі сауда орталығы, бай қала 1210 жылы Хорезм езгісіне қарсы көтеріліс жасап, бостан болады, өз хандарын сайлайды. Алайда, Хорезм шахы Аладдин қайыра шауып, Отырарды біржола жаныштап, тума, жаңа әмірші Білге ханның басын алады, қала жұртшылығын үлкен қырғынға ұшыратады, жауланған өңірге билеуші етіп өзінің немерелес туысы (шешесінің бауырының баласы) Қайыр ханды отырғызады. Бұдан соңғы жерде хорезмшах бүгінгі қазақ даласындағы қыпшақ қауымын біржола тоздыру үшін алпыс мың (кейбір деректе жүз мың) ауыр қолмен Сары-Арқаны көктей өтіп, жолындағының бәрін жайпап, Ырғыз бойына дейін жетеді. Осы кезде Шыңғыстың үлкен ұлы Жошы хан бастаған, сақарадағы қандастарға шұғыл көмекке келген жиырма мыңдық жасақпен бетпе-бет ұшырасып, қирап жеңілмесе де сағы сынып, пұшайман болып еліне қайтады. Отырарда бейбіт керуеннің тоналуы – бұрынғы-соңғы әлем тарихшылары мойындаған жауыздық. Бұдан соңғы арнайы келген үш елшінің бірін өлтіру, қалған екеуін қорлап қайтару – барлық заманда да теріс іс. Айтпақшы, Шыңғыс хан тарабынан келген керуенші саудагерлердің біразы – отырарлық болатын, Хорезм басқыншылығы нәтижесінде туған қаласына қайтпай қалған. Әлгі үш елшінің бірі – тағы да отырарлық болатын. Отырардың діни басшылары да кезінде Шыңғыс ханнан пана тапқан еді. Шыңғыс хан төніп келгенде, қамалды қорғауға тиіс қыпшақ текті он мың әскер бірден-ақ “жау жағына” шығып кетеді. Жау емес, өздерінің қандас туыстары жакқа. Өйткені, Шыңғыс хан әскерінің негізгі бөлігі – бүгінде де қазақ халқының үлкен бөлігін құрап отырған Керей, Найман, Жалайыр, Қоңырат рулары, кезінде Қазақ ордасы құрамына енген, замана ауқымы, сырт соғыстар нәтижесінде ыдырап, басқа бір рулар құрамына қосылған Қатаған, Қият, Маңғыт және басқа түрік тектес қауым еді. Ал Отырар – Қыпшақтікі. Қыпшақ та бүгінгі қазақ. Сонда қандас, туыс қауым жат жұрт үшін неге өзара соғысуы керек? Хорезм, жалпақ тілмен айтсақ, сартауылдар басып алған қыпшақ қаласын жаудан босату – қылмыс па екен? Кейінде қазақ атанған түрік

қауымы өз қаласын сырт дұшпаннан азат қылды. Өз орталарынан шыққан, ежелгі Түрік қағандығының құтты қонысынан күш алған Қият Шыңғыс ханның даналығы, ерлігі, көсемдігі, көрегендігі арқасында тіршілігіне қатер төндірген қуатты жауды талқандап, ата-жұртын кейінгі ұрпағы – мына бізге мирас етіп кетті.

Бір-ақ ауыз сөз: сарттар жайлаған Хорезм патшалығы басып алып отырған Отырар қаласын сайыпқыран Шыңғыс хан мына бізге еншілеп берді. Тек Отырар ғана емес, қазіргі бүкіл Оңтүстік өңірді. Арыда қаласын қорғай алмай, қалмаққа бұздырған, беріде өлкесін түгелімен ұстай алмай, әр пұшпағынан айрылып жатқан – біз өзіміз. Енді сол Отырарды кешегі Хорезм ұлысының заңды мұрагері – Өзбекке өз қолымыздан қайтарып беруіміз керек екен. Бұрында сол қаланы бостан қылған, бүгінде сол өңірді толтыра қоныстанып отырған қалың Қоныратымен қоса! Құлақсыз, топас надандықтың осындай да түрі болады ма? Болғанын және салтанат құрғанын көрдік. Өзіміз отырған “Жұлдыз” бен отаншыл “Алтын Ордадан” баска барлық басылымның осы данышпан бағдарламаны мақұлдап, қызу үн қосқанына, бүкіл зиялы қауым тұрыпты, билеуші өкіметіміздің өзінің “Өзбек вариантын” жақтап шыққанына куә болдық. Біз көтерген, бірлі-жарым саналы қазақ қолдаған мәселенің ешқандай астары жоқ еді, бәрі де оңай, бәрі де айқын болатын. Шыңғыс ханға, яғни ежелгі қазақ тарихына қарсы жорықшы қауымға да бәрі айқын екен. Айқын болмас жөні жоқ. Компартияның қызыл Уставы сияқты, мыйға сіңіп қалған, айнымас советтік ақиқат.

Енді міне, тұтас екі жылға созылған, әлі де бықсып жатқан, ұят әрі өнімсіз даудың кейбір кезеңдік тұжырымдарын еске ала кетейік.

Біраз әңгіменің арқауы болған, айрықша әсерлі бір қозғалыс – біз “ұлтжанды” деп мадақтап жүрген ғалым Рахманқұл Бердібаев бастаған, әлде жиырма жеті, әлде жиырма сегіз “панфиловшы”, жанқияр академик, профессорлар қол қойған, анау-мынау емес, тура Республика Президентінің өз атына бағытталған, орыс және қазақ тілді қаншама басылымда дүркін-дүркінімен, қатар, қабат басылған әйгілі үндеу-талап-нама болды. Қаныпезер Шыңғыс ханға тыйым салыңыз дейді Рахманқұл ағамыз. Бұл – өте қатерлі дерт. Шыңғыс хан есімін көтермелеу астарында бүгінгі тәуелсіздік тұғырына, мемлекеттік құрылымға қарсылық, ақыр түбі республика президентін, легитимді өкіметті төңкеріп тастап, Қазақстанды хандық билікке жеткізбек арам пиғыл жатқан көрінеді. Осындай да ғажайып болады екен. Ақылдың кеңдігі, қиялдың байлығы. Гиннес кітабына енетін сандырақ. Әрине, мұндай керемет лепесті Президент мүлде жауапсыз қалдырды.

“Еңбекші” академик, профессорлардың хаты арқылы “қазақ зиялылары” тарабынан жалынды қолдау тапқан Құлкенов пен Қорғасбеков қазақ тарихына қарсы күресті жаңа деңгейге көтеріп, кеңінен, ауқымды, әрі аяусыз тәсілдерге көшті. Бұл екеуінің қол ұстаса, тізе қоса отырып, “Ана тілі” мен “Жас алаш” бетінде үздіксіз, тура екі жыл бойы ұйымдастырған жарияланымдардың ұзын сарыны жалпы жұртқа мағлұм болса керек. Ежелгі қазақ тарихының қаһармандық, тұтас

бір кезеңі қазақтың өзіне қарсы қаныпезерлік заман деп жарияланды. Шыңғыс ханды, оның дәуірін ұнамды бағалаушы жұрттың бәрі – қаскүнем жау екен, дүмше надан екен. Бұлардың түпкі мақсаты – Қазақстанда хандық өкімет орнату. Әлдебір құпия, бай, қаскөй ұйым бар. Жалдамалы жазармандарға мол ақша төлейді. Ол дүниелерін жарияға жеткізу үшін сатымсақ бас редакторлар тапқан, әрине, бұлардың да қап-қап пара алып жатқаны – айдан анық нәрсе. Сондықтан сүйікті өкіметіміз бен партиямыз, еңбекші жұртымыз мұндай әрекеттерге жол бермеуі керек. Жалдамалыларды айдай әшкерелеп, сатымсақ редакторларды бар билігінен аластап, зұлым Шыңғыс ханға қарсы күрескер, бүгінгі заманның еркін ойлы тұлғаларына герой атағын беру керек...

Әсірелеп отырғамыз жоқ, ақиқат шыны осылай болды. Бұл ұранды сүйікті өкіметіміз жан-тәнімен қолдады, “шыңғысханшыл” басылымдардың бәріне тоқтау салынып, бұл тарапта өздеріне қарсы не айтылса да мойындауға міндеттеді; негізгі бір материалдар (айналасы екі-үш мақала) жарияланған “Жұлдыз” журналы жан-жақтан қысымға алынып, тіпті, қазақ халқының өткен тарихын мансұқтаған, бүгінгі зиялыларын түгел дүмше надан, рушыл пәлекет деп жариялаған, кезінде Горбачевтың үзеңгісін ұстап, Колбиннің туын көтерген “Адамзаттың Айтматовы” турасында сыни мақала басылған бір саны (2003, N4) екі-үш күн бұрын пошта арқылы таралып кеткендіктен ғана кәмпескеге ілінбей, аман қалды. Осыған керісінше, Шыңғыс ханға қарсы бас күрескер, соңғы бес жылда бір мақала жазбаған Мереке Құлкенов ең үздік журналистерге берілетін республикалық ең жоғарғы сыйлыққа ие болды (содан бері қаламына жан бітіп, қыбырлап жаза бастапты, бірақ бұл – басқа тараптағы әңгіме). Ал Шыңғыс хан төңірегіндегі айқайдың бас режиссері М.Шахановқа сүйікті өкіметіміз жаңа журнал ашып берді. Ақшасы да, штаты да, баспанасы да, басқасы да, сексен жылдан бері жұртымен бірге жасап келе жатқан байырғы “Жұлдыздан” әлдеқайда жоғары. Ата-бабаны балағаттаудың осындай игілігі болады екен.

Біз бергі жағын ғана айтып отырмыз. Қанша қараласа да, әлем таныған Шыңғыс ханның ештеңесі кетпейді. Біз “көп болса” XII-XV ғасыр аралығы – Ұлы даланың қайта көтерілуінен Алтын Орда құлағанға дейінгі кезең – “небәрі” төрт ғасырлық тарихымыздан айрыламыз. Атақтарын ала берсін, аузына келгенін айта берсін, ақыр түбі қазақ есімімен тарихқа енеді. Бәрі жөн. Ең сорақысы...

Бүгінгі қазақ халқының кем дегенде үштен бір бөлігін құрап отырған аталы жұрт – баяғы Шыңғыс ханның құдырет-күшіне тірек болған Керей, Найман, Қоңырат, Жалайыр, Төре, Төлеңгіт, Шанышқылы... қаза келсек, Тобықты мен Шапыраштыға дейін... қазақ болмай шықты. Бұлар – Шыңғыс ханның соңынан еріп келген жандайшаптар, салық жинаушы, атарман, шабармандар екен, күні бүгінге дейін баяғы жат пиғылынан айнымаған, сондықтан да Шыңғыс ханды пір тұтып отыр. Қазақ емес! – Бұған да келістік. Қалған қазақ аман болсын!

Ең сорақысы – бұрынғы, Шыңғыс хан негіздеген Ұлы хандықтан, одан соңғы Жошы ұлысынан бөлініп шыққан, біздің, яғни, кейінгі, этникалық

қазақтардың өз атымен аталған төл мемлекет – Қазақ Ордасының өзі жоқ болып шықты! Қазақта ешқашан өзіндік мемлекеттік құрылым болмаған! Тура жеті жүз жыл бойы бұл сорлы елді Шыңғыс хан әулеті – моңғолдар билепті. Құлкеновтың “Ана тілі” дәп осылай деп, әлденеше рет атап жазды. Қорғасбековтің “Жас алашы” одан әрмен жаңғыртты. Ақыры, Есдәулетовтың “Қазақ әдебиеті” “өздерін-өздері билей алмай, хандарын маңғұлдан қойған масқара” жағдайды біржола айғақтап, қазақ деген жұрттың екі аяқпен жүретінінің өзіне күмән келтірді.

Қазақта тарих жоқ! Әулие тұтып жүрген Әз-Жәнібек ханыңыздан бастап, Тәуекел хан, Есім ханнан тартып, Әз-Тәуке, Абылайдан өтіп, Кенесары ханға дейінгі аралықтағы барлық билеушің – қазақты басып алып, өзінің жат жұрттық жабайы заңымен жүргізген мұңғылдар екен. Кешегі ұлы ғалым Шоқан Уәлиханов, кейінгі ұлы қайраткер Әлихан Бөкейхан тұрыпты, қойнында Қазақстан республикасының мөрі басылған көк паспорты бар, тиесілі жеріне “ұлты қазақ” деп жазылған (Абылай мен Кенесарыда мұндай паспорт болмағаны даусыз ғой, яғни олардың шығу тегін әр саққа тартуға мүмкіндік мол), иә, “Туу туралы куәлігін”, әкесі – қазақ, шешесі – қазақ екенін, тағы басқа бөлек-салақ қаншама құжатын мұқият тексерістен соң Ішкі Істер министрлігінің тиесілі бөлімшесі “Ұлты қазақ” деп, тасқа басып куәландырған, оны аз десеңіз, алыс, жақын жұртшылыққа түгел танымал, ол қалыптаған қаншама сәнді ескерткіш, сәулетті ғимаратты айтпағанда, бүгінгі Қазақ республикасының елтаңбасын жасап берген... Шота Уәлихановтың өзі қазақ болмай шықты. Қалжыңы, кекесіні жоқ. Жаңағы Мереке Құлкенов тікелей куәландырып, яғни, тезінен жариялануға тиіс деп, айдактата бұрыштама соғып, ізінше өзінің “Ана тілі” газетінде бастырып шығарған бір мақалада дәп солай жазылған. Бұған не дейсіз? Шотаны айтып отырғам жоқ. Қолындағы көк паспортын да, қазақтың ішіндегі ең таза қазақтардың бірі бола жүріп, жалпақ жұртына, туған халқына сіңірген еңбегін де ешкім жоққа шығара алмайды. Шота ағамызды емес, бес жүз жылдық қазақ тарихын айтып отырмыз.

Әз-Жәнібек хан жоқ болса, Тәуекел хан, Абылай хан жоқ болса, қазақтан не қалады? Құлкенов пен Қорғасбеков қалады. Біреуін мың жылдық тарих, екіншісін сол, өткен тарихтағы барлық ұлылардың жиынтық көрінісі деп жариялаймыз. Сұмдық қой!

Шынында, ешқандай да сұмдық жоқ. Осыншама дабыралы әңгіменің бастау көзі де, түпкі шешімі де тым жұпыны, тіпті, күлкілі. Бірақ қайткенде де арғы жағында ешқандай күрделі жағдай, терең толғаныс, жоспарлы саясат жоқ. Ақымақшылық, надандық деп жазғамыз кезінде. Бірақ елеусіз іс емес. Ақырғы зардабы улы.

Улы екенін, зиянды екенін мана айттық, бұрын да таусылып жазғанбыз. “Шыңғыс ханның шарапаты”, “Ешкі жетектеген екеу” деген күйінішті толғауларда. Жүз мәрте қайталап айтсақ та, баяғы жартасымыз сол қалпында тұрғанын көрдік. Енді әуелгі, тым қораш бастауынан қозғайық. Бұл да айтылған, сәл-пәл жұқартып, амалсыз қайталаймыз.

Бір заманда біздің бір бауырымыз әлдебір қираған үйдің қараң қалған қоймасынан әлдебір ескі қолжазба тауып алады. Орыс тілінде жазылған. Будырап жатқан қалың қолжазбаға әлдеқандай қаңғыбас күшік сарып кеткен екен, сыртқы беті әжептәуір бүлініпті, автор есімі көмескі: әлде Иванов, әлде Сидорштейн, әлде Петерсон... Ішін ақтарып, өзінің алыс ауылда іждағатпен итерген “әден, дыба, шытыри” орысшасымен ежіктеп, оқып қараса, тәп-тәуір нәрсе сияқты. Мына ойран болған үйдің, яғни, шағылып құлаған совет өкіметінің ежелгі бір сарыны екен. Көңілге қонып тұр. Енді, аяқ астынан табылған қазынаны жалпы жұрттың алдына тарту керек қой. Баяғы, жас кезімізде, бұдан қырық жыл бұрын біз де сөйткеміз. Қирамаса да, қаусап тұрған, шаң басқан ескі мұрағат арасынан, мынандай, бастан аяқ өлеңмен орысша жазылған кере қарыс роман емес, бес-он жол, жүз жол, мың жол, ешкімге белгісіз, мүлде ұмытылған әлдебір қазақы, ескі жыр, толғауларды ұшыратып, міне Қазуған, міне Доспамбет, міне Шалкиіз деп, алақайлап, көпшілік назарына жеткізгеміз. Әттегене, өз атымыздан, яғни, өзіміз жаздық деген таңбамен бастырып жіберсек, баяғы заманның ұлы жырауы болатын да шығатын едік. Оған ақылымыз жетпепті. Ал арғы, бергі дүниені түгел көрген, әрі ақын, тарихшы, философ, әрі әртіс, композитор, әрі дипломат, әрі қайраткер, Адамзаттың Айтматовының тілектес, тұрғылас, пікірлес, жанқияр досы біздің бауыр бірден-ақ істің ебін табады, әлгі, тым арғы болмаса да, советтік заман туғызған ұлы шығарманы өз атынан жариялап жібереді. Әсем безендіріліп, жоғары сапалы қағазға басылған, қалыңдығы қос елі, кетпектей кітап. Міне, бар игілік те, бар шатақ та осы арадан басталады. Үлкен ағаның бұл ісі, яғни, советтік сарындағы, отаршылдық рухындағы туындасы әлдебір балаларға ұнамайды, біздің атамыз дәл мұндай емес еді ғой деген уәж айтады. “Ұшқыннан жалын қаулайды!” – бітті, кетті. Жеркөк айқай, Алатаудың арғы, бергі беті дүбір. Әлгі, үйінді, қоқыс арасында жоғалып қалмай, заманынан озып, бізге жеткен талайлы шығарма туралы дерсіз, жоқ, сол шығармада адамзат тарихындағы ең сорлы кісі деп шетке шығарылған әлдебір атамыз төңірегінде. Өйткені, атаңыз жақсы болса, әлгі, бастан-аяқ өлеңмен, орысша жазылған ұлы роман – жаман болып шығады. Керісінше, ұлы шығарманың айтқаны жөн болса, әлгі атаңыз адамзат тарихында ұшыраспаған сұмырай болып шығады. Көрдіңіз бе, орысша айтқанда, иттің өлексесі қай жерге көмілгенін? Арынды, алпауыт, білімдар әрі билікті ағалар жаңағы жалаңқат балаларды қуа тықсырып, әлгі иттің арғы жағына тығып жіберуге тақайды. Қарсы келгенді бет қаратпай, түгел сабай бастайды.

Міне, осы кезде... жайсыз әңгімеге біз араластық. Көлденеңнен. Жасап жатқан үлкен жұмысымызды екі күнге доғарып, сегіз-тоғыз беттік шағын мақала жаздық. Кім тапқаны, қайдан келгені белгісіз ғаламат өлең-романда шаруамыз жоқ, сол шығармада адам қатарынан мүлде аласталған ұлы бабамыздың жайын айтамыз. Шыңғыс хан ғой баяғы. Айттық, жарияладық, басқа шаруалармен кеттік. Тура жарты жылға. Ауыр жұмыс астына. Содан соң демалысқа. Табаны күректей бір тоқсанға. Сөйтсек, біз дүниеден жырақ қалған тоғыз ай ішінде не бір керемет жаңалықтар

ашылыпты. Шыңғыс ханды қайтсе де теріске шығара алмаған “таза қазақтар” шет елден шұғыл көмек алған, тұғыр, тиянағы бекіп, әбден күшейген, енді сол зұлым қанішерді жақтаған үлкен-кіші атаулыны түгел теріске шығаруға кіріскен. Бұл – тарихта ғана дерегі бар, баяғыда өтіп кеткен, енді құлағы да, аузы да, өзі де жоқ Шыңғыс ханды жоқ деп мәлімдеуден гөрі қиынырақ шаруа болып шығады. Сен барсың ғой. Жазған шығармаларың анау, алған атақтарың мынау. Ендеше, сол бардың өзін, яғни, тірі, екі аяғыңмен жер басып жүрген сенің өзінді емес, том-том кітаптарыңды, алған атақтарың мен жинаған абыройыңды жоқ деп жариялау керек, жоқ екендігіне жалпақ жұртты сендіру керек. Жариялады, сендіргендей болды. Бірақ... мына соңғы сөзін қайтеміз? Шыңғыс хан – бүгінгі қазақтың ұлы тарихының бір бөлігі деген, Қазақ Ордасын құрған, көркейткен, қазақ халқын күрделі заманның барлық қиын өткелінен аман алып шыққан, бұл жолда қанын төккен, жанын берген ұлы тұлғаларымыз – сол Шыңғыс ханның тікелей ұрпақтары еді деген? Оп-оңай. Қазақтың ұлы хандарының бәрін қазақ емес деп жариялау керек, сонда өлеңмен орысша жазылған ұлы романның иесіне қайшы келген бейбақтың да шаруасы бітеді!

Мінеки, ұлтымыздың мың жылдық тарихына қарсы шоң қазаттың бар себебі! Терең астар да жоқ, жымысқы саясат та жоқ, түбегейлі бағдарлама да жоқ, қайткенде де, бүгінгі әдебиеттің Амантай қажысы – сүйікті ақынына жеңіс әперу үшін қолданған ерекше тәсіл. Кейінірек, парасатты “Алтын Орда” (Мейірхан Ақдәулетұлы) атап жазып еді: “Мұхтар Мағауинді мұқату үшін бүкіл қазақ тарихын теріске шығару қажет болыпты” деп. Біз қанша ірі болсақ та, бүтін қазақ тарихы түгілі, соның кішкентай ғана бір бөлшегінен садаға кетейік. Ол тарих болмаса, бүгінгі біз (дәл осы арада мына мен) де болмас едік. Ал орыс тілінде өлеңмен жазылған роман иесі, ақын әрі қайраткер бауырым шынында да мың жылдық тарихтан өлшеусіз биік шықты. Әлдебір шығармасындағы жаңсақ қағиданы (көркемдігін, пәлсапасын, басқасын емес) ақтап шығу үшін шалағай “Ана тілі” мен лениншіл “Жас алаш” арыдағы, болмысы бұлдыр Шыңғыс ханыңыз тұрыпты, бергі, сұлбасы айқын XV-XVIII ғасырдағы бүкіл ұлттық тарихыңызды, сол тарихтағы Әз-Жәнібек ханнан басталып, Есім хан, Абылай ханмен жалғасып, Кенесары ханмен аяқталатын барлық ұлы тұлғаларыңызды құрбанға шалды. Қандай да болсын бір адамның мақтаны мен мүддесі бүкіл халықтың мәңгілік мұратынан жоғары екен! Арғы-бергі адамзат тарихында, өткен-кеткен халықтар шежіресінде дәл осындай сорақыны кім көріп, кім естіпті? Мұндай сұрақ қоюдың өзі маскара. Ал біздің өркөкірек ағайындар үшін сұрақ емес, ақиқат тұжырым, айнымас қағида болып отыр.

Қайталап айтайық, қазақ халқының рухани өмірінің тарихында, қазақ баспасөзінің жылнамасында қалуға тиіс мұндай ғаламат тұжырым – теріс пиғылдың, жоспарлы саясаттың, таным мен сенімнің нәтижесі емес. Мұншама тереңнен ойластыру үшін де ақыл керек, білім керек. Біз кезінде “дүмше надандық” деп жазып едік. Тарихи танымның, ұлттық сананың кемшіндігі деп бағалағанбыз. Сол сөзіміз әлі де күшінде.

Ұлтсыздық. Дүмше ұлтсыздық. Халқымыздың бүгінін тұман, ертеңін күмән ететін ең үлкен қатер – осы дүмше надандықпен қаруланған ұраншыл ұлтсыздық болса керек. Мен қазаққа жаумын деп андағайлап, атой салып тұрған жоқ, өз тілінде сөйлеп, өз ішінде, және елім деп, жұртым деп күңірене ұрандатып жүреді, аңғалдың сеніміне еніп, оң бетінді теріске бұрады, ұрпақты аздырып, ұлысынды ірітеді, ақыр түбінде бір күлді көмеш үшін, бір сәттік мерей-мақтан үшін еліңмен, жұртыңмен, өткен тарих, ертенгі зәузатыңмен түгел құрбанға шалады. Ең кереметі, осының бәрін әдейі істемейді. Алайда, ақырғы нәтижесі біреу-ақ – жаңағы.

...Біз бір-екі жыл бұрынды, өткенді айттық. Майдалағанымыз емес, Шыңғыс хан төңірегіндегі әңгіме саябырсығаннан бері... ұлтсыздану ұраны да бәсеңдеген тәрізді көрінеді. Бірақ оналып кеткен де ештеңе жоқ. Алайда оңалуға тиіспіз. “Ана тілі” мемлекеттік тіл мәселесіне көбірек көңіл бөліп жүр. “Жас алаш” Алтынбек Сәрсенбаевтың ел, ұлт тағдырына қатысты ойлы толғамдарын жарияға шығарды және бұрынғы, әлденені былш еткізе салатын оқыс мінезінен арыла бастағандай: сірә, терісті оңға бейімдеп жатқан бір әлуетті қол бар. Өзін әлі де жетекші, бағыттаушы деп есептейтін “Егемен Қазақстан” ресми басылым болғандықтан шектеулі шеңберден шыға қоймайды, бірақ соңғы кезде руханият мәселесіне көбірек көңіл бөлетіндей. Біз кейбірін көріп, көбін білмейтін облыстық газеттер негізінен өкімет саясатын насихаттап, өздерінің меншікті әкімін көтермелеуден аса қоймайтын сияқты. Шындығында, шектеулі бір аймақтағы саны ең көп таралым болғандықтан, облыстық ресми және бейресми газеттер ұлттық сананы көтеру тарабында көптеген игіліктерге ұйтқы бола алар еді. Бұл ретте, алыс Атырауда шығатын, бірақ бүкіл республикалық ең қалың әрі ең қызғылықты басылымға айналған “Алтын Орданың” болмысы көңілге біраз жұбаныш әкеледі. “Алтын Орда” өзінің үлкен атына сәйкес, жалпы ұлттық, түбегейлі мәселелерді көтеріп келеді. Тек алыс аймақта жатқандықтан, авторлық құрамының жетімсіздігі оң ниетке бірталай бөгесін болып тұрғаны байқалады. Ұлт мәселесіне қатысты анда-санда бір көтеріліп қоятын “Түркстан” бар. “Ақ жол – Қазақстан” басылымы өзіндік бетін танытады. Жаңа бастаған “Айқын”, “Дала мен қала” газеттерінің де мүмкіндігі мол сияқты. Жарығы үшінші жылға озған “Азат” бар. Ұлттық мүддеге қатысты толғақты мәселелерден тайынбайды. Тек саясат тарабында, баяғы, тым тіке кететін “Дат” пен “Солдаттың” азды-көпті сабағын ескергені жөн. Кез келген ұлттық басылымның негізгі мұраты – дабылдатып барып жабылу емес, қандай жолмен болса да, елдің болашағы үшін мәнді толғамдарды жұрт алдына жеткізу ғой. Айтпақшы, ұлт жазушыларының, ұлт зиялыларының арнайы газеті “Қазақ әдебиеті” бар еді ғой. Бүгінгі “Қазақ әдебиеті” өзінің және Жазушылар одағының басшылығын әркілы, орынды, орынсыз сындардан қорғаштаумен жүр. Бұл да керек шығар. Бірақ ұлт зиялыларының газеті сол ұлттың көкейкесті мәселелерін алға сүйреумен шаршағаны жөн болар еді. Ал тағы да жазушыларға, зиялыларға, бүкіл кітап сүйер қауымға бағышталған, айына бір шағатын “Жұлдыз”... сол,

әдебиет төңірегіндегі, көбіне өнімсіз, шыж-быж дау-дамайдан ұзай алмай жатқан жағдайы бар. Тәуелсіздіктің алғашқы бір жылдарындағы серпінімен, қарымын кеңейтіп, өрісін ұзарта түскені, төңіректегі теріс көзқарас пен тежеуге қарамай, батылырақ қимылдағаны жөн, өйткені, ұлттық мұраттан асыл, ұлттық мүддеден қымбат не бар!

Иә. Айтқанға бәрі де оңай. Шындығында, жер қазғаннан да ауыр азап. Түптеп келгенде, баспасөздегі бар кілтипан – жазарманға келіп тіреледі.

ТАҒЫ ДА ЖАЗАРМАНДАР ЖАЙЫ

Бұл жолғы сөз журналистер туралы емес, жазушылар туралы. Осымен екінші, әлде үшінші мәрте. Қалай айтсаңыз да ұлттық рух мәселесі ең алдымен тірі сөз – көркем әдебиетке тікелей қатысты.

Қазір зиялы қауым ортасында, баспасөз бетінде бүгінгі жазушылар қауымы тым ұсақтап кетті, баяғы Әтекем мен Әшекем жоқ, олардың деңгейінде жазып жатқан және ешкім жоқ, бұрынғылар батыр еді, бағлан еді, қадірлі еді, айбынды еді, ендігіден не қайыр дегендей пікір қалыптасқан. Бұрынғы жазарманның неден қадірлі болғанын мана, сөз басында айттық, өкімет пен партияға керек еді, тамағы тоқ, көйлегі көк еді, сондықтан да айбынды болды, сондықтан да кеудесі көтеріңкі жүрді. Бүгінгі жазарманның ешкімге де керегі жоқ, аш-арық, өлмелі жағдайда күн кешіп жатыр. Өскен, немесе өсіп келе жатқан бала-шағаның уайымы бірінші орынға шыққан, сананы тұрмыс билейтіні рас екен. Бұрынғыны – айтқаныма жүрсін деп молынан жемдейтін, ендігі – айтқаныңа жүрем деп, өзі сұранып, талғажау табады.

Ақиқатына келсек, сан жағынан емес, сапа жөнінен алсаңыз, бүгінгі, тәуелсіздік заманының әдебиеті бұдан он бес, жиырма жыл бұрынғы, катал цензура, рухани қыспақ заманындағы әдебиеттен қай тұрғыдан алғанда да әлдеқайда өрелі. Рас, ұлы шығармалардың дүниеге келу заңдылығы басқа, біз жалпы деңгей, тақырыптық өріс, ұлттық бағдар тұрғысынан айтып отырмыз. Қайткенде де еркіншілік арқасы. Марқұм Бекежан Тілегеновтың отарлық қыспақтағы қазақ халқына қарсы жасалған тікелей геноцид – атомдық полигон зардабын, жұртымыздың ауыр ахуалын бедерлі бейнелеген “Қара жел”, партноменклатура, саяси азғындық, мансап, бедел үшін туған халқының мүддесін құрбанға шалған сатқындық сыпатын аша отырып, советтік дәуірдің соңғы кезеңіндегі қалжыраған Қазақстан шежіресін таңбалаған “Сексен алтыншы жыл” сияқты ғажайып романдары, қазіргі аға буынның белді бір тұлғасы Қабдеш Жұмаділовтің ежелгі ерлік тарихты ұлттық таным тұрғысынан, қысылмай, қымтырылмай, қазақы кейпінде қалыптаған “Дарабоз” дилогиясы, бүгінде ол да ақсақалдар санатындағы Оразбек Сәрсенбаевтың қазақ әдебиетінде “партиялық басшының” күрделі әрі шынайы тұлғасын алғашқылардың бірі болып бейнелеген “Шеңбер” романы, Баққожа Мұқаидың тоталитарлық тәртіп, ұлттық рухани қысым, осы орайдағы трагедиялық тағдыр хикаясын жеріне жеткізе сыпаттаған

“Өмірзая” романы, Тұрысбек Сәукетайдың тәуелсіздік қарсаңындағы катерлі тарихи-саяси ахуалдан, қым-қиғаш оқиғалардан басталып, бүгінгі күнімізге ұласатын тұтас бір кезеңді қамтыған “Айқараңғысы” романы, Темірхан Медетбектің ежелгі ата-баба рухын қайта көтерген, бүгіннен озып, ертеңге бағытталған терең де сырлы толғаулардан тұратын, әуені де, лепесі де соны серпінге толы “Көк түріктер сарыны”... – соңғы, жинақтап келгенде кесімі бір-ақ мүшел уақыт үшін аз олжа емес. Осы аталған, (бәлкім, әлі де біздің назарымыздан тыс қалған) қаншама үздік туындының бәрі емес, біреу, екеуінің өзі кез келген әдеби он жылдық үшін толымды табыс болар еді. Бұдан бұрынғы, аса жемісті саналатын советтік заманға қараңыз. Мүшелге, он жылдықтарға бөлсеңіз, серек шығармаларыңыз да тобымен, дүркінімен туындап жатпағанын көресіз. Ал сапа... көркемдік сапа туралы әңгіме басқа. Әуелгі ақсақалдар мен кейінгі “балаларды” шендестірмей-ақ қояйық. Әдептен озып, арғы жағын қазбайық. Тек сол ұлы Мұхаң, Сәбең мен Ғабен, бұларға тетелес Ғабдол, Ілекең ақсақалдар, беріректегі Тәкен, Бердібек ағаларымыз, тіпті, арыдағы қызыл белсенді Сәкен мен колхоздасу ұраншысы Бейімбет біз жетіп отырған рухани еркіншілік заманында жасаса, қалай жазар еді деп қана армандауға болады. Сөз жоқ, тәуелсіздік кезеңінде қазақ әдебиетінің аспаны биіктеді, өрісі кеңейді. Бірақ соны қуат, тың тыныспен жаңадан қосылып жатқан жас күштердің тапшылығын айтпайық, осы, жоғарыда аталғаны бар, аталмағаны бар, бұрыннан қалыптасқан, ауыр сыннан өтіп, абырой тапқан байырғы қауымның өзі бұдан гөрі өнімдірек әрі маңыздырақ жұмыс жасаса керек еді. Әсіресе, таза қазақы, ұлттық бағдарлама тұрғысында. Көркем шығармаларымен ғана емес, қайраткерлік тұлғасы, өтімді сөзі, ұлттық мұрат жолындағы ұжымды іс-әрекеті арқылы. Жекелеген мысал демесек, тұтастай алғанда олай болмай тұр. Бүгінгі жазарман қауымға жұртымыздың көңілі тола бермейтіні де содан.

Ендеше не болды? Сіздің айтуыңызға қарағанда, бүгінгі тірілеріңіз кешегі ірілерден кем түспесе, жай ғана жақсы емес, бұрын болмаған, озық сыйпатты шығармалар көптеп жазылып жатса... неге кері кетеміз? Қайталайық, кері кеткеміз жоқ, тек бүгінгі кеңшілік, мол мүмкіндікке орай еселеп ілгерілеу, атап айтқанда, ұлттың көкейкесті мәселелерін көтеріп, қоғамдық пікір, қазақы таным, халықтық мұрат төңірегінде мына алмағайып заманыңызға пәрменді ықпал жасау тарабында олқы соғып жатырмыз.

Бұл ықпал сіз аңсап отырған заманда да жоқ болатын. Өкімет пен партия көтереді, халық, оның ішінде жұртының көз-құлағы жазармандар қауымы жаппай қолдап, жамырай жағынып, тамсана бас шұлғиды. Ал енді еске алайықшы. Қай уақытта совет өкіметі мен коммунистік партияның қандай шешіміне наразылық болыпты? Қазақ халқына қарсы жасалған, тұтас жетпіс жылға созылған отарлық қыспак, оның ішінде, басқасын айтпайық, 32-жылғы, жұртымыздың тең жарымынан артығын жалмаған ашаршылық, 50-60-70-жылдардағы “тың көтеру” топаны... – соның қайсысы қаламгерлер тарабынан ашық наразылық тудырыпты?

Рас, ұлты үшін күйгендер, көкейдегі сөзін ірікпегендер болған. Ахаң, Жақаң, Мағжан... 29-жылы солардың бәрінің де басы жойылды, кейінгі айдау, түрме, қуғындағы алты-жеті жылы есеп емес. Бұл кезде пролетарлық қызыл әдебиет жеңіске жетіп, бүкіл жазарман қауым әуретін ашып, жалаңаш күйрығын шапақтаған жәреуке тіршілік басталды. Ел жаппай қырылып жатқан 32-33-жылдардағы баспасөзді қараңыз. “Советстан, Совстан... Экспресс, талма екпінді шабыстан...” Басқа ештеңе де жоқ. Одан соңғы, біршама кеңшілік дәуір. Баяғы сарын. Ең аяғы, Хрущев заманының “Жылымығы” да бізді айналып өтті. Алаш ардақтыларын айтпайық, советтен бұрынғы, ешқандай айдауға, сотқа түспеген мұраларымыздың өзі жеті құлып астында жатты. Жарыққа шығарайық, халқымыздың алдына жеткізейік деген талпыныс болған жоқ. Бұл тарапта төтеден әлдеқалай пікір айтыла қалса, өкімет пен партия тікелей нұқыртпай-ақ, балшабектік идеяға берілген ағаларымыздың өздері, қайтып бас көтерместей жаныштап отыратын. Сәбит Мұқановтың, өзі өкіметпен қоса қудалап, түнекке тықпалаған Алаш қайраткерлері тұрыпты, Абай төңірегіндегі ақындарға қарсы 50-жылдардағы атақты жорығы, 60-70-жылдар түйісінде қазақтың жаңадан шығып жатқан тарихи романдарын тұншықтыру талабы, тіпті, ежелгі балшабектік екпінмен, ұлттық санадағы кейінгі бала-шағамен жауласуы, Ғабит Мүсіреповтің күні кеше, бұлт сейіле бастаған 70-жылдарда ешкім тілінен тартпай-ақ Кенесары қозғалысын күстаналауы, кейінгі көркем шығармаларындағы әсіре советшілдігі, тіпті, Ұлы Мұханның өзінің бар атақ-абыройға жеткен кезде, мақала, сөздері тұрыпты, атақты эпопеясының соңғы кітаптарында қазақ тарихына, қазақ болмысына, дін ислам мен хақ Құранға қатысты әбес қисынға баруы, ең аяғы, ежелгі мұра, әдебиет тарихы қайтадан, жаңаша бағалануға тиіс және жалпы жұрт солай қарай ойысқан заманда, өлеріне екі-ақ айналым қалған 1959 жылы, Ғылым академиясында ұйымдастырылған үш күндік ұлан-асыр конференцияда жасалған, бар шешімнің түйіні болуға тиіс кең көлемді байыптамасында қазақ әдебиетінің Ежелгі Түрік кезеңіне қарсылық өз алдына, басы да, басқасы да аршылып, жарыққа жеткелі тұрған Дулат, Шортанбай, Мұрат, Мәшһүр-Жүсіп, Ғұмар, таға басқа да, XIX-XX ғасырдағы ұлттық классиктерге тосқауыл қоюы, керек десеніз, және бір мақалаларында Мағжанды – көзі тірісінде құдайдай табынып, көлеңкесінен орын алуға тырысқан, енді айдау мен азапты өлімнен соң сүйегінің қайда қалғаны да белгісіз ұлы тұлғаны іліп-шалған, біржола құрдымға сілтеген сөздері... рухани тарихымыздың қасырет тақтасына бар бедерімен таңбаланған. Ешқашан ұмытылмайды. Ұмытуға болмайды. Өз кезегімізде бұл кісілерді де терістеу үшін емес, дәл осындай кептің болашақта қайталанбас сабағы үшін. Әлбетте, қыл үстіндегі, түрме есігіндегі тар заман зардабы. Алдыңғы ағалардың қатал тағдырының елес-қорқынышы. Айыптау ауыр. Бірақ ақтау да қиын. Арғы, бергі үлгілі әдебиет тағылымын айтпағанда, замандас, қатарлас Ғабиден Мұстафин, Ғабдол Слановтар сияқты үндемей, үндесе де тым қатты селтендемей күн кешуге, тым құрса, өз тарабынан айрықша белсенділік танытпай, нақты нұсқау шеңберінде

қалуға да болар еді ғой дейсің. Әрине, бүгінгі басы бос қауымға айтарға оңай. Десе де.

Өткенді еске салып отырғанымыз – айтқанмен жүру, айдауға көну – замана зардабы туғызған, қалыптасқан дерт болатын. Жүре келе әдетке айналған ауру. Шартты рефлекс. Міне, сол кетілген сана, кемшін таныммен тәуелсіздік заманға топ ете түстік. Бажайлап қарасаңыз, бұрынғымен салыстырғанда, бүлінген ештеңе жоқ. Бәрі орнында. Керек десеніз, жазарман қауымның өткендегі ағаларының жорасымен өз халқына, ата мұра, ұлттық дәстүріне қарсы тас атқаны тоқталды. Керісінше, тарих деп, жер деп, тіл деп, ауыл деп, оралман деп үздік-создық дауыс көтеріп жатады. Бұрын батпаған сөз, айтылмаған кеп. Бірақ осының бәрі замана талабы, еркіндік нәтижесі. Сіздің атақты жазарманыңыз толғанып, қиналып тұрып шығарған лепесін кейінгі жас бала – қаламы жүйрік кез келген журналист күнде айтып жүр және сіз сияқты ыңыранбай, өткір айтады, жеткізіп айтады. Яғни сізге бұрынғыдан өресі биік, өрісі кең, басқа бір деңгейдегі басқа сөз керек. Халқыңыздың күткені де сол.

Ол қандай сөз? Бүгінгі барды түгелдей теріске шығару емес. Оңды-солды оппозиция да, қарлыққан айқай, жапырлаған жиналыс та емес. Ұлтқа қажетті ұлағатты сөз. Қандай көрініс, қандай мазмұнда бой көтерсе де, түптеп келгенде, ұлттық мүдде тұрғысындағы толғаныс. Биліктің теріс ісін оңға бұратын, халықтың дағдарған көңілін бір арна – өзінің қасиеті мен күшін танытын бағдарға бейімдейтін. Жазушы – рухани тұлға. Халықтың ең асыл, ең қастерлі ұлттық сыпатының көрнекі айғағы. Қазақ ақыны, қазақ жазушысы бізге мағлұм Бұқар жырау заманынан бастап Махамбет, Абайдан өтіп, Сұлтанмахмұт пен Мағжаннан озып, күні бүгінге дейін ұлттық ұлағат жаршысы, ақылман, ұстаз, жолбасшы болып келді. Алмағайып күрес күндерінде ұлттың тағдырын ақ найзаның ұшымен қатар өтімді сөздің күші шешкен. Сөз – рух, ал рухсыз қуат жоқ.

Біздің ұғымда, бүгінгі қазақ жазушысының ең басты міндеті – халқымыздың өзіне деген сенімін қалпына келтіру. Өткен тарихын қастерлесін. Ұлы тұлғаларына мақтансын. Ұлттық қасиетін танысын. Әлемдегі барлық халықпен терезесі теңдігін, ал өз елінде мерейі артық екенін білсін. Өкімет – өзіне қожайын емес, керісінше, қызыметші болуға керегін аңдасын. Мынау, көрінгенге жем болып, шашылып жатқан мол байлық – ата-бабасы тастап кеткен, ең алдымен өзіне тиесілі мұра екеніне сенсін...

Әрине, халқымыз еңсесін жазып, бойын тіктеуі үшін, адамша тұрмыс кешіп, болашақ ұрпағын өсіруі үшін, ата-бабасы қалдырған мәңгілік байлығының аз да болса қызығын көруі үшін... тағы, тағы, тағы басқа қаншама игілікке жетуі үшін көп нәрсе керек. Біздің сөзіміз – руханият турасында ғана. Өзіңнің адамдығыңды танысаң ғана адам қатарына қосыласың.

Өткендегі орыстың, біздің Абай атамыз жанына жақын тұтып, айрықша жақсы көрген бір данышпан баласы айтқандай, қаламгердің міндеті – сырқаттың себебін айғақтау ғана, – ем-домын белгілеу емес. Ем-дом, және

басқа да күшейткіш шаралар – билік басындағы, саясат төңірегіндегі қайраткер азаматтарымыздың мойнында. Ал біз арқамызға жүктелген азғана міндетімізді атқара алмай жатырмыз.

Ең басты себеп – біз жана заманға ескі санамен ендік. Яғни, жарлық бойынша жұмыс жасау әдеті. Өкімет не айтса да құп көретін құлдық сана. Ұлттық мүддені, жеке бастың қызығы тұрыпты, көк тиынға татымайтын күйкі бірдеңеге айырбастай салу. Топтық, тобырлық инстинкт. Көз көрген көтерем үшін алаштың атпал азаматын қорлыққа қию. Өзінің есегін көршісінің арғымағынан асыруға талап. Қандай да болса бір кісінің мерей-мақтаны жолында өткен тарих, өшкен аруақ атаулының бәрін теріске шығару. Қасиеттіге күйе жағу, қастерліні былғау. Көпе-көрнеу ақиқатқа тоқтамау, ешкімді тыңдамай, өз сөзімен ғана болу. Билікке жағыну, бес тиын үшін бәрін сату. Ең кереметі – құдайдан қорықпайтын, адамнан ұялмайтын бетсіздік. Таратып, нақты мысалдармен айта берсек, тым ұзаққа кетеміз. Онсыз да сөз аяғын ұзартып алдық.

Енді не қалды? Ештеңе қалмай барады. Жөн сөйлеген жалғыздың үнін шығармай, жабыла түсетін, оңды теріске бұруға бейім, ұлтты ұлағатқа бастау орнына біржола аздыруға ұмтылған берекесіз қауымнан не күтуге болады?

Мыңдаған жылдар бойы осы ұлы даланы мекендеген, дәурен сүрген, ұрпақ өсірген, отарлық қыспақтың бар қиынынан өткен, енді еркіндікке жеттік, көсегеміз көгереді деген заманда бұрын-соңды болмаған мүсәпір халге түскен қайран халқымыздың мұңын мұңдап, жоғын жоқтайтын кім бар?

“ОППОЗИЦИЯ”

Саясаттан шалғай мына біздің түсінігіміз бойынша, оппозиция атаулының негізгі мақсаты – болып тұрған өкіметке, орнаған тәртіпке, жүріп жатқан саясатқа жай ғана қарсылық емес. Жоғарғы билік те емес. Ұлттық мұрат, мемлекеттік мүддені жүзеге асыру жолындағы басқаша бір бағдарлама. Қарсылық себебі де, билікке талас та осы, өз тұрғысынан алғанда, ұтымдырақ санаған басқаша бір үрдіске талпынудың көрінісі. Яғни, жұпыны тілге көшірсек, бәрі де ел-жұрттың қамы.

Ал біздің тозған елде оңған оппозиция да жоқ.

Рас, бұлар да “Халық!” – деп дабылдатып жатады. Қай “халық”? Қазақстан халқы екен. Онысы жөн. Біртұтас мемлекетіміздегі барлық жұрт. Бірақ осы “барлық жұрттың” ішінде қазақ ұмыт қалғанын аңдау қиын емес. Жоқ қазақ деген атау. Арнайы айтылмаса да, көптің бірі ретінде қатарда болса керек қой. Қатарда емес, кейінде, сыртта. Оны аз десеніз... “Казахстан” дейтін жағырапиялық аймақты мекендеген орыс тілді қауымның, яғни, ең негізгі, ең алғы, ең қажетті жұрттың бар игілігіне қатер төндіріп отырған – осы қазақ деген пәлекет тәрізді көрінеді. Осы пәлекеттің басқаларды жаныштаған, тықсырған, қысымға алған теріс саясаты. Жалпы жұрттың өзара қатынас құралы ұлы орыс тілін тіршілік

пен тұрмыстың барлық саласынан бірдей ығыстырып бара жатқан, керек десеніз, тыйым салып отырған қораш ана тілі. Біздің озық ойлы оппозиция дәл осылай деп дабылдатып жатқанына біраз болды. Басқа тараптан қарсы жауап жоқ. Тек анда-санда кінәлі кейіпте, кішілікпен ақталып қойғанымыз болмаса.

Мәселен, дейсіз бе? Қалай ақталғанымыз емес, әрине. Оппозицияның қазаққа қарсы бағдарламасы.

Мінекиіңіз. Қатарынан бірнеше мысал. Іште жатқан терең мақсатын білмейміз, сыртқа шыққан сызы ғана.

Жаксы әкеден туған бір елгезек бауырымыз болды. Тәуелсіз елде екінші дәрежедегі зор мансапқа жетіп, сірә, бар жұмысын тынымды атқарып, орден алып, емделуге және ұзақ мерзімді демалысқа кетті. Жолы болсын. Қайтып оралуға мүмкіндік таппай, анда жатып, бұл жақтан оппозициялық негіздегі жаңа партия құрды. РНПК – Қазақстанның республикалық халықтық партиясы. Бәрекелді. Өскелең елдердегі демократияның бір көрінісі екен. Хош. Әрине, мұндағы өкіметімізге ұнамады. Әрқилы пікір айтуға болады. Енді бұл жақтағы жұрты белсенді партияның іс-қимыл, бағыт-бағдарын аңдай бастады. Өкіметіміз қалай бұлдыратса да, қаншама жақтаушы тапты. Жаңа партиямыз елдегі барлық оппозициялық күштердің ұйтқысы ретінде күш алып барады. Сол кезде... Партияның ең белсенді әрі жетекші мүшелерінің бірі, өзі қазақ, өзі мәдениеттанушы, саясаттанушы, тарихшы, ғылым докторы, һәм орыс тілділердің арасында айрықша сыйлы Масанов деген айды аспаннан түсірген ғаламат жаңалық ашты. Бұл қазақтардың тілі жұпыны, кедей, сорлы ғана емес, дамудың ең төменгі сатысындағы жабайы деңгейден де қораш, екі сөздің басын құрап, әдепкі ойды жеткізудің өзіне жарамсыз. Яғни, маймыл тіл. Яғни, сізде әдебиет те, мәдениет те, сезім, түйсік, таным, сана – тіпті, ұлы орыстың үш әріпі – түк те жоқ. Түк жоқ. Ағылшын, ұлы ағылшын тілінің білгір мамандары Абайы тумаған, Әуезові шықпаған, тағы бірденелері тағы жетіспей жатқан, сонау қиыр солтүстіктегі эскимос тіліне таң қалған, сүйсіне, тамсана жазған көрінеді. Мынау құдайдың қарының – кәдімгі көктен жауатын қардың өзінің әртүрлі мағнадағы әлде жиырма, әлде отыз атауы бар екен: қапалақтаған қар, жапалақтаған қар, ұшқындаған қар, орай жауған қар, борай жауған қар, алғашқы қар, соңғы қар, ақша қар, ұлпа қар, қиыршық қар, сірі қар, түйіртпек қар, мұздақ қар, ескі қар, жаңа қар, сырғыма қар, күртік қар, қалың қар, жұқа қар, ери бастаған қар, қата бастаған қар, көше бастаған қар, жауа бастаған қар, жатып қалған қар... Шамасы осы. Тек анықтауышсыз, әрбір ұғым – дербес, жеке сөз. Шынында да таң қаларлық құбылыс емес пе. Біздегі жағдай бұдан жүз есе. Бір ғана “бет” сөзінің, манағы эскимостың “қары” сияқты, әлде жиырма, әлде отыз синонимі бар. Малға қатысты, оның ішінде түйеге байланысты, әлемнің ешбір тілінде жоқ қаншама тамаша атау, талғам. Жеке бір ғана сала емес, бар жағынан алғанда осылай. Ғаламат бай тіл. Мұхтар Әуезов тек “Абай жолы” роман эпопеясында қолданған дара сөздердің ұзын саны – 16 983 (он алты мың тоғыз жүз сексен үш) екен. Қазақстан Ғылым академиясының Тіл білімі

институты есептеп шығарған – қараңыз: “М.Әуезовтің “Абай жолы” романының жиілік сөздігі”, “Ғылым” сапасы, 1979 жыл. Біздің неміс текті қазақ Герольд Бельгер бұл – орыстың ұлы Пушкинінің, ағылшынның ұлы Шекспірінің бүкіл шығармашылық сөз қолданысынан әжептәуір асып жатқанын атап көрсеткен. Мың жарым жылдық жазба әдебиеті бар, әлемде теңдесі жоқ ғаламат бай фольклор туғызған ауқымды тіл. Орыс-орман, неміс-алман, мадияр мен поляк – арғы ғасырдың өзінде-ақ Еуропаның оқымысты, саяхатшы, әдебиетші, лингвист мамандарының өзін таң қалдырған қазақ тілі бай ғана емес, оралымды, ықшам, өткір, әсерлі, әуенді. Қазақ тіліндегі әрбір сөздің нәзік жаны бар. Сырлы сезімі, серпімді қуаты бар. Бұл тілдің тұңғығына, басқамызды былай қойғанда, ұлы Абай да, ұлы Мұхамет да жете алмаған. Соншама құдыретті тіл.

Мейлі, шамалы-ақ екен дейік. Шамалы болса да, жер бетінде жасап отырған пәленбай миллион халықтың, ел болдық, мемлекет құрдық, атаулы ұлтпыз деп отырған халықтың тілі. Сол тілді, тілді емес, халықты осылай басынуға бола ма? Болады екен. Ержүрек оппозиционер Масанов тілін жәукемдеп тастаған соң халқының өзіне ауыз салды. Қазақ деген... алай екен, былай екен, қорытып айтқанда, тілсіз хайуанның өзінің ең төменгі нәсілі екен! Әуелгі, тіл туралы жаңалық теледидардан айтылып, баспасөз бетінде жарияланса, соңғы сөз “Интернетке” түсіпті. Қазақ тілді қауым біраз шулады, “ашу-ыза, наразылық” білдірген болды, басқаға келгенде бапандай әлде өкімет, әлде заң орындары дәл осы тарапта дәрменсіздік танытып, әлгі бір қазақы анекдотта айтылғандай, “арты қызарды, осы да жетер” деп, былықтың аяғын жауып қойды. Ең кереметі, біздің оппозицияға бейім, еркін ойға кемел азаматтарымыздың өзі бұл іске мән бермеді, намыс қайда, қорғаштап бітті. Мәселен, біз өзіміз осы бір қорлық жағдайды ұлы Мұхаметтің өз кіндігінен жаралған, әрі білімді, әрі ақылды, өзі ғалым, әдебиетші, өзі дипломат, саясаткер бауырымызға ежіктеп айтып ұғындыра алмадық. Тағы бірде екінші бір бауырымыз – аталмыш партияның бұл жақтағы басшысы, баяғыда, әдебиеттегі алғашқы қадамына өзіміз бата берген, ақылды әрі парасатты інімізге айттық. Әй, осы сендердің түптеріңе осы Масанов жетеді ғой деп. Ел тынышта құтылсаңдаршы деп. Құтылмады. Немесе құтыла алмады. Сол Масанов сол партияңыздың атын әлі дабылдатып жүр. Әрине, шын сөзінің өзі зая. Мұны аз десеңіз, арқаланып отырған қозғалысынан қалың қазақты алыстатуға ғана қызымет етеді.

Сөйтсек... қазақтың төменшік тіліне демейік, орыстың өктем тіліне көзқарас – басқа тараптан да естіліп қалады екен. Орыс тілі ғана емес, орыс тілділерге қатысты әңгіме. Мұхиттың арғы жағында жатқан бауырымыз біз аңдағанда екі, әлде үш мәрте айтыпты. Қазақстанда орыс тілді қауым қыспақ көріп жатыр деген сарында. Астапыралда! Қыспақ көрсе қазақ көріп жатыр. Өрісі тарылса, қазақ тілі тарылып жатыр. Алыста жүріп, анығын танымаса, Семейде жатқан үлкен ағамыз – өзінің әкесіне телефон соғып сұрап алмай ма. Бұл қайдан шыққан сұмдық. Саясат қой, десті білетін біреулер. Менің ұғымымда мұндай саясат болмайды.

Содан, мұндағы ақын әрі күрескер ініммен кездесіп қалғанда айттым. Партияның басқа да белсенді, басшы азаматтарымен ұшырасқан жерде (жиналыс, кеңес емес, баяғы қазақтың тойы ғой, мұндайда жерлес, туыс ағайындарды көрмей тұра алмайсың) бәрінің бет-жүзіне тағы да айттым. “Ау, ағайын, мен білсем, сендер, ең үлкен басшыларыңнан бастап, қазақты жек көрмейсіңдер. Бірақ мыналарың не. Елден ұят емес пе. Саясат деген – ең алдымен жұртқа жағу ғой. Өтірік болса да, ара-тұра “Уа, қазағым” деп қоймайсыңдар ма! Оппозиция болып жүргенде қазақты тым құрса сөзбен жарылқамасандар, ертең билікке жеткенде сендерден не қайыр? Маған салса, “Аллаңнан ойбайым тыныш” деген, бұл қалыпта, жеме-жемге келгенде мен сендерді жақтамаймын!” Бауырларым әжептәуір қысылып, “Әрине, солай ғой, қазақтан бөтен тілегіміз жоқ”, – десті, бірақ маған өкпелеп қалғандары анық еді. Үйге келген соң бәйбішем ренжіді. “Жігіттердің бәрі құрметтеп, қошаметтеп жатыр, ал сен тұрдың да бетке қағып, реніш айттың...” – деді. “Мен өзімді сыйлаған екен деп, өтірік айта алмаймын, жігіттер алдымен туған халқын сыйласын. Сөзден іс туады!” – дедім. Одан бері де біраз заман. Жігіттер де аман. Аман болсын. Қалай жүрсе де, ұлттық мүддені ұмытпасын.

Бұл екі ортада дүрілдеп жаңа бір оппозициялық партия шықты. Бәсеңсіп, ыдырап тарай жаздап, қайтадан көтерілді. “Демократиялық таңдау”. Мұндағы азаматтардың ешқайсысымен жүздескен, атүсті болса да көріскен, танысқан жағдайым жоқ. Көпшілік қатарлы сыртынан ғана білеміз. Бұрынғы іс, кейінгі мәселелерінен де хабарым аз. Тек Абай атамның Семей-Шыңғыстау өңіріндегі ұлы тойына қаламгерлер қауымының санатында барғанбыз. Жас әкімнің Абайдың топырақ жұртындағы той шараларын ұйымдастыру үрдісі ұнамады. Тойға емес, топалаңға дайындалғандай. Осындай ұлы тойдың өткеніне тәуба айтқанмен, ренжіп қайттық. Ең бір ұятты іс – облыс әкімінің арнайы банкетіне Абай ұрпақтары шақырусыз қалды. Қаншама сағат қара шайсыз сарылып, мейманханадан әрең орын тауыпты. Үлкен мерекеде тәбәрік, сияпат деген болады. Ат пен тон болуы шарт емес, орамал, суыртпақ жіп. Ырым үшін, мақтан үшін. Әлдекімдерге беріп жатыпты-мыс, әлдебіреулер алып жатыпты-мыс. Біз, қаламгерлер қауымы, бұған өкпелегеміз жоқ. Өкпе – басшының райы солай ма, елдің пейілі тарылып, мінезі бұзылып кеткен екен. Сырт аймақ, алыс облыстан арнайы келген ел тұлғасы, ресми ағайындардың мүлде күтусіз, жағдайсыз, далада қалғанын андадық. Талай босағада талай азаматты арпылдап қарсы алғанын көрдік. Жалпы жұртпен бірге бәрін көтердік. Ұлан-асыр той, ұйымдастыру ісіндегі шалағайлық, жетістіре алмай жатқан шығар, қонақ емес, күтуші болудың өзі мерей, ұлттық ұлы мерекені сырттай тамашалап көрудің өзі бақыт десті қалың қазақ. Әйтсе де, көңілде қалған, көтере алмайтын іс – тағы да Абай ұрпақтарына байланысты еді. Жадағай, әридай өлеңшілер – мың жылқылық құны бар иномарка машина мініп, қазанға жақын құлға ұлтарак жауып жатқан тойда Абай атамның тікелей ұрпақтары, оның ішінде еркек кіндікті жалғыз ініміз Айдар – мүлде атаусыз қалды. Бұл – өкіміне мастанған, ғұмыр бойы дүниені дәп осылай шайқап өтем деген

астам пиғылды жас әкімнің білімсіздігі болатын. Бүгін табалағанымыз емес, кезінде бар ренішімізді бүкпей, екі мәрте қайыра жазғанбыз, біз басқарып отырған “Жұлдыз” журналында бүгінгі қазақтан, оның ішінде Абай ауылының төңірегінен шыққан белгілі жазушылардың топтама мақалалары басылған болатын. Керісінше, бір ғана мысал – Жезқазғандағы Сейфуллин тойында, басқасын былай қойғанда, Сәкен мұрасын зерттеген екі ақсақал арнайы машина мінді. Жарылқау емес, құрмет белгісі. Жылдық үнем емес, ғұмырлық мерей. Ал Абай тойында Абайды зерттеумен өткен әдебиетшілер, ұлы Абайдың бүгінгі қаламгер әулеті түнемеге қонатын баспана таба алмай назаланды. Оның есесіне нөкерлетіп, кернейлетіп барған әрбір министрге екіден үй тігіліп, күтімінде қырық-елуден кісі жүрді. Бұдан артық қандай сорақылық болуы мүмкін.

Хош, бүгін мынадай жағдайға ұшырапты, жарамады, екі жаққа да жайсыз мәселе, азамат аман шықсын, басқасын айтпағанда, үй-іші, бала-шаға, ағайын-туысымен жақсылықта табыссын.

Біздің бұл арада айтпағымыз – басты тұлғасының бүгінгі қалыпта қаншалық ықпалы барын білмейміз, дегенмен, жариядағы партия мүлде керісінше бағдарда болмаса керек. Қайткенде де саяси белсенділігі әжептәуір. Бірақ бұл ағайындарымыздың да қазақтың ұлттық мүддесіне оң, игі көзқарасы күмәнді болып шықты.

Партияның жетекші басшыларының бірі, сүйкімді қарындасымыз болды. Парламентте санатор. Мамандығы дәрігер екен. Өзі нәзік, кіп-кішкентай, орысша, қазақшаға бірдей, өткір, батыл. Қарап отырып сүйсінесің, қарап отырып жаның ашиды: есіркеп емес, өстіп, ер-азамат әрең көтерер істе өкімет-зорлықпен жағаласып жүріп, әлдебір нойыс итеріп жібере ме, қағып қала ма, әйтеуір көлденең пәлеге ұшырамағай деп. Баяғы темір құрсанып, қылыш ұстап, қол бастаған Тұмар патшайым, кейінгі жасақ үйірген, садақ тартқан Бопай ханша, сірә, басқашарақ десек те, кешегі Әлия мен Мәншүк осындай-ақ болған шығар деп ойлады талай жұрт. Міне, сол қайтпас қызымыз, қан майдан, алмағайып ұрыс, қатерлі тайталас емес, тыныш, бейбіт күнде, қазақ халқының бедел-намысы таразыға түскен, бар кілтипанды жүрек дірілі ғана шешетін жаймашуақ сәтте... өзінің туған халқына қарсы дауыс беріпті. Туған тілің – туған халқыңның рухани бейнесі емей немене. Тіл жоқ болса, халық та жер бетінен көшері әркімге аян емес пе! Бірақ біздің қарындасымыздың қолы қалтырамаған. Ақиқатын айтсақ, әуелгі таразыда қалыс қалыпты, екінші, шешуші ретте... кеше ғана қарсы болған біраз азамат кері қайырылып, үйірін тауып жатқанда шешімтал қимылмен сызған да салған. Жоқ! Қарсымын! Депутаттық мәртебеден үміткер қазақ ұлтты азаматтың қазақ тілін білуі, қазақ тарихы мен мәдениетін білуі қажет емес! Ал, керек болса! Туған жұртының мейірін қандырады, мерейін көтереді деп сенген қарындасымыз Ақмола, Көкшетауда емес, Бетпақтың шөлінде қалдырды.

Сөйтсек, қайраткер қарындас оза шауып, қырын тартпапты. Осының алдында ғана атаулы партиясының құрылтайы өткен. Жаңа, пәрменді бағдарлама қабылданған. Соның бір тармағы – “Қазақстандағы орыс

тілінің мәртебесін көтеру” екен. Ау, “Қазақстандағы орыс тілі” қай заманда, қашаннан бері төмендеп кетіп еді? Бұдан ары көтергенде не істейсің? Қазақ тілі қайда? Шын мүшкіл осы қазақ тілінің жағдайы емес пе еді? Соны да білмейтін партия болады екен-ау. Қателесесіз. Қазақ тілінің қазіргі ахуалы бүкіл халықтың болмаса да, белгілі бір қауым, топтың “ақыл-ойы, зиын-парасатының ұйтқысы” кез келген партияға, тіпті, көзі соқыр, құлағы саңырау, аяғы, қолы жоқ мылқауға дейін жақсы білетін, талассыз жағдай. Соның бәрін біле тұра қарсы дауыс берсеңіз... – “Тіліңіз кесілсін, тілегіңіз байлансын, осы тұралаған қалпыңнан оңалма, күн озған сайын кері кете бер, өме қап, мүрдем қат!” – деген сөз.

Бүтіндей оппозициялық бағдардағы партияларымыздың қазақ рухына көзқарасы мұндай болғанда, еркін ойлы, қайшы пікірдегі, өкіметке, саясатқа көңілі көншімейтін жекелеген тұлғаларымыз да көбіне-көп осы төңіректен табылып жатады. Яғни, қарсы болмаған күннің өзінде, қазақты елемей – біздегі қалыптасқан жағдай.

Жақында ғана жаңа бір жеке батыр шықты. Әзірше, ешқандай оппозициялық партияда жоқ, бірақ жалғыз өзі тұтас бір жасақтың жүгін арқалап жеткендей. Өмір бойы билік тағында болған азамат, тәуелсіздік туғаннан бергі кезеңде Елбасының үзеңгілес жолдасы, бағытас, бағдарлас, ең сенімді серіктерінің бірі. Ендігі жолы екі айрылған сияқты. Тарихта, әсіресе билік тарабында, саяси өмірде мұндай құбылыстар болып тұрады, бізге таң көрінгенмен, арғы, бергіде талай ұшырасқан, табиғи жағдай. Бұл жігітіміз тым қатты кетті. Жеке басқа қатысты өте ауыр мәселелер көтерді. Ол жағын талдап, талқылайтын нақты айғақ біздің қолымызда жоқ, және міндетімізден де тысқары. Біз саяси қайраткер, төңкерісшіл күрескер емеспіз, бізге қатысты барлық майдан – ала қағаздың бетінде, қаруымыз – қалам. Бұл қалам – ең құдыретті күш деп жатады, еліміздің қазіргі жағдайында тіпті де олай емесін көріп отырмыз, десе де, халқымыздың бүгіні мен келешегіне тікелей қатысты мәселелерге риясыз үн қосу – парыз сияқты көрінеді. Кімге жағады, кімге жақпайды деген тұрғыдан емес. Оппозицияға қатысты сөздеріміз де осындай ниет нәтижесі. Енді жеке батырға қайтып оралсақ, басқа жағымен салыстырғанда, тым елеусіз көрінген бір әуен бізге ұнамады. Жалпы жұртқа мағлұм, біз жоғарыда тағы да амалсыз шетін шығарған Шыңғыс хан туралы әңгімені көтерген және қоздатқан – бүгінгі Елбасымыз көрінеді. Мақсат, сірә, өзін хан деп жариялау. Бұл, енді, ешқандай қисынға келмейтін сөз. Осыған орай, жоғарыда сыздықтап айттық – басқадан бұрын ресми билік орайынан көбірек қарсылық көрдік. Бұл ретте оң пейілдегі біраз басылымға мемлекеттік билеуші мекемелер тарабынан нақты тиым айтылғанын, ал “Алтын Орда” газетіне, құрылтайшы мұнай алпауыттары тұрыпты, “шыңғысханшыларды жақтамаңдар!” деп, “мақала, толғамдарын жарыққа шығармаңдар!” деп, басқа емес, өкіметтік үлкен партия басшысы – бұрынғы премьердің өзі сөйлескенін, оны аз десеңіз, сол кездегі премьердің атынан ғұзырлы көмекші, оған тоқтамасаңыз, президент аппаратынан жауапты қызметкер арнайы жарлық-нұсқау бергенін (қараңыз: “Алтын Орда”, 22.XI.2002),

бұл іске сол кездегі баспасөз министрінің белсене араласқанын ортаға салудың өзі жеткілікті. Шыңғыс ханға қатысты әңгіме, тағы да қайталап айтайық, әдебиетші қауым арасында күтпеген жерден туындады. Ал ұлы қағанға аса жоғары тарихи баға беріп, айрықша көтерген – мына біз едік. Мұхтар Мағауин. Мен совет заманында да ешкімнің нұсқауымен жүргем жоқ. Тәуелсіздік кезеңінде де ешкімнің шашбауын көтермедім. Үнемі өз райыммен, халқымның қасиетін айғақтау бағдарында, қадарынша жұмыс жасап келемін. Шыңғыс хан туралы дауға араласар мұршам жоқ еді, амалсыз кірістім. Бабаларымыздың ежелгі, мың жылдық тарихын, өткендегі кастерлі есімдерді жарым күндік алдамшы атақ жолындағы шалағай жазармандардың мазағы мен қорлығына қиып, қарап отыруға болмайтын еді. Іс мәнісі ұлттық сана, рухани құт-береке, таным мен тағылымда жатқан... Біздің көңілімізге дық түсірген екінші бір түйткіл – дәл бүгінгі күн үшін бұдан гөрі пәрменді болуға мүмкін. Ол – республикамыздағы жат жұрттық ағайындардың эмиграция мәселесі. Тәуелсіздік заманында Қазақстаннан бірнеше миллион орыс тілді жұртшылықтың көшіп кетуі де Елбасының теріс саясатының нәтижесі ретінде айыпқа тағылады. Бұл енді, сыпайылап айтқанда, көңіл қалдыратын лепес. Қазақстанды түбегейлі отарлау барысында Ресейдің патшалық өкіметі империяның ішкі атыраптарынан жүздеген мың славян текті жұртты Қазақстанға әкеліп орнықтырды. Ресейдің советтік өкіметі жаңадан қоныстанушылардың, оның ішінде славян нәсілінің санын миллиондап өсірді. Империяның орталыққа біршама жақын аймақтарында және шекара бойында жүргізілген этникалық тазарту нәтижесінде неміс, поляк, корей, қырымлы, қарашай, малқар, күрд, әзірбайжан, түрік, грек, чешен, ингуш халықтары және әр тараптан айдалған, жер аударылған тағы қаншама жұрт Қазақстанға тоғытылды. Бұлардың ішінде тек қарашай, малқар мен чешен, ингуштардың негізгі бөлігі болмаса, қалған қауым біржола орнықты, жыл озған сайын өсіп-өніп, сырттан тағы келіп, мүлде көбейіп бара жатты. Қазақтың тынысын тарылтқан, тілінен, дінінен, ұлттығынан айырып бара жатқан ең үлкен зардап – тоталитарлық тәртіп қана емес, осы, негізінен орыс тілді, әдеті, ғұрпы бөлек, жүрісі, мінезі өктем, айдалып келгеніне дейін өздерін жергілікті жұрттан артық, шын қожайын санайтын жат жұрттық топан болатын. Алланың жарлығы, тарихтың қалауымен көп ретте фашистік сыпаттағы тоталитарлық жүйе құлады. Қазақстан да басқалардың соңын ала тәуелсіздік туын көтерді. Жаңадан жария болған ұлыстардың кейбірінде этникалық қақтығыстар басталды. Қазақ “Есің барда елің тап” деген. Бұл – жалпы адам баласына ортақ сөз. Шекара ашық, есі барлар аманшылықта жетіп қалайық деп, өздерінің түп топырағына қарай жаппай қоныс аудара бастады. Неміс жұрты алыстағы тарихи отанына, қандастарының, ұлттық өкіметінің ұйымдасқан, арнайы бағдарламасы бойынша дүрк көтерілсе, орыс және басқа ағайындар өз еріктерімен, бірі жырақтан, бірі жақыннан жаңа қоныс тауып, жаппай көшіп жатты. Оларды ешкім қуған жоқ, ешкім ұстап та тұра алмайтын еді. Жібермейін деп, зорлық жасап, қамауға алсаңыз, бәрі бірдей Құсмұрынның түрмесіне

сыймайды, баяғы Қарлаг пен Степлагты қайта ашсаңыз да жүзден бір бөлігін ғана тоқтата аласыз. Өкіметіміз, тіпті, республика президентінің өзі, әлде саясат, әлде шыны, әрқилы ретте “кетпеңіздер, Қазақстан сіздерге жайлы қоныс болды, алда да жаман болмайды, біздегі кез келген орыс – Ресейдегіден, кез келген украин – Украинадағыдан, кез келген белорус – Белоруссиядағыдан артық тұрмыс кешетін жағдай жасаймыз” деп талай рет қиыла сөйлегені есімізде. Енді не қыл дейсіз. Неміс – Германияға, грек – Грекияға, жойыт – Израилға, орыс – Ресейге, және одан да ары кетіп жатты. Соңғы екі ғасыр бойы қазақ үшін қатал болып келген тарихтың өзгеше рақымы екен. Артық салмақтан біршама тазарып, бойымыз жеңілейіп қалды. Қазақ өзінің ата мекен жерінде соңғы жетпіс жылда алғаш рет басым көпшілікке айналды, табиғи өсім, сырттан келген бірлі-жарым туысқан есебінен емес, негізінен жат жұрттықтардың дүрк көтеріліп кетуінен. Сонда қалай, өз еркімен өз жұртына кеткен жаңағы екі миллион орыс, бір миллион неміс, тағы бірер миллионға жуық қырық ру халық әлі күнге төбемізден қара тас болып басып, өз еліміз, өз жерімізде, бүгінгіден де сорлы кейіпте, құл-құтан қалыпта отыра беруіміз керек пе еді?! Ашығын айтсақ, тәуелсіздік заманда Ата-қазаққа келген ең үлкен игілік – осы, табиғи жолмен жүзеге асып, әлі күнге жалғасып жатқан этникалық тазару үрдісі. Иә, жұмыс күші дейсіз, маман дейсіз. Жаппай жұмыссыздық жайлаған Қазақстанда дәл қазір жұмыс күші еселеп артылып жатыр. Кәсіпқой жұмысшыны жаңадан үйретіп, қазақтан дайындаңыз. Басқа саладағы мамандар тағы жеткілікті, жетпесе, өзіңізден оқытыңыз, тым зәруін сырттан алғызыңыз. Ғылым-білім десеңіз, қазір бұл шіркінініз мүлде керек болмай қалды – Ғылым академиясының таратылуы осының айғағы. Кейінгі балаларды шет елдерде оқытқанда бүгінгідей рулық, таптық негізіне – яғни мыйсыз болса да әтекемнің баласы барсын, жаңа номенклатура мен жартыкеш байдың баласы өтсін деген қағида бойынша емес, жас ұрпақтың қабылет-дарынына қарай іріктелсін. Ұлтты жетілдіру, өсіру тарабындағы тағы қаншама шаруа. Қайталап айтайық, біз ел боламыз десек, бұдан әрмен көбеюіміз керек. Қазақтың табиғи өсімін арттыру, сырттағы жұртымызды көптеп келтіру арқылы. Сонымен қатар, бейбіт жолмен этникалық тазару үрдісі де бізді мұратымызға жақындата түспек. Қазір әлемде моноэтникалық бір де бір мемлекет жоқ. Бірақ байырғы жұрты басқаның телімінде отырған тағы ешбір мемлекет жоқ. Қазақстан тыныш болсын, ұлттық диаспоралардың барлығы теңдік құқын сақтасын, бірақ ел иесі – басқа емес, қазақ болуға тиіс. Бұл – біздің табиғи және өмірлік мүддеміз. Қандай да саяси сауданы көтермейтін ақиқат.

Айтпақшы, барлық оппозиция, ерінбеген міншіл неше жылдан бері талғажау етіп келе жатқан тағы бір үлкен кілтипан бар екен. Бұл реттегі барлық кінә – тікелей Республика президентінің атына қарата айтылады. Ел астанасының Алматыдан – Ақмолаға көшірілуі... Осындайда мүлде түңіліп кетесіз. Бұл тарапта біз бар әңгіме басталмай тұрған кезде жазғанбыз – “Жұлдыз”, 1992, № 1; қайыра басылымы – Мұхтар Мағауин, Он үш томдық шығармалар жинағы, 2002 жыл, Оныншы том, 230-232-

беттер; қайталап жатсақ, сөз аяғы созылып кетер. Бар кеңестің түйіні – ел астанасының Орталық Қазақстан, ұлттың уысынан шығып шара жатқан “тың өлкесіне” көшірілуі – ұлыстың болашағы үшін шешуші маңызы бар, ересен оқиға болатын. Бар тетік – Республика президентінің қолында тұрған. Атап айту керек, Нұрсұлтан Назарбаев замана талабы, ұлттық мүддеден туындаған, ешқандай да аялды күтпейтін, қазақ халқының болашағын айқындайтын ұлы істі орайымен бастап, сәтімен аяқтады. Елбасының қайрылмас батылдығы, жігер-қайраты, шешімтал өкімі және тежеусіз билігі арқасында ғана жүзеге асқан ғажайып. Бар игілігі қазірдің өзінде айқын аңдала бастады. Ертеңгі күнге ешқандай талас жоқ. Қайтадан көтерілу, бар атырабы өзіне қараған, дамыған, әлуетті, іргелі ел болуымыздың ең негізгі алғышарттарының бірі – осы Бас Орда, бүгінгі, күннен күнге сәулеттеніп келе жатқан Астана байтақтың ежелгі Қазақ елі, байырғы ата-жұрттың қақ ортасы, қолқа-жүрегінде орналасқан ұтымды жағдайына байланысты. Дәл қазіргі кезеңде туған еліміздің өсіп-өркендеуіне, жеріміздің тұтастығына, ұлтымыздың, жат жұрттық ағайын басым көпшілікке жетіп, сыртқы көршіге бейім, шет аймаққа айналып бара жатқан ежелгі қонысын біржола баурап, болашақ ұрпағымыздың құтты ұйығына айналдыруға, пәрменді ғана емес, шешуші ықпал жасайтын ұлағатты іс, қалай айтсаңыз да, қазақ халқының келешек ғасырларға бағытталған мың жылдық ұлттық мұратына ғана қызмет етпек ұлы оқиға біздің еркін ойлы оппозиция қайраткерлеріне жақпайды екен. Таң қаларлық құбылыс. Мен бұл кісілерді ақыл-парасаттан кенде, ұлттық және халықаралық саясаттан бейхабар дей алмаймын. Ендеше... Тағы да ұлттық сананың кемшін жағдайы. Бұл жерде бір ғана нәрсені түсінсек жетіп жатыр. Патшалар тозады, президенттер ауысады, қоғамдық орта жаңарады, мемлекеттік құрылым өзгереді, ал ел-жұрт, ұлттық мүдде – сол халықпен бірге жасайтын, ешқашан ескірмейтін, мәңгілік категория.

Бізді қатты ойландыруға тиіс тағы бір жағдай. Қазір әлдекім бүгінгі өкіметке қарсы әлдене айтса болды – жалпы жұрт демейік, көпшілік қауым демейік, белгілі бір топ, аз емес, бірталай халайық мақұлдап, қостап, көтермелеп шыға келеді. Бұл арада мәселе – жаңағы батырымыздың бұрын премьер-министр болғаны, әкім болғаны, мәртебелі қызыметкер болғаны, бүгінгі қиындыққа, былық пен шылыққа тікелей қатысты, көп ретте басқалардан артық жауапкер екендігі турасында емес, қандай уәж айтқаны, қандай айып таққаны турасында. Әйтеуір бүгінгі басшыны жамандаса болды, айтқанының бәрі жөн – қазақ халқы, бұл халықтың ғасырлық, ұлттық мүддесі қосақ арасында құрбанға шалынып жатады. Ұлтсыздықтың ең айқын көрінісі; түптеп келгенде, кесірі бүкіл халыққа ғана емес, осы бір лепесті қолдаған кісілердің өз басына, ұрпақ-зәузатына тиетін, баяғы Қожанасыр атамыз сияқты, өзі отырған ағаштың бұтағын өзі кескен парықсыз жағдай. Зиянкестік демейік. Аңғалдық та емес. Ақымақшылық. Саяси күрес те, басқа күрес те бұлай болмайды.

Сонымен, оппозиция жаман екен, мына ағаңызға ұнамайды екен дейсіз. Бекер ойлайсыз. Жаман емес, ұнамады емес. Мен мұхиттың арғы

жағында, еркіндікте жүрген бауырымның да, өз топырағында, шарбақ ішінде отырған бауырымның да бар ісін теріске шығармаймын. Бүгінгі өкіметімізді де істен алғысыз демеймін. Саясаткер болмасақ та, біраз мәселеден хабарымыз бар сияқты. Өз тұрғымыздан айтып жатқан бүкпесіз толғамдар.

Баяғы Столыпиннен қалған деген лепес бар ғой. “Сіздерге ұлы дүрбелең керек, бізге ұлы Россия керек” деген. Көпшілік жұрт дүрбелеңді таңдады, арты немен тынғаны әмбеге аян. Бізге де төңкеріс, бүлік емес, бейбіт үрдіс керек. Осы орайда, жаңадан күш ала бастаған барлық партиялардың, оның ішінде оппозициялық партиялар мен топтардың ақыл-парасаты, өтімді сөзі мен белсенді қимылы керек. Біздің тілек осы мақсаттан туындаған. Осы орайда маған, қазақ елінің қатардағы бір азаматы, әрі ұлттың рухани өміріне тікелей қатысты қаламгер ретінде “Ақ жол” партиясының бүгінгі бағыт-бағдары жақынырақ екенін жасыра алмаймын. Бұл жерде ұлтын сүйетін, парасатты, жігерлі жас саясаткер бауырларым отыр. Бәлкім, менің мұндай ұғым-түсінігім Алтынбек інімді тәуір білгендіктен, Әлихан інімді біршама танығаннан да болар. Басқа бір тараптағы, тіпті, өкіметтік деп есептелетін партиялардың ізгі ниет, оңды іс жағдайынан хабарымның кемдігінен де болар. Әйтсе де.

Мен аз-маз білетін, барып тұратын, тіпті, атаулы ұлттық сыйлығын да алған туысқан Түркияда қаншама саяси партия бар. Теледидарын ашып қалсаң, анда жиын, мұнда халықпен кездесу, бәрінде де әр партия бар партияны, әрине, дәл қазіргі билікші үкіметімен коса, мінеп-сынап, шенеп, кейде күлкі, мазаққа айналдырып, өздерін халық қамын ойлаған, ең озық партия ретінде насихаттап жатады. Әлбетте, бағасы, танымы жағынан бәрі бірдей озық емес, кейбірі көп дауыс, кейбірі аз дауыс жинайды, біреулері жеңіске жеткен, парламентте көпшілік, енді біреулері сол парламентке ілінгеніне риза, барлық биліктен тыс қалғандары да бар. Бірақ Түркиядағы (сірә, дамыған барлық елдердегі) партияларға ортақ бір асыл қасиет бар: қандай да партия болмасын, өзінің халқының мүддесін, ұлттық мұратын бірінші орынға қояды, билікке ұмтылса, осы, туған халқыма басқа емес, мына мен көбірек пайда келтірер едім деп ұмтылады.

Біздегі жағдай, амал не, басқаша болып тұр.

СОҢҒЫ ЕМЕС СӨЗ

Өзінің туған халқының өмірлік мүддесін ең төменгі орынға қойған, өз қандастарын елемейтін, түптеп келгенде, ұлтқа, ұлысқа қарсы нәтижеге жетелейтін, күнделікті тұрмыс-тіршіліктегі, үлкен өмірдегі, ел басқару ісі мен саясаттағы, жалқылық емес, жалпылық сыпат алып отырған ұлтсыздықтың түп-төркіні, себебі неде? Біразының басын шалдық, түбегейлі айтып, санамалап тауыса алмадық.

Әрине, ең басты себеп – отаршылдық зардабы. Ұзақ әрі аяусыз жаныштау нәтижесінде өзіндік санаға жарықшақ түсуі. Әсіресе, 1932-1933 жылдарда бүкіл жұртымызды қамтыған, халқымыздың тең

жарымынан астамын алып кеткен, қалған қауымның кеуіліне кемі жүз жылға жетерлік, ұрпақтан-ұрпаққа өтерлік кембағалдық қорқынышын ұялатқан ерекше жағдай. Ауыр геноцид, іріктелген, үздіксіз репрессия нәтижесінде туындаған генетикалық дағдарыс. Ұлттың өзінің ата-мекен жұртында азшылыққа ұшырауы себепті қорлықта қалуы, езгіге түсуі, әрі үздіксіз кемісіту жағдайында адамдық намысының кемшін қалыпқа көшуі. Ұлттық тарихтың ұмытылуы, ұлттық мәдениеттің көлеңкеде қалып, ұлттық дәстүрлердің көмескі тартуы. Қазаққа тиесілі қасиеттердің бәрі теріске шығарылып, отаршылдық әкелген тәртіп, жүйе, әдет-ғұрыптардың зорлықпен орнатылуы. Күштіге, өктем ұлт пен билікші топқа жағу арқылы ғана күнкөріс жасаудың негізгі қағидаға айналуы. Міне, осының бәрі, тағы қаншама кінәрат – өткен күннің еншісі десек... тәңірі берген тәуелсіздік заманның бар игілігін ұлттық мұрат жолына пайдалана алмаған ең үлкен кінә – мына біздің өзімізге байланысты. Рас, “Балта сабынан озбайды” – деген бар. Отаршылдық ұғым санасына мәңгілікке орнаған аға ұрпақ, тіпті, оған тетелес, кейінгі жасамыс қауым ескі сүрлеуден шыға алмады. Нарық қыспағынан гөрі ұлтсыздық танымның қорғасын салмағы көбірек кесел келтірді. Нәтижесінде, қоғамдық өмір, мемлекеттік саясат тұрыпты, бұқара жұртты айтасыз, зиялы қауымның өзінің санасында жаппай отарсыздану үрдісі мүлде жүзеге аспай қалды. Менің әдебиеттен де, саясаттан да тысқары, бүгінде бала-шағасын әйтіп-бүйтіп асырап, жұрт қатарлы жан бағып жүрген Мағжан деген балам айтып еді, бұдан тура он-он екі жыл бұрын, яғни 90-жылдардың басы, тәуелсіздіктің әуелгі, немесе екінші жылы: “Қазіргі, жасы отыздан асқан жұрттың бәрі бұл дүниеден кетпей, қазақ оңалмайды” деп. Алдыңғы аға, әкелеріне кейінгі жастың берген бағасы. Қазір маған тәуелсіздіктің он жылдығынан соң туған балалар өсіп-жеткен кезде ғана дүние оңалатындай көрінеді. Тым ұзақ күтуге тура келер. Соның өзіне жете алсақ. Осы бетімізде кете берсек, алдағы елу жылдың өзі сағымға айналады.

Біздің ұлтымыз өзінің ұзақ тарихындағы ең қиын кезеңдердің бәрін бастан өткеріп, кең дүниеге жаңа шыққан, саны біршама молыққан, бар мүмкіндігі өз қолында тұрған дәл бүгінгі күні мұндай үмітсіздік болуы – менің өзім үшін де күтпеген, таң қаларлық қасырет. Мен ең ауыр күндердің өзінде, үлкен өмірге аяқ басқан, алғашқы шығармаларымды жаза бастаған, отаршыл зорлық мейлінше қабындап тұрған түнек заманның өзінде туған халқымның болашағына нық сенуші едім. Одан бері қырық жыл. Атам айтқан елу жылға жетпей-ақ ел жаңарды. Бірақ сыртқы кейпі ғана. Бүгінгі қазақтың ішкі әлемі бұдан қырық емес, жетпіс жыл бұрынғы кембағал қалпынан өзгере қоймапты. Өзгерсе, тек теріс бағдарда. Уайымның үлкені де сол.

Аз ба, көп пе уақыт өтер. Тұрмыс жақсарып, тіршілік түзелер. Халқымыздың саны да біршама өсер. Бәлкім, бәлкім емес, анық, таяудағы он-он бес жылдың орайында республикадағы барша жұрттың жетпіс пайызына жетерміз. Тыныштық болса – одан әрі де үздіксіз өсу. Бірақ сол күнде...

...Сол күнде, нақтылап айтсақ, біздің маңдайымызға таңба болып басылған 2030 жыл шамасында, шет елдік жыртқыштар жер астындағы қазына байлығын түгелдей қопарып біткен, жат жұрттық рақымсыз алпауыттар жер үстін біржола иемденіп, катал өкіміне көшірген, не тіршілікке талғажауы жоқ, не тізе бүгіп отырар қонысы жоқ, жаппай құл-құтанға айналған, өзінің ана тілінде сөйлейтін азғана қазақ түгел тізімге алынып, Бетпақ-Далаға, қорлық өлімге жер аударылып, тіл білмесе де, өзін қазақ деп санайтын тағы бір қауым, санаулы азаматтар тегіс түрмеге камалып, сыртқы өңі ғана құбақан, не тілі, не діні, не ділі жоқ жаңа парламент қазақ тілінде сөйлеуге, қазақ атын атауға біржола тыйым салып, тек кәріс пен орыстан, жойыт пен күрдтен, әрмен мен өзбектен ғана құрылған жаңа өкіметіңіз “Казахстан” деген ескірген атауды тарихи тұрғыда көптен қалыптасқан “Сибирия”, немесе “Южная Россия” деген нақты есімге көшіру туралы ұсыныс түсіріп, оны басындағы шашының бір жағы көк, бір жағы жирен, танауына сірге, тіліне темір қыстырған, шот маңдай, кертпеш мұрын, жайын ауыз жаңа президентіңіз мөр басып бекітіп... тұқым-жұрағатымызбен бірге мәңгілік түнекке батамыз ба деп қорқам.

Қазіргі беталыс осы тарапқа нақты бағдарлап тұр. Аты ғана қазақ, біржола ұлтсызданған, өзінің ана тілі, ежелгі салт-дәстүрінен түгелдей жеріген құбақан жұрт жиырма-отыз миллионға жетсе де, сол қалпында жер бетінде қала алмайды. Тілі ұмытылған, діні мен ділі тәрік етілген, ата-бабасының аруағынан айрылған қауым көп ұзамай-ақ өз тұрғысына берік, қуатты, жігерлі басқа бір жұрт тарапынан ығыстырылып, жер бетінен мүлде аласталары, атын, затын өзгертіп, құл-құтан болып жүрсе де, кейінгі қожайынға бөгесін ретінде біржола жойылуға тиістігі күмәнсіз. Арғы-бергі тарихта ешбір сатқын опа тапқан емес. Біздің соңымыздан кетеді және абыройсыз, қорлықта өледі. Бірақ бұл – алданыш емес, өшіп кеткен елді қайта тірілтпейді.

Бұл мәңгілік түнек – екі тарау жолдың төменгісі ғана. Қиындықсыз даңғылы. Құрдымға бастайды. Екінші тармақ жол – азапқа, күреске толы. Теңдікке, бостандыққа бағыттамақ.

Таңдау – өз қолымызда.

Бастан-аяқ күйінішке құрылған ұзақ толғау да сол үшін жазылды. Абай атам ұрпағын ескерткендей, кейінгілер ағамыз айтпай кетіпті деп кінә артпас үшін. Әйтпесе, жаңғыру, серпілу, дүрк көтерілу тұрыпты, жақсылық атаулыдан үмітіміз аз. Қайта шықпас шыңырау түбіне тым тақау тұрмыз.

Алматы,
30.IV - 29.V. 2004.